Көшпенді қазақ халқының бұрынғы тұрмыс-тіршілігі ауыр да соқпақты жолдарға, шытырман оқиғаларға толы болды. Оның бәрі қазақ жерін жаудан қорғап, елін еркіндікке жеткізу, бодандықтан қорғау екені белгілі. Қай ұлтты болсын ес жиып, етек жаба бастағаннан «Мен кіммін? Жеті атам туралы не білемін? Ата-тегім кім болған?» деген сияқты түрлі сұрақтар мазалауы мүмкін. Мың өліп, мың тірілген қазақ жұрты тарихтың талай белестерін басып озып, бүгінде адамзат дамуының үлкен өзегіне айналған үшінші мыңжылдықтың өріне шығып отыр. Жиырма бірінші ғасыр да бірте-бірте зырлап, жыл он екі ай уақыттың уысымен білінбей жылжуда. Осындай ұшқыр уақыт біздің тарихымызды ұмыттырмайды, керісінше өткен бабаларымыздың тарихын зерделеуге, оларды тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Осы орайда қазақ тарихында аты алты Алашқа мәлім Абылай ханның ғұмыр кешкен кезеңдерін бүгінгі тарихтың бетіне шынайы, қалпын бұзбай көшіріп жаза алсақ, оның келешек ұрпақ үшін елжандылық, ұлтжандылық қасиетке баулитын тәлім-тәрбиелік маңызы үлкен деп ойлаймын. Расында да, кешегі тарих көрсетіп отырғандай, қазақ даласында елім деп еміренген, жерім деп төсін тікенек найзаға тосқан небір ұлы батыр тұлғалар болған. Қазақ даласы дейміз, бұл қайдан, қашан пайда болған деген сұрақ тууы заңдылық. Қазақтың сақтар тайпасынан шыққандығын тарихшы ғалымдар дәлелдеуде. «Қаз» түркі тілінде қас, нағыз, дәл деген мағынаны білдіреді екен. «Қас-сақ» сөзінен қазақ ұғымы пайда болған. Біздің тарихымыз сақтар, гүндер заманынан жалғасқан түркілік кезеңге ауысты.

Екінші мыңжылдықтың бастапқы екі ғасырында ұлы қаған Шыңғыс Есугейұлының жиһангерлік жорығымен дала өркениетін славяндық құрсаудан бес ғасыр қорғауға қол жеткізді. Көшпелі тайпалардың асқан жауынгерлігінің, ерлігінің және әскери - саяси мемлекеттіліктің арқасында дала тайпалары алып Еуразия аумағына үш жүз жылдай иелік етті. Шыңғыс ұрпақтары кейін де ұлы қағанның өсиеттерін ұстана алмай, өзара таққа таласудан соң осы ұлы өркениеттің іргесі сөгіліп,

тарам-тарам ыдырап кетсе де, оның жұрнақтары бірнеше ірілі-ұсақты ұлыстарға бөлініп кетті. Сөйткен күннің өзінде де мемлекеттік сипатын сақтап қалды.

Осы әңгіменің өзегі ұлы әке мен ұланның яғни жеткіншек немеренің екеуара сұхбат әңгімесі арқылы өріледі. Құймақұлақ жас өрен көпті көрген көнекөз қарттан өткен күндер, ел билеген хандар, олардың туын көтерген қас батырлар жайлы сұрап білуге құмар болды.

- Ата, алдымен маған хандар шежіресі жайында білгенінді баяндап берші?

- Олай болса, құлағыңды сал, балам. Әуелі мен саған шежіре дегеннің не екенін түсіндіріп көрейін. Шежіре деген әр атаның, одан асса, рудың, әріге кетсек, тайпаның ауызша айтылған тарихы. Қазақ даласының көкірегі алтын сандық қазыналы қарттары, атақты шежірешілері болған. Олар өздері білетін өткен тарихын, ел-жұрт өміріндегі елеулі оқиғаларды, ру, тайпалардың қалай өмір сүргенін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп айтып отырған. Ауызекі болсын, жазбаша болсын бабалардан келе жатқан асыл қазына бірден-бірге жетіп келе жатқаны қазақ баласының шежіреге аса мән беретінін, оның атадан қалған мирасы деп бағалай білетінін байқаймыз. Біздің ұлтымызда «Тура сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген данышпандық сөз бар. Майқы деген бабамыз қазақтың атақты жыршы, данышпан биі болған. Ол Шыңғыс хан заманында өмір сүрген. Ол Шыңғыс ханның ақылман он екі биінің бірі болған екен. Атақты ұлы қаған аса маңызды бір шешім қабылдаудың алдында осы билерімен ақылдасып отырған.

Ал, Шыңғыс қаған тарихына келсек, ол Есугей батырдың баласы. Есугей -монғолдың Қият-Боржығын тайпасынан тарайтын көсемі. Шыңғыс ханның шешесі Өлең, Қоңырат тайпасының қызы. Есугей баһадур Шыңғыстың жас күнінде қайтыс болады. Ол кезде Шыңғыс тоғыз жаста екен. Есугей батырға өштескен татар тайпасының адамдары оның әкесін 1171 жылы қапылыста асына у салып беріп өлтіреді. Шыңғыстың азан шақырып қойған аты Темужин екен. Сол заманда далалықтарда жекпе-жек күресте өлтірген батырдың яки жауының атын баласына беретін салт болған. Демек, Есугей де өзі жекпе-жекте өлтірген жауының атын баласына берген. Темужин анасынан шыр етіп туғанда кіндігін кескен әйел

нәрестенің жұмылған жұдырығын ашып көрсе, алақанында ұйысқан қан бар екен. Сәуегей қариялар «бұл жер-жаһанды жаулап алатын ұлы батыр патша болады» - деп, жорамалдаған екен. Сол айтқандары кейін айна-қатесіз келген. Есугей батырдың бірнеше әйелі болған. Соның ішінде ол Керейдің Меркіт руының батыры Чиледуденнің қызы Өленді қалыңдық болып күйменің ішінде кетіп бара жатқан кезінде тартып алған.

Шыңғыстан басқа бір анадан туған інілері Хасар, Хачигин және Белгітай атты інілері де бар. Темужин бозбала күнінде Онон өзенінен аулап алған балыққа таласты сылтау қылып, Бектермен керіс, жанжал жасайды да, осы жауластық үстінде Хасар екеуі Бектерді өлтіріп тастайды. Сөйтіп жас Темужиннің жауыздығы туған бауырының қанын мойнына жүктеуден басталады. Жоғарыда айтқанымдай, бұлар әкесінен өте жас жетім қалады. Отбасының бар ауыртпалығы жас Темужиннің иығына түседі. Оған «Шыңғыс» деген ат кейін жарты әлемді жаулап алған соң берілген. Бұл «күннен жаратылған адам» деген ұғымды білдіреді екен.

Темужин өте ақылды, парасатты, төзімді, айлакер, көреген қолбасшы болып ер жетеді. Аз уақыттың ішінде әкесі өлгеннен кейін ыдырап кеткен ұлысын қайта біріктіріп, басын қосып, үлкен жасаққа әмірін жүргізеді. Даланың таулы-тасты өлкесінде үлкен иеліктерді бағындырып, әуелі өзінің жан аяспас досы болған, кейін ең мейірімсіз жауына айналған Жамұқанның көзін жояды. Сөйтіп, өзіне өлгенше жанашыр дос болған Жебе, Бауыршы, Сүбітай батырларды қосып алады. Бұлар Шыңғыс ханның бас қолбасшылары болып, оның жеңімпаз жасақтарын Азияның, Еуропаның далаларында қол бастап жүрген. Оған қоса Шыңғыс ханның өз ұлдары Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле де тамаша қолбасшылар болған.

- Ата, қазақ хандарының арғы тегі осы Шыңғыс қаған деген не сөз?

- Дұрыс айтасың, балам, біздің қазақтың хандарының бәрінің арғы тегі - Шыңғыс хан. Қазақта бұларды «Төре тұқымы» дейді. Жалпы, біздің халқымызда мынадай төрт бөлініс бар: біріншісі - әлгі төрелер. Олар қара халықпен жанаспайды, қыз алысып, қыз беріспейді. Екіншісі - қожалар. Олардың арғы тегі-арабтар. Үшіншісі - қазақтың үш жүзінің Ақарыс. Бекарыс, Жанарыстан тарайтын рулары. Ал, төртіншісі

- руға жатпайтын тексіз құлдар. Оларды төлеңгіттер дейді. Төлеңгіттер төре тұқымдарына қызмет етеді, малын бағады, жайлауын жайлап, хан-ордаларын күзетеді, солар үшін жанын беруге де бейіл. Бір сөзбен айтқанда, өтеуі де, сұрауы да жоқ адамдар болған. Біз қазақ руларының ішінде Орта жүзге, оның ішінде Арғын тайпасына жатамыз. Біздің Атығай руы осы арғын тайпасынан тарайды. Қазақта:

*Аспандай арғын
Жұлдыздай Қытшақ,
Қойдай Керей,
Қозыдай Уақ,*

- деген сөз бар. Бұлар Орта жүздің алты руының төртеуі. Қалған екеуі - Найман мен Қоңырат. Осы өлеңнен Орта жүздің ішіндегі Арғынның ең үлкені екенін білуге болады.

Шыңғыс хан жасақтарын күшейтіп, далалық жерлерді өзіне қаратып алғанда өзінің жаулап алған жерлерінің барлығын жоғарыда аты аталған ұлдарына бөліп берген. Ол 1162 жылы туып, 1227 жылы алпыс бес жасқа қараған шағында өмірден озады. Шыңғыс қаған дүниеден озар алдында ұлдарына өзінің құрып берген алып мемлекетінің іргесін шайқалтпауды қатты тапсырады. Балалары талас тудырмауы үшін үлкен монғол мемлекетінің бас қағаны етіп ортаншы ұлы Үгедейді тағайындайды да, қалғандарын оның сөзіне құлақ асатындай, айтқанына көнетіндей етіп уәделерін алады.

Алайда, ұлы қаған қайтыс болғаннан кейін осы ұлдарының, одан соң ұрпақтарының арасында таққа талас туады. Сөйтіп Шыңғыс құрған астана-Қарақорымның қадірі кете бастайды. Бұл теке-тірестен кейін Алтын орда мемлекетінің күйреп, бірнеше ұсақ ұлыстарға бөлініп кетуіне әкеліп соғады. Содан кейін тарихшылар «Дешті қыпшақ» деп атап кеткен ұлы қазақ даласы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының иелігіне тиеді. Осы арада бір айта кететіні Шыңғыс хан дүниеден өтер алдында төрт ұлын шақырып алып, мәслихат құрады да, өзінің орнына ұлы патшалығының басшысы етіп қайсысын тағайындауды ұлдарының өздерінің таңдауларына салады. Далалықтардың салты бойынша ұлы хан баланың үлкені болуға тиіс еді. Бірақ мұнда бір шикі құпия болады. Жол Жошыға тиюі керек еді. Бірақ жорықтардың бірінде 1186 жылы Шыңғыс хан меркіттермен соғысқанда меркіттер оның әйелі Өлеңді тұтқынға түсіреді. Өлеңді тұтқыннан

босатып алған кезде оның аяғы ауыр екен. Осыдан бастап Шыңғыстың көңіліне күдік кіріп, «Жошы менің балам емес шығар, оның әкесі керейлер болуы мүмкін» деген ой өмір бойы көңіліне күдік болып қалады. Оған берілген «Жошы» есімінің өзі жолшы яғни жолда туған деген ұғымды білдіреді. Осылайша әке тағына мұрагер тағайындауда Жошыдан кейінгі інісі Шағатай осыны Жошының бетіне басып, бұл екеуінің және ұрпақтарының арасындағы бітіспес дауға, өшпенділікке себеп болады. Әкесінің көзінше осындай жанжал болған кезде Шыңғыс хан дауды тыйып тастап, ерегіскен соң ұлы хандықты Шағатайға да бермей, үшінші ұлы Үгедейді бас хан етеді де, кенжесі Төленің қашанда Үгедейге қолдаушы болуы жөнінде уәдесін алады. Төле әкесіне берген уәдесін өмірінің соңына дейін орындап өткен. Шыңғыс хан көңілі қалса да, Жошы мен Шағатайды мұрадан құралақан қалдырмау үшін дала тайпаларын -Жошыға мемлекет астанасы Қарақорымнан батысқа қарай қазіргі Атырау теңізінен әріге дейінгі, ал Шағатайға бүгінгі Ирак, Иран, Үндістанға дейінгі таулы-тасты өлкені бөліп берген. Сөйтіп Жошының иелігіндегі алып аумақ «Дешті қыпшақ даласы» немесе «Жошы ұлысы» деп аталған.

Міне, осы Жошы хан - қазақ хандарының арғы атасы, тегі Жошы. 1187 жылы туып, 1227 жылы қайтыс болған. Жошының он үш ұлы болыпты. Тарихшылардың дәлелдеуінше, үлкен ұлы - Орда Ежен. Кейбір тарихшылар оны Тоқа Темірдің әкесі деп жүр. Бұл қате пікір, Тоқа Темір Орда Еженнің ұлы емес, інісі. Жошының өзге ұлдары орыс жылнамаларында Батый, қазақтар Сайын хан деп атайтын Бату, одан әрі Берке, Шибан. Орда Ежен - Шыңғыс ханның немересі болса, кейін бүкіл Еуропаны жаулап алған Бату хан де немересі. Орда Еженнен - Құйынша, одан - Ерзен, Ерзеннен - Шымтай хан, Шымтайдан Орыс хан туады. Орыс ханнан туған Барақ хан - атақты Әз Жәнібек ханның әкесі. «Әз» деген ұлы, кемеңгер мағынасында қолданылатын сөз. Қазақта бұл атақ осы Жәнібек пен Тәуке ханға ғана берілген екен. Әз Жәнібек Керей ханмен бірге қазақ ұлысын құрған көсем, ақылман саясаткер, көреген ел билеуші болған. Ол - атақты Абылай ханның арғы атасы. Абылай оның бесінші ұрпағы.

Әз Жәнібек ханнан - Жәдік Сұлтан, Жәдіктен - Шығай Сұлтан, Шығайдан қазақ «Еңсегей бойлы ер Есім» деп атаған Есім

хан (1598 жылдан 1643 жылға дейін хандық құрған) тарайды. Одан атақты қолбасшы Салқам Жәңгір туады. Жәңгірдің (1643 жылдан 1680 жылға дейін хандық құрған) «Салқам» атануы - оның жомарттығынан, жауына қатал, досына кең жайлаудай дарқандығынан. Осы Салқам Жәңгір қазіргі Алматы облысының Жаркент жеріндегі Орбұлақ атты қоныста 1643 жылы қалмақтың Батыр атты қонтайшысы бастаған 50 мың адамдық қолын ор қазу әдісін тұңғыш рет қолданып, бар болғаны 600 адамы бар жасақпен тар шатқалдан өткізбей қойған. Кейін оған қазақтың алаш руынан шыққан Жалаңтөс батыры жиырма мың әскермен көмекке келіп, қалмақтарды тас-талқан етіп қиратқан екен.

Салқам Жәңгірден Тәуке мен Уәлибақы туады. Жәңгір қайтыс болған соң билікке билер одағы Уәлибақыдан гөрі Тәукені лайық көріп, оны таққа отырғызады. Бұған өкпелеген Уәлибақы Үргеніштегі нағашысы Қайып ханға көшіп кетіп, сонда қоныстап қалады.

Уәлибақыдан Абылай атты ұл туады. Бұл Абылай туғанда азан шақырып қойған аты Әбілмәнсүр атанған, кейін Абылай болған әйгілі ханымыздың атасы. Әлгі Абылай өштескен жауларының бәрін өлтіре берген соң, халық оны «Қанішер Абылай» деп атап кеткен екен. Осы Қанішер Абылайдан Үргеніште Әбілмәнсүрдің әкесі Көркем Уәлі туады. Алайда сол кездегі таққа талас, жаугершілік хан тұқымдарының өміріне үнемі қауіп төндіріп тұрған. Тыныштық бұзылған заманда төре тұқымдары бірінің басын бірі алып, түп-тұқиянымен құртып жіберіп отырған. Осындай қастандыққа бір күні Көркем Уәлі де ұшырап, бір тұтқиылдан жасаған шабуылдың үстінде қарсы жауы оның басын кесіп алған. Сөйтіп, он жасар Әбілмәнсүр 1721 жылы әкесінен айрылып, жетім қалады. Оны жауларының өлім жазасынан кейін әкесінің берілген төлеңгіті Ораз аман сақтап қалады. Ораз Көркем Уәліні жаулар өлтірген кезде Әбілмәнсүрді де өлтіріп қоймасын деп, оны жасырып тастайды.

Әуелі Оразды «әкем» деп жүрген Әбілмәнсүр төлеңгіттің (құлдың) құлағы кесік екенін білгендіктен, өзін сырт көзден аман сақтау үшін оны ебін тауып өлтіреді де, Ұлы жүз Дулаттың Жаныс руының биі Төле бидің ауылына келіп, өзін «Сабалақпын» деп таныстырады. Бұл жайында халқымыздың данагөй жырауы Бұқардың мынадай өлеңі бар:

*Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет патшаға
Қызметші боп жүр едің.
Сен қай жерде жүріп жетілдің?
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің!
Сен жиырма беске келген соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақсұңқар боп түледің.
Дәулет құсы қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа,
Бақ үйінде түнедің
Алыстан тоят тіледің,*

- деп әуелі оның жетімдігін, кейін дәурені өсіп, басына бақ қонып, ел билеушісі болғанын шынайы суреттеп береді. Осы тарихи өлең Абылай ғұмырын танудағы мол мағлұмат болып табылады.

- Ал, Абылайдың ел билеп, хан атануына әлі де ұзақ уақыт бар шығар?

- Әрине, солай. Бұл уақыт қазақ пен қалмақ арасының аса шиеленісіп тұрған кезі еді. Егер Есім ханның ұлы Салқам Жәңгірдің тұсында қалмақтың қонтайшысы, демек ұлы ханы Батыр болса, қазақты жаңағы Бұқар жыраудың жырында айтылған Әбілмәмбет хан басқарған уақытта жоңғардың билеушілері Батырдың немересі Сыбан Рабтан мен оның әйгілі қолбасшысы Қалдан Серен еді.

Тәуке хан (1680 жылдан 1717 жылға дейін хандық құрған) қайтыс болған соң берекесі кетіп, ел арасында бүлік кірген, төрелер мен сұлтандар таққа таласқан бірліксіз елге 1723 жылы қазақтың тарихында «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген зарлы да қаһарлы атау алған сұмдық заман туады. Хандық талас жүріп жатқан осы ымырасыз, бірліксіз сәтті шебер пайдаланған Қалдан Серен бейқам отырған қазақ ұлыстарына тұтқиылдан басып кіріп, құл-талқанын шығарады. Ерлерін құлдыққа, әйелдерін күндікке душар етеді. Шырағым, әйгілі Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны осы уақытта ел-жұртын біріктіру мақсатында жазылды. Онда

ғұлама жырау елдікті сақтау жолында ұлт басында отырған хандарды бірігуге, ел қорғау мақсатында Алаштың көк туының астына тоғысуға шақырады. Нақ осы кездерде хандардан бірлік, елден ынтымақ кеткенін көріп әбден көңілдері қалған үш жүздің ұлы билері Төле, Қазыбек, Әйтеке Ордабасыда кездесіп, ел қорғау жолында жорық бастауды ұйғарады. Қазақта ескіден айтылған «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз осыдан қалған. Қазақ даласының осы үш данышпаны қатты күйзеліске ұшыраған еліне әбден жаны ашығандықтан батырларды өздері бастап шықпақшы болады. Абайдың ағасы Құдайберді Құнанбайұлының баласы Шәкәрімнің мына өлең шумағында ел басындағы қиын жағдай суреттелген.

*Сол соғыс - хан Абылай келген кезі,
Қалмақтың сыбағасын берген кезі.
Керек болса оқыңдар шежіремнен,
Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.*

- Осы бір шумақ өлеңде айтылғандай, Абылай соғысқа кіргенше, қазақ неліктен қалмаққа есе жіберіп алған?

- Оның мәнісі мынада, балам!

Сол кездері қазақтың үш жүзін үш хан билеп тұрған екен. Атап айтсам, ұлы жүздің ханы-Әбілмәмбет, орта жүздің ханы-Сәмеке болса, кіші жүзді Әбілқайыр басқарған. Бір елде тұтастық, ынтымақ болмаған. Үш хан бір-біріне иелік бергісі келмей қасарысып отырған. Қалмақтың қонтайшысы Қалдан Серен осыны жақсы пайдаланып, қазақ жерін басып алған. Ал, жаңағы айтқан үш би хандардан бірлікті талап еткен. Елдің басында бәрінен де жоғары билеуші хан болсын деген тоқтамға келген. Міне, осы уақытта тарихтың өзі жас Абылайды елдің бағына майдан даласында ерлік көрсетуге алып шығады.

- Абылай ханның алғашқы соғысқа қатысқан кезі осы емес пе?

- Бұл жайында бірден кесіп айту қиын. Себебі, тарихшылар бұл жөнінде бір тоқтамға келе қойған жоқ. Қазақ қолының 1729 жылы Аңырақай деген жерде қалмақ әскерлерін талқандағаны тарихтан белгілі. Бұл кезде Абылай бар болғаны он сегіз жаста болған. Менің ойымша, Абылай бұл соғысқа қатыспаған болуы керек. Ауызекі деректер бойынша ол қалмақтың бас батыры Шарыштың басын кесетін жекпе-жек соғыстан кейін болса керек. Осы орайда Бұқар жыраудың

жоғарыда айтқан мына жыр шумағын тағы да есіңе сала кетейін.

*Сен жиырма беске келген соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар болып түледің,*

- деген жыр жолы бар ғой.

Демек, ол кезде Абылайдың аты Сабалақ, алғашқы жекпе-жекке 1735 жылы шықты деп жүрген зерттеушілердің дәйектері дұрыс сияқты. Бұл соғыс Балқаш көлінің бір саласы Итішпес көлінің маңында өткен екен. Себебі, 1729 жылы қалмақ қолы қазақ әскерлерінен қатты соққы алса да, түпкілікті қырылып қалған жоқ деуге негіз бар. Олар арада біршама үзіліспен оқтын-оқтын шабуыл жасап отырды. Міне, осындай майдандардың бірінде Сабалақ қалмақтың бас батыры Шарыштың басын кескен. Ал, 1729 жылғы соғыста қалмақтың бас батыры Шона-Доба Қанжығалы Бөгенбай батырмен жекпе-жекте қаза болған.

Абылайдың қазақ-қалмақ соғысына қатысуының тарихы да өз алдына үлкен әңгімеге арқау болуға жарар еді. Жоғарыда айтып өткенімдей, Абылай Оразды өлтіріп, өзінің тегін жасырған бала қалпында Төле бидің ауылына келеді де, әуелі оның қозысын, одан кейін қойын бағады. Іскер, батыл және айбынды жігітті байқаған би енді Сабалақты жылқы бағуға қояды. Бұл шамамен 1723-1724 жылдардың тұсы болса керек. Осы кезде атақты Ордабасы (бүкіл үш жүз әскерлерінің қолбасшысы, бүгінгі жағдаймен айтқанда Қорғаныс министрі) Қанжығалы Бөгенбай батыр ақылдасу үшін Төле биге келеді. Осы сапарда алдымен ол Төле бидің жылқылары бағылып жатқан жайлауын басып өтеді де, жылқышылармен әңгімелесіп қалады. Сонда аяқ-қолын төрт жағына жіберіп ұйықтап жатқан алып денелі, сымбатты жас жігітті көзі шалады. Есімін сұрастырса, серіктері оятпастан «Ол Сабалақ деген бір байғұс. Әкесінен он жасында жетім қалып, енді би атаның жалшысы болып жүр» дейді. Көзі шалымды, көкірегі ояу Қанжығалы Бөгенбай батыр әлгінің жатысына қайран қалып, оның тегін еместігін байқайды.

Биге келгенде көрген оқиғаны айтпайды. Алайда Сабалақ алғашқы қазақ-қалмақ соғысында Төле биден «Мен де, майданға барайыншы» - деп сұранғанда, би оған «Сенің майдан

не теңің, жылқыңды бағып жүре бермейсің бе, байғұс-ау» -деп, рұқсат бермеген екен.

Көрген жағдайды Бөгенбай батыр көпке дейін есінен шығармай жүреді. Бір күні Төле бидің ауылына қайта келіп, бидің қарсылығына қарамастан, Сабалақты ертіп әкетеді. Төле би жылқысын адал баққан, іскер жігіттен айырылғысы келмесе де, Бөгенбай батырға қарсы тұра алмай, Сабалақты қосып жіберіпті. Бөгенбай батыр осы сапарында Сабалаққа өзінің жауға мінетін қызыл атын сыйлап, ақ батасын берген екен. Мұны ақын Зейнолла Әкімжанов «Бөгенбай батырдың қызыл аты» деген тарихи дастанында жазды.

Бөгенбай батырдың қолдауымен алғашқы жекпе-жекке шыққан Сабалақ Шарышпен соғысқанда «Абылайлап!» ұрандайды. Бақсақ, ол өзінің «Қанішер Абылай» бабасының аруағына сыйынған екен ғой. Мұны кейін барып айтады.

Итішпес түбіндегі майданда қазақ жасақтары қалмақтарға тағы да күйрете соққы жасайды да, жеңіске көңілі көтерілген Әбілмәмбет хан (1730 жылдан 1771 жылға дейін хандық құрған) Сабалақты алдырады.

- Шырағым, атың кім еді? - дейді Әбілмәмбет хан.

- Шын атым Әбілмәнсүр. Көркем Уәлінің ұлымын. Оның әкесі ел «Қанішер» атап кеткен Абылай. Ол Уәлібақыдан туады, -дегенде арғы жағын өзі де білетін Әбілмәмбет Әбілмәнсүрмен көрісіп, «ой-бауырымдап» көзіне жас алған екен. Содан бастап ол Әбілмәнсүрді жанынан тастамай, оған «Сұлтан» атағын беріпті.

Тарихи деректер бойынша, Абылай Әбілмәмбет дүниеден өткенше хандыққа таласпаған. Алайда ол сұлтан болып жүрсе де, үш жүздің билігін қолына алып жүрген. Қартайған Әбілмәмбет оған зор сенім артқан және билік тұтқасын өз қолымен Абылайға берген. Бірақ Абылай «қолыма билік тиді» деп, Әбілмәмбетті тақтан түсірмеген.

Абылайдың хан ретінде таққа отыруы 1771 жылдың шамасында. Алайда ол осы жылға дейін, сұлтан болған уақытында үлкен саясаткерлік әдістерімен танылғанын орыс империясының мұрағаттарындағы деректер толық айғақтайды.

Мысалы, Абылай ханның өмірі мен қызметіне қатысты «Абылай хан» (Астана баспасы.2005 жыл) зерттеу еңбегін құрастырған Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы Зарқын Тайшыбайдың аталған кітабында

бұған дәйекті айғақтар жетерлік. Айталық, 1745 жылдың 16-шы сәуірінде Орынбордың генерал губернаторы И.Неплюев Абылайға жазған хатында былай дейді: «Сібір жағында әртүрлі жағдайлармен ұсталып қалған сіздің адамдарыңыз бен жылқыларыңызды қайтару туралы сіздің талабыңызды қабыл алып, іздеу салдым. Сіз жіберген кісілерге сол адамдарыңыз бен жүз жылқыңызды беріп қайтардым, қалғанын Сібір губернаторы әлі де іздестіріп жатыр. Сіздің көшіп жүрген халқыңыз біздің жаққа еш алаңдамасын. Абыройыңыз арта берсін, менің сізге деген шынайы ниетімді қабыл алыңыз».

Келесі бір құжатта (1745 жылғы 23 желтоқсан) Абылай Тобыл губернаторы Алексей Сухаревке жазған хатында Үйсін патшасының Ресеймен қарым-қатынас орнатуға бейілі барын айтады. Демек, орыс империясының әкімдері Абылайды үш жүздің емес, тек Орта жүздің ханы деп танығысы келсе де, Абылай өзінің бүкіл қазақ халқының билеушісі және жанашыры екенін осылайша білдіреді.

Орыс империясының арамза әкімдері Абылайдың әмсе қазақ даласының басын біріктіруіне жол бермеу үшін оған қарсы төре тұқымының адамдарын да хандыққа ұсынады. Сонда олар Абылаймен өштесіп, билікке таласып кетеді де, елдің басы бірікпейді деп дәмеленген. Барақ сұлтан Кіші жүздің ханы Әбілқайырды орысқа бағынып кеткені үшін өлтіріп тастағанда Әбілқайырдың орнына Абылайға қарсы қою мақсатында Әбілқайырдың ұлы Нұралыны хандыққа ұсынады. Бұл туралы Ресей императоры 1749 жылғы 2 наурызда Жарлық шығарса да, батыл әрі күшті саясаткер Абылай сұлтан бұған жол бермейді.

- Енді, балам, саған Абылайдың Қалдан Серенге тұтқын болған тарихын да айтып берейін.

Бұл туралы орыс империясының мұрағаттарында біраз деректер қамтылған. Солардың басын құрастыра келгенде мынаны дәйектеуге болады: 1742 жылдың қысында Абылай сұлтан бастаған бірнеше әйгілі батырлар бар үлкен топ далада аң аулап жүріп абайсызда қалмақтардың қолына түсіп қалады. Ал, анығында қазақтар абайсызда тұтқынға түскенімен, қалмақтар бұған құпия дайындалған еді. Қалмақтың Сары Мажын атты батыры мың қаралы қолмен Абылайдың жолын

торып жүреді. Сары Мажын Абылайды қолға түсіру жөнінде Қалдан Сереннен арнайы бұйрық алады.

Орыс империясының мұрағат деректерінде Абылайды Қалдан Сереннің тұтқынынан босату үшін Елизавета патшайым пензальқ майор Миллерді жоңғарларға елшілікке жұмсады деген ақпарат жиі айтылады. Осы уақытқа дейін әлгі аталған майор Миллер орыс патшалығының атынан Қалдан Серенге келіп, Абылайдың басына бостандық әперді делінген еді. Бірақ қазақтың әйгілі қаламгері әрі тарихшы-зерттеушісі Мұхтар Мағауин ақиқат олай еместігін, мұның шындыққа жанаспайтындығын дәлелдеп отыр. Оның анықтауынша Қалдан Серен майор Миллер бастап келген орыс елшілігін қабылдамай, кері қайтарып жіберген.

Абылай жоңғар тұтқынынан өзінің айлакер саясаткерлігімен босанып шыққан. Ол Қалдан Серенге бір шақыртып сөйлескенде мынадай үш өтініші барын айтқан. Біріншісі өзінің Көркем Уәліден туған соңғы тұяқ екенін. Мұның мәнісі Қалдан Серен де өзінің әкесі Сыбан Рабтаннан қалған соңғы тұяқ екенін жақсы білетіндіктен айтқан болса керек. Ал екінші уәжі - қазақты отырықшылық тұрмысқа көшіру болса, үшіншісі жаугершілікті қойып, елді бейбіт тұрмысқа бейімдеу арманының орындалмайтынына өкініп кететінін айтыпты.

Қалдан Серен Абылайды мұқият тындап, осы үш уәжіне толық түсіністік білдіреді. Оның үстіне Абылайға өшіккені, оның жекпе-жекте қалмақтың бас батыры Шарыштың туыстары басын кескені үшін Қалданның Абылайды қайткен күнде өлтіруді өтінеді. Шарыш Қалданның туған ұлы көрінеді. Абылай өзіне осыны ескерткен Қалдан Серенге:

- Мен Шарышты тұтқында отырғанда емес, қан майданда, оның үстіне жекпе-жекте өлтірдім, - деп жауап береді. Абылайдың бұл сөзіне қонтайшы үндемей қалады. Оның үстіне Қалдан Серен қазақ жұртының қаһарынан сескенеді. Егер Абылайды тұтқында өлтіріп тастаса, жауынгер қазақ халқы мұны кешірмейді де, жоңғар ұлысы мүлде құрып кетуі мүмкін, -деп Абылайды босатады. Абылайды босатар алдында ол өзінің жалғыз ұлы Әмірсанаға қамқор болуын өтінеді. Абылай ұзақ уақыт бойы Әмірсананы қолдап -қорғап, оны Ресейдің де, Қытайдың да тұтқыны болудан аман сақтап, бұл ретте көптеген айла-шарғыларды пайдаланған. Сөйтіп, Қалданның алдындағы уәдесін адал атқарған.

Тарихи деректерге сүйене отырып айтқанда, Қалдан Серен Абылайды қамаудан жәй ғана босатып жібермей, аттанарда оған үлкен құрмет көрсеткен. Қазақ сұлтанын мол сый-сияпатпен шығарып салған екен.

- Ата, енді бәріне көзім жеткендей болды. Бірақ бұл істерде Абылай жалғыз әрекет еткен жоқ шығар. Оның қасында жүрген әйгілі батырлары болса, айтып беріңізші. Сіз атақты сардар бабамыз Құлсары туралы да білесіз бе?

- Шырағым, сенің бұл сұрағыңа жауап беру үшін алдымен атақты Бұқар жырауға, одан кейін Мағжанға сүйенуге тура келеді. Абылайдың замандасы болған қарт жырау өзінің жырларында ханның сенімді батырлары жайлы жырлап өткен. Мысалы, ол өзінің бір ұзақ өлеңінде Абылайдың жасағында болған ең үздік батырларының барлығын тізіп шығады. Олар Қаракерей Қабанбай (оның шын аты Ерасыл болса, Абылай асқан батырлығы үшін «Дарабоз» деп атаған), Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Көкжарлы көкжал Барақ (Найман тайпасының бір руы осылай аталған, оған «Көкжал» деген атақты асқан ерлігіне сүйсінген Абылай берген екен), Шақшақтан шыққан Жәнібек (Жәпек батыр Абылаймен бірге қалмақта Қалдан Сереннің тұтқынында болған), Керейдің атақты батыры Тұрсынбай, қыпшақ Мақатай, сіргеліден шыққан Тілеке, қарақалпақтан келген Қылышбек, шымырдан қосылған Қойгелді, тігенің батырлары Сатай мен Бөлек және басқалары бар.

Бұл аталған батырлардың бәрі жалғыз емес, артында олар бастап келген сансыз жасағы және бар. Осы батырлардың бәрінің басын біріктіріп, оларды жауынгерлік машыққа баулыған Абылай хан осы күшпен қалмақ түгілі, орыс пен қытайға да дес бермей, қыр көрсеткен екен.

Ал, алаштың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанында

*Қиын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған жаудан үркіп «Ақтабанға»
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып түскен барып,
Екі оттың орыс-қытай арасына.
Күндерде сонау қара тапсырған ел,
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың,*

*Қылсаң да аз, қанша тәуеп моласына!
Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қатың қалмақ.
Артында ор, алдында көр, жан-жағы жсау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай
Көп жсаудың бірін шауып, бірін арбап,*

- дейтіні шынайы ақиқат.

Мағжан жырында да Бұқар айтқан батырлар мен билер аталып өтеді. Ол тек батырлар арасынан Баянға ерекше көңіл бөледі. Солай десек те, ұлы ақын бұл дастанды жазарда тарихи деректерді Бұқар жыраудан алғаны көрініп тұр.

Абылайдың батырлары туралы жақсы, дәйекті жырдың бірін Тәтіқара ақыннан да табуға болады. Алдымен сол Тәтіқараның өзі жайында айтып кету керек. Ол он сегізінші ғасырда Қостанай өңірінде өмір сүрген қазақтың белгілі жырауларының бірі. Оның өлеңдерінің көбі сақталмаса да, бізге «Қамыстың басы майда, түбі сайда» деген батырлық өлеңі белгілі. Сондай-ақ оның «Кебеже қарын, кең құрсақ» деген өлеңі Абылайдың өзіне арналған. Мен осы екі жырды да айта отырайын, сонда Абылайдың өзі де, батырлары да туралы ақиқатқа көз жеткізе түсеміз.

ҚАМЫСТЫҢ БАСЫ МАЙДА, ТҮБІ САЙДА

*Қамыстың басы майда, түбі сайда
Жәнібек Шақшақұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жсау қысқанда
Ер жігіттің ерлігі осындайда.*

*Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,
Сары менен Баянды айт Уақтағы.*

*Ағашта биікті айтсаң -қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт.
Найзасының ұшына жсау мінгізген,
Еменәлі Керейде Жабайды айт.*

Ақынның бұл жыры 1756 жылы Қытай Боғды ханының әскерлерімен болған шайқас кезінде туған.

КЕБЕЖЕ ҚАРЫН, КЕҢ ҚҰРСАҚ

*Кебеже қарын, кең құрсақ
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі.
Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты.
Жау жағадан алғанда,
Ит етекпен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әншейін, еңкейе бере жылысты.
Бәсентіін Сырымбет
Оқ жіберіп ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің
Бұрылып жауды шанышқанда.*

Міне, шырағым, өзің естіп отырғандай, осы өлеңдерде қазақтың Абылай заманындағы ең беделді батырларының есімдері аталады. Бұл өлеңдер нағыз ақиқат дәйектерге толы. Өйткені, Бұқар да, Тәтіқара, да сондай-ақ Ақтамберді мен Үмбетей жыраулар да осы соғыстардың бел ортасында болған. Абылайдың және оның батырларының соғыс үстіндегі қиын-әрекеттерін өз көздерімен көріп, куә болған адамдар.

Ал, енді осы батырлардың арасында Абылайдың сұлтан кезіндегі серіктері Құлеке мен Құлсары батырлардың ауызға алынбауы қалай деген ой мені де жиі мазалайды. Бұл екі батыр үлкен саясаткер әрі сардар болғандары тарихи ақиқат. Орыс деректерінде, мұрағат құжаттарында осы екі батырдың есімдері жиі аталады. Есесіне Бұқар, Тәтіқара және басқа да ақын-жыраулардың жырларында айтылатын қазақ батырларының көбісінің есімдері орыс мұрағаттарында кездеспейді. Бұдан шығатын қорытынды Құлеке мен Құлсары Абылайдың хан тағына отырған тұсында майданда емес, ел басқару, елшілік қарым-қатынас істерінде көбірек әрекет еткен болуы

керек. Сондықтан да олар жайлы нақты мұрағат деректері орыс жылнамаларында анық сақталып қалған.

Бұл ретте Атығай руынан шыққан атақты Шал ақынның әкесі Құлеке батыр жайында да айтуға тура келеді. Себебі, Құлеке жайында оның ұлы Шал ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеген тарихшы, әдебиетші ғалымдар жеріне жеткізе жазған. Сөйтіп, тарихи құжаттар мен деректерде аз да болса Құлсары жайында ақиқаттар айтылып қалады. Ал, шындығында Құлсары жайында деректер тым аз, тіпті жоқтың қасы.

Зерттеушілердің жазғанындай, Құлеке батыр 1710 жылы туып, Абылай хан болып сайланатын 1771 жылы, алпыс бір жасында өмірден озған. Бұған Шал ақынның мына бір өлеңі де айғақ болады.

*Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі тулап өткен Құлекенің
Алдында орыс, қазақ тарқап еді.*

*Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі тулап жүрген ер Құлеке
Су тиген сөне қалды өрттей болып.*

*Астынан көк өгіздің тас көтерген,
Кісіні арықтаған ас көтерген.
Бірі де туған жанның өлмей тұрса,
Бұрынғы үлкен қайда бас көтерген?*

Демек, Құлеке батыр Абылаймен құрдас болған. Ол да, Құлсары да Абылай хан тағына отырмас бұрын (1771 жылға дейін), оның Әбілмәмбет ханның жанындағы сұлтан кезінде онымен бірге әрекет еткен, сұлтанның жарлықтарын орындаған, мәмілегерлік, елшілік қызметтер атқарып келген. Құлсарының Құлекеден жастау екендігін орыс ұлықтарымен жазысқан мына хаттары айғақтайды. Оларда Құлсары үнемі Құлекенің өзінен үлкендігі, қартайып қалғандығы жайында жиі айтады. 1760 жылғы 18 шілде күні Ресей Сыртқы істер алқасының жазбасында Құлекенің Құлсарыға қарағанда әл-

деқайда қартайғаны жөнінде деректер жазылған. Сол жарлықта Құлекенің Құлсарыға қарағанда әлдеқайда қартайғаны жөнінде тағы да мәлімделеді. Осы деректерде Құлсарының орыс патшасына адал Аңдағұл, Қожағұл сынды ұлдары бар болғаны жөнінде де деректер берілген. Орыс патшалығының зымыян әкім-қаралары қартайған Құлекеден гөрі жастау Құлсарыны өздерінің бауырына тартуды жөн көретіні де осы құжаттардан анық көрінеді.

Орыс әкімдерінің 1761 жылғы 19 қарашада Орта жүздегі жағдайлар туралы Құлсары батырдан жазып алған мәліметтеріне қарағанда, батыр орыс ұлықтарына өзінің әбден қартайғандығын айтады. О дүниелік болып кеткен жағдайда орыстардың өзінің балаларына қамқор болуын сұрап, ұлы Құлыбекті соларға тапсырады.

ҰЛЫНЫҢ ҰРПАҚТАРЫМЫЗ

Қандай адам болсын елге әйгілі тұлғаның тегі екендігін мақтан етеді ғой. Бұрындары ел ардақтаған хандарды, айбынды батырларды ашық та анық айту оңай болмайтын. Әсіресе, қазақтың осындай атақты, аты аңызға айналған тұлғаларын мақтау, марапаттау үлкен қылмыс сияқты болғандықтан, көбіміз заман ызғарынан ығысып, осындай бабаларымыз жайлы амалсыздан жұмған аузымызды аша алмай келдік. Енді, Құдайға шүкір, еліміз өз алдына дербес мемлекет болып, бодандық қыспағынан құтылғанда өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандырып жүрміз. Осы орайда Рақым ұрпағы - біз де Абылай ханның сенімді серігі, ақылдасар адамы әрі айбынды батыры болған Құлсарыдан тарайтынымызды мақтан етеміз.

Біздің бергі атамыз Рақым Исаұлы қазіргі Аққайың ауданындағы (бұрын Бейнетқор аталған) «Ленин» кеңшарының № 8 трактор бригадасы орналасқан тұсында - Дайындық ауылының маңында жерленген. Ол Қарашілік ауылында ғұмыр кешкен.

Рақымнан үш ер бала, бір қыз туған.

Үлкені Қалиақпар 1900 жылы дүниеге келіпті. Отан соғысы басталғанда ұжымшардың егіс бригадасында жұмыс істеп, сол себепті броньмен қалған. Алайда 1942 жылдың күзінде жиын-терін жұмыстары аяқталған кезде оны әскери комиссариаттың шақыруымен Борки кентіне, бір-екі жұма жаттықтырған соң майданға алып кетті.

Майданға аттанар алдында түн ортасы ауа жаңа әскери киіммен келген ол бізбен асығыс қоштасқаны есімде қалыпты. Ол қарындасым Бағдат екеуімізді бетімізден сүйіп шығып кетті. Сол кеткеннен оралмады, артында ұрпағы да қалмады. Хабар-ошарсыз кеткен оның сол бір бейнесі ғана көз алдымда қалды.

Атамыз - Рақымның екінші баласы. Қалиасқар 1902 жылы туыпты. Одан жоғарыда аталған қарындасым Бағдат және менің ұрпағым тарайды. Арада екі-үш ер бала жастай шетінеп кеткен. Анамыз оларды еске алып, өкініп отыратын.

Өкінетінім, сен бір әкеден ер баладан жалғыз тұяқ болғаның. Қараңғылығымыз ғой, оларды аман-есен сақтай алмадық, екі жасқа толар-толмаста айрылып қалдық, деуші еді. Өздері үнемі ұжымшардың қара жұмысынан босамай, балаларға қарауға қолдары да тимеген.

Құдайға шүкір, өзім шаңырақ көтеріп, үш ұл, бір қыз өсіріп, ержеткіздім. Бәрінің де жоғары білімдері бар, әр салада лайықты еңбек етіп жүр. 1953 жылы туған Бақытбек Мағжанұлы Рақымов Алматы ауыл шаруашылығы институтының электрлендіру факультетін тамамдап, осы салада қызмет атқарады. Одан кейінгі ұлым Серік Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтында жоғары білім алды. Осы сала бойынша кәсіпкер. 1958 жылы туған қызым Гүлнар Украинаның Сумы қаласындағы педагогика институтын бітіріп, қазір Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің кітапханасының сектор меңгерушісі болып еңбек етеді. Алматы медицина институтын тіс дәрігері мамандығы бойынша тамамдаған кенже ұлым Нұрлан Бескөлдегі ауруханада тіс дәрігері болып қызмет істейді.

Әкемнің 1920 жылы туған Шаймұрат есімді інісі болған. Ол он тоғыз жасында Петропавл педагогикалық училищесінде оқып жүрген шағында 1939 жылы міндетті әскери борышын өтеу үшін әскерге шақырылып, одан 1947 жылы оралды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» демекші, ағамыз Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, майданда лейтенант шенін алып, аман-сау елге оралды. Соғыста танкист болыпты. Содан соң бейбіт тұрмыста зейнетке шыққанға дейін көп жылдар Ішкі істер органдарында қызмет істеді. Шаймұраттың төрт ұл, үш қызы бар. Тұңғышы Рахимов Марат әке жолын қуып, өзіміздің солтүстік өңірінің аудандарында Ішкі істер органдарында абыройлы қызмет істеп, подполковник дәрежесімен демалысқа шықты. Одан кейінгі екінші ұлы Қанат ол да әке жолын жалғастырып, осы қызметті абыройлы атқарып, полковник атағымен құрметті демалысқа шықты. Шәкең марқұмның үшінші ұлы Болат қазір Алматыда тұрады. Ол техникалық кәсіпті меңгерген, өз кәсібін сүйетін ұлтжанды азамат. Кенже ұлы Қайрат бірінші дәрежелі жүргізуші, «Қызылжар жолаушылар тасымал автопаркінің» танымал жүргізушісі.

Ағамыздың Роза, Күлбаршын, Зәуреш есімді қыздары әрқайсысы өз алдарына отау құрып, бір-бір шаңырақтың тірегі болып отыр.

Күлсары бабамыздың ұрпағына жататын асыл азаматтардың қатарында Қайырбек есімді ағамыз жайында айтпай кетуге болмас. Қайырбек ағамыз Рахымның қызы Қанипадан туады. Ол әке мен шешеден жастай жетім қалып, өмірінде түрлі қиындықтарға душар болады. Осыдан соң оны Рақымның үлкен ұлы Қалиақпар қолына алып, жеті сыныптық оқуды бітіртті.

Соғыс жүріп жатқан кезі ғой, ол Аққайың ауданының Кеңес деген колхозында есепші болып істеді. Әкем Новокузнецкіде еңбек армиясында болып, 1944 жылдың аяғында сырқаттанып елге қайта оралды. Сол кезде ұжымшарды Мейзамбай (тегін ұмыттым) басқарып келген. Ол әкемнің баланы оқытпақ ниетіне қарсы болып, Қайырбекті жұмыстан босатпай қояды. Әкем де бірбеткей болатын. Әбден болмағасын, бір түнде баланы ұрлап әкетіп, Қызылжардағы қазақ орта мектебінің интернатына орналастырды. Әлі күнге есімде, екеуіміз Қызылжарда бірге өстік. Ол кезде қалада тұрсақ та, мал ұстайтынбыз. Бір бие, сиыр қысы жазы қорада болатын. Солардың сүтінің артығын сатып, әке-шешеміз бізді оқытты. Әкем бізді үнемі «Кеңес» ұжымшарындағы туыстарға жіберіп, отын-шөп дайындатып отырды. Қайырбек өжет, жігерлі еді. Сол оқып жүрген кезінің өзінде айтатын: Мен бұйырса, оныншы класты бітірген соң жоғары оқу орнына түсемін, кандидаттық, докторлық ғылыми атақ аламын деуші еді.

1947 жылдың тамыз айының соңына дейін жиен ағамыз екеуіміз шөп шабуда болдық. Қайырбек ол кезде Калинин атындағы қазақ орта мектебін бітірді. Оның емтихандары таяп қалғанда әкем ұшаққа билет алып, Алматыға оқуға жіберді. Талапты жастың жолы болып, зоотехникалық -малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, оны жақсы бітірді. Содан кейін осы институттың аспирантурасына қабылданды. Аспирантура бітіргеннен кейін ол кандидаттық диссертацияны табысты қорғап шықты. Ол осы институтта ұзақ жылдар ұстаздық қызметте жүріп, қоғам өміріне де белсене араласты. Партия ұйымының хатшысы болды. Ол малдарда кездесетін жұқпалы ауруларды емдеу бойынша бірнеше еңбектер жазды. Кейін Ауыл шаруашылығы министрлігінде ғылыми-зерт-

теу жұмыстарымен шұғылданды. Жиен ағам Қайырбек Клара Темірғалиқызы Сайдалинамен көңілдері жарасып, шаңырақ көтерді. Ол төрт қызды тәрбиелеп өсіріп, бәрінің жоғары білім алуларына қамқоршы болды. Өзі 1989 жылы өмірден ертелеу озды. Жәмила есімді қызы Алматыда мұғалім, Айша, Жанна, Раушан әр түрлі салада қызметтер істейді. Клара жеңгеміз қазір Алматыда немерелерімен бірге тұрады.

Құлсары батырдың жиен ұрпақтарының бірі - өңірімізге әйгілі азамат, іскер шаруашылық басшысы Біржан Әбділманұлы Шаймерденов. Құлсары батырдың ұрпақтарының бірі Жампейісұлы Қарапайдан бір ұл -Шалабай, қыздары Құсни, Қайнекей, Күлән, Күлбаршын. Күләннан Айман, Нұрлан, Баян және Біржан туған. Сонда біз айтып отырған Біржан Рахым тұқымына жиен болады. Біржан Әбділманұлы руы қарауыл, ерекше туған бір азамат, бүгінде бір елдің тұтқасы болып отыр. Қазақта «Жиен ел болмайды, желкеден ас болмайды» дегенмен, «Жиен неге ел болмас, малы болса, желке неге ас болмас, майы болса» деп айтқандай, Біржан жиеніміз үлкен кәсіпкер, бір шаруашылықтың басшысы. Өте еңбекқор, жанына дамыл жоқ, ізденіс үстіндегі ел азаматы. Соған қоса атасы жағынан ұлы Ақан серіге тартқан атқұмар. Бүкіл қарауыл атасы тәрізді оның әкесі Әбділман да атбегі болған. Ол ұжымшардың мал фермасында бригадир болып еңбек еткен. Сондықтан да оның мінген аты да, жүрісі де, әбзелдері де әсем еді. Біржан біраз жылдардан бері Аққайың ауданындағы «Дайындық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін оңтайлы басқарып келеді. Бұл ауыл кеңес өкіметі тараған кезде жағдайы қиын ауылдардың бірі болатын. Біржанның арқасында ғана жұлғанның жұмырығында, тістегеннің ауызында кетпей аман қалды. Бүгіндері мұнда сегіз жылдық мектеп бар. Өз күшімен ауылына мешіт салып берді, көшелерге тас төсеп, су құбырларын да сақтап қалды. Ал есесіне осындай қазақ ауылдары өздігінен жұрдай болып, өзгелерге кіріп-тар болып шықты. Күнкөріс қамымен тұрғындардың біразы, әсіресе, жастар жағы өзге жерлерге көшіп кетті. Дайындық ауылы болса сол қаймағы бұзылмаған қалпында түтінін түтетіп отыр. Біржан жиеніміз ел азаматтарының жайын өзімен бірдей ойлап, адал еңбек ететіндерді құрмет тұтады. Дайындық тұрғындарының бәрінде жеке меншік көліктері бар. Жоғарыда айтып өткенімдей ол ат баптай білетін жетік ма-

ман. Сондықтан да Біржанның асыл тұқымды жылқылары қандай да болсын бәйгелерде озық келіп, жүлделерге қарық қылып жүр. Мәселен, Қызылжар ат жарысы ипподромында өткен республикалық ат жарысы спартакиадасында екі сәйгүлігі бірдей бас бәйгені еншіледі. Әсіресе, 25 шақырымдық аламан бәйгеде оның жүйрігі озғаны үшін Біржан жеңіл көлік - джипті иеленіп, өңір басшысының қолынан көлік кілтін алды. Біржан кем-кетік, қолы қысқа адамдарға үнемі қамқорлық танытып, көмек беріп келеді. Ауылдағы мектеп пен мешітті ұстау, тұрғындарды отын-шөппен қамтамасыз ету оның ежелден келе жатқан қамқорлығы.

Атығай руынан Құдайберді Ырсайдың бір баласы - Қарабатыр, одан Орысболды. Енді Орысболдыдан тарайтын Хамзаұлы Қоблан туралы айтпай кеткеніміз жөн болмас. Қобылан қажы Құлсары бабамыздың ізгі атын, игі қызметін қауымға таныстыруда айрықша еңбек сіңірді десем, асыра айтқандық емес. Ол «Солтүстік Қазақстан» газетінің бетінде Құлсары сардар жайында неше дүркін мақалалар жариялады. Батыр бабамыздың басына ескерткіш орнату мәселесін қозғап, сол кездегі өңір басшысы Тайыр Мансұровтың алдында бірнеше рет бірге болдық. Ол өз бетімен де, ынталы топтың басшысы ретінде де облыс әкімінің назарын осы мәселеге аударта білді. Сондай-ақ Қызылжарда Абылай ханның резиденциясы ашылуы уақытында Құлсары мен Құлеке батырдың экспозицияларын ұйымдастыруға мұрындық болды. Хамзаұлы Қобылан отыз жылдан астам уақыт Ішкі істер органдарында басшылық қызметтер атқарған. Есімі елімізге белгілі қызметкер. Милиция полковнигі. ҚСРО Ішкі істер министрлігінің марапаттарына ие болған азамат. Оған қоса Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ұлының ұрпағы қажылық сапармен Меккеде болып, дінді, имандылықты парыз тұтқан. Жалпы қауымға, соның ішінде жас ұрпаққа имандылық нәрін дарытуға белсене кіріскен абзал жан еді.

Есімі елге танымал азамат, Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, Сайлау Өтейұлы да Құдайберді руларының бір ұрпағы болып табылады. Ол қазіргі Өрнек ауылының тумасы. Ол 1957 жылы Есіл ауданындағы Николаевка орта мектебін бітіріп, қазіргі Боголюбово селосындағы автобазада жүргізуші болып еңбек жолын бастаған. Арада үш жыл өткен соң туған жеріне оралып, Амангелді, Өрнек, Жарғайың, Өндіріс

ауылдарында жұмысын жалғастырған. Келесі 1961 жылы шаруашылықтарды ірілендіруге байланысты Амангелді ауылы Ильинка селосына қосылып, Ильич кеңшары құрылғанда 1964 жылға дейін жүргізуші болып еңбек етті. Сол жылы кеңшар өндірісінің озаты ретінде Сайлауға Алматы ауыл шаруашылығы институтына жолдама беріліп, онда агрономия факультетінде бес жыл оқыған талапкер жас аталған мамандық бойынша жоғары білім алып шығады. 1969 жылы Ленин ауданындағы «Бұлақ» кеңшарына бас агрономдық қызметке жіберілген іскер жігіт көп ұзамай іскерлік қабілетімен көзге түседі де, 1973 жылы осы кеңшардың директоры болып тағайындалады. Ал, арада үш жыл өткенде Сайлауды осы аудандағы жаңадан ұйымдастырылған XXV партия съезі атындағы кеңшарды басқаруға жібереді. Қатарынан он жеті жыл бойы осы кеңшарды абыройлы басқарған ауыл шаруашылығы өндірісінің жетік те білгір маманы осы қасиетінің арқасында біз айтып өткеніміздей Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды. Одан соң оның қызметі жоғарылап, облыстық астық өнімдері комбинатын басқарды да, 1999 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Сайлаудың атақты Құлсары бабамызға тартқаны бірден көзге ұрып тұрады. Оның тұлғасы тау шыңындай зор биік те кесек. Соған сай өзі де, сөзі де, ісі де асыл азамат.

Батыр бабамыздың ұрпақтарының бірі Иса болса одан Рахым тармағы тарайды. Ал, Қадірұлы Мұсадан Аманжол, одан Сатыпалды мен Жылқыбай туады. Сатыпалды ұрпақтары ата-бабасының туған жерінде - Аққайың ауданындағы бұрынғы «Ленин» кеңшары орналасқан жерде тұрмыс кешуде. Солардың ең үлкені Камалбек болады. Бұлар ата-аналарынан жастай қалып, тағдырдың ауыр тауқыметін тартты. Камалбек өзінен кейінгі бауырларына бас болып, ер жеткізді. Еті тірі қайсар жігіт, өмірдің қиындығына қарсы тұрып, ақыры өз қолы өз аузына жетті. Алматыдағы партия мектебін тәмамдап, осы Ленин кеңшарының партия ұйымын басқарды. Аудандық партия комитетінде кадрлар бойынша нұсқаушы қызметін атқарды. Бүгінде ол сол жердегі орта мектепте мұғалім болып істейді. Балаларының бәрін ер жеткізіп, жоғары білім әперді. Шаңырағы шуаққа толып, немере сүйіп отыр.

Құлсары бабамыздың ұрпақтарының арасында небір мамандық иелері бар екенін осы әңгімеміздің барысында аңға-

руға болады. Солардың бірі - адам жанының білгірі Ескендір Қасенұлы. Ол өмірінің көбін ұрпақ тәрбиесіне арнап, Есіл ауданындағы Николаевка орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Осы мектепте әйгілі ұстаз, Ленин орденінің иегері Асқар Игібаевпен бірге иық тіресе еңбек етті. Өмірде көргені көп, тоқығаны мол болғандықтан, оның ойы терең, толғамдары зерек болды. Сөйлеген сөзі құлақ құрышын қандырарлықтай ғибратты, салмақты. Сондықтан өзі де ортасына ардақты адам екенін танытады. Осындай қасиетінің арқасында ол ел-жұртына құрметті. Оның кәсіби шеберлігі осы ісіне сай келіп, «Оқу ісінің үздігі» белгісіне ие болды. Зейнет демалысына шыққан Ескендір Қасенұлы бүгінде Қызылжар қаласында тұрады.

Ендігі әңгіменің кейіпкері - ұлтымыздың асыл азаматының бірі, Құлсары батыр ұрпағының өзі, іскер өндіріс басшысы. Қызылжардағы атағы әйгілі өнеркісіп кәсіпорнының директоры Марат Мұқанұлы Әбілмәжінов.

Марат Құлсары батырдың шежіресі бойынша атақты сардардың Тау деген баласынан Тыным туады. Одан - Әбілмәжін. Әбілмәжіннен - Мұқан. Марат - осы Мұқанның екі ұлының бірі. Мараттың Болат есімді бауыры бар. Ағайынды екі жігіт те өздерінің дарынына орай жоғары білім алған. Олар осы Қызылжар қаласындағы Попов пен Парк көшелерінің қиылысындағы үйде дүниеге келген. Әкесі Мұқан мемлекеттік қауіпсіздік бөліміндегі кадрлар жұмыс бөлімінде қызмет істесе, зайыбы Шарипа (біз оны Сара дейтінбіз) облыстық партия комитетінде, соңғы кездері қалалық оқу бөлімінде еңбек еткен, ел-жұртына сыйлы азаматтар болды.

Болат Мұқанұлы Манаш Қозыбаев атындағы университетте оқытушы. Біз әңгіме арқауына айналдырып отырған Марат жастайынан еңбекпен шыныққан, аға сыйлай білетін әрі елгезек болып өсті. Оның еңбекқорлығын кейінгі жастарға орынды үлгі етуге болады. Ол еңбек жолын 1966 жылы бастады. Қызылжардағы іргелі өнеркісіп кәсіпорындарының бірі Куйбышев атындағы зауытта токарьдың көмекшісі, слесарь, механик, техник-конструктор болып еңбек етті. 1970 жылдардың басында Қызылжардағы Ленин атындағы ауыр машина жасау зауытында учаске мастері қызметін атқарды.

Қазақтың қайсар да қажырлы жігіті ұлтымызға таңсық осындай салада еңбек ете жүріп, білімін жетілдіруге ерекше

ықылас қойды. Осы мақсатпен 1973 жылы Ресейдің қазіргі Екатеринбург қаласындағы Урал политехника институтын тәмамдап, ауыр машина жасау зауытында инженер-технолог болып істеді. Бюро бастығы, аға мастер, аспап жасау цехының бастығы сияқты биіктерге көтерілді. Қандай да бір қызмет атқармасын бойында жастық жалын болып, біліктілігімен, іске деген жауапкершілігімен тұтастарынан оқ бойы озық көрінетін осы ініме мен аса ілтипатпен баға беріп келемін. Марат Мұқанұлы 1989-1992 жылдар аралығында «Арман» кооперативін басқарса, одан кейін шағын кәсіпорындарды қаржылай қолдаудың облыстық қорының тізгінін ұстады. 1992-1995 жылдары «Әлем» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне басшылық етті. Бір сөзбен қайырғанда оның көзі жастайынан өндіріс саласымен ашылды. Сөйтіп Қызылжардың өнеркісіп кәсіпорындарының бүкіл жүйесіне жетік болды. 2003 жылдың қазан айында оған кезінде бүкіл кеңес одағына әйгілі болған, бірақ тоқырау жылдары ыдырап кеткен Киров атындағы зауытты басқару сеніп тапсырылды. Кейін бұл зауыт акционерлік қоғам болды. Осы өнеркәсіп орнын қазіргі күні Марат Мұқанұлы Әбілмәжінов басқарып отыр. Ол жаңадан құрылған кәсіпорынның бойына қан жүгіртіп, өндіріске қуат бере білді. Кәсіпорынның абыройы артып, жаңа өнімдер шығарумен аты шықты. Облыстық мәслихаттың кезекті сессияларының бірінде өңір басшысы жаңашыл да іскер басшы Марат Әбілмәжіновтің атына өз тарапынан жылы лебіз арнауы бізді де сүйсіндірді. Айтса айтқандай, кәсіпорын «Локомотивтің кешенді қауіпсіздік қондырғыларын және симплексті радиостанциялар шығару жөніндегі өндірісті ұйымдастыру» жобасын іске асыруды жалғастыруда. Бұл ретте конструкторлық істен мағлұматы мол Марат Мұқанұлының ізденімпаздығы мен өндірістегі жаңашылдықты талап ететін іскерлігі көрінеді. Мараттың тағы бір ауыз толтырып айтуға тұрарлық қасиеті - жақсы іске демеушілігі. Оның Дәурен және Сәкен есімді екі ұлы бар. Олардың екеуі де шахматшы. Әсіресе, үлкені Дәурен Дүниежүзілік шахмат федерациясының шебері атанып, бірнеше ірі жарыстарда мерейі үстем болып, жеңістерге жетті. Осы ретте, жоғарыда атап өткенімдей, қаламызда болған ірі шахмат жарыстарының шығынын өзі көтеріп, оларға қаржылай жәрдем жасады. Осы қасиетінің арқасында ол елімізге және әлемге әйгілі шахматшылар Болат Асанов,

Дәрмен Сәдуақасов және басқаларымен айрықша ілтипатты қарым-қатынас орната білді. Міне, Құлсары бабамыздың текті бір ұрпағы осындай.

Құлсары бабамыздың кейінгі ұрпақтарының арасында небір айтуға тұрарлық тұлғалар барына осы әңгімем айғақ болар деп ойлаймын. Солардың тағы бір шоғыры жайында лебізімді одан әрі жалғастыруды ойластырып отырмын.

Құлсарының бір ұрпағы Шернияз Мұқатайұлы болып табылады. Ол 1935 жылы қазіргі Қызылжар ауданындағы Новоникольск округінің Шәлкебай ауылында дүниеге келген. Шернияз он алты жасынан еңбекке араласып, Приишим ауданына қарасты Борьба ұжымшарында еңбек жолын бастады. Ол кезде көзі ашық, көкірегі ояу жастарды заманның тарыншылығы ерте есейтіп, осындай өмір ауыртпашылықтары иығына түскенін жоққа шығара алмаймыз. Айтпақшы, Шернияздың әкесі Мұқатай марқұм да өмір бойы еңбектен қол үзбей өткен адам. Ол ұсташылықты кәсіп етіп, темірден түйін түйген шебер, ат тағалап, арба тоқыған, әйтеуір, қол қусырып құр отырмаған адам. Осындай еңбекқор әкеден үлгі алған Шернияз да «Заречный», «Рассвет» кеңшарларында, Семипалатное селосында табан аудармастан жүргізуші болып еңбек етіп, сол жұмысты еңбек демалысына шыққанға дейін атқарып келді. Шернияз 1958 жылы Өксекбайқызы Мәрияшқа үйленеді. Екеуі бір ұл, төрт қыз өсіріп ер жеткізді. Шама-шарқынша талпынып, балаларына жоғары білім әперді. Қыздары Ләззат Украинаның Житомир қаласындағы мемлекеттік университетінің орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алып, Қызылжардағы №7 мектепке қызмет істеді. Кейін тұрмысқа шығып, Рассветтегі мектепте директордың орынбасары болды. Ұлы Саттар Мұқатайдың әкесі Қазидың есімін өшірмеу мақсатымен Қазиев болып жазылды. 2000 жылы Мәскеуде Ломоносов атындағы мемлекеттік университетте «Қазақстандағы этносаяси үрдістер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, бүгінде Манаш Қозыбаев атындағы университетінің заң факультетінде дәріс береді. Айгүл 1985 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын тәмамдап, өзі бітірген қаржы-банк саласының білігір маманы болып, Қызылжардағы тергеу-оқшаулағыш мекемесінде қаржы-экономика бөлімін басқарады. Ол он үш жылдан бері абыройлы қызмет атқарып, майор шеніне ие болды. 1997

жылы Ақмола мединститутында оқыған Айман есімді қызы оқудан соң осы оқу орнында қызметке қалдырылды. Ол Алматы мемлекеттік медицина аспирантурасын бітірді. Балаға ата-ана тәрбиесі зор өнеге емес пе? Сондықтан да бұл игі істе келініміз Мәрияштың да еңбегі зор. Осы шаңыраққа ырыс болып келген Мәрияш Өксекбайқызы өзінің еңбекқорлығының арқасында осы үйдің шамшырағын жақты десек, артық айтқандық емес. Ол еңбекте де бағы жанған ұсынақты әйел. Алдыңғы қатарлы сауыншы, өз мамандығы бойынша ұрықтандырушы болып еңбек етті. Сондықтан оны қауымы қадірлеп, жұрт аманатын жүктеді. Сөйтіп келініміз селолық, аудандық кеңестердің бірнеше мәрте депутаты болып сайланды. Сол еңбегінің нәтижесінде Мәрияш бұрынғы Ленин ауданындағы «Заречный», кейін Бескөл ауданындағы «Рассвет» кеңшарларында жұмыс істей жүріп, екі мәрте «Құрмет Белгісі» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жетпістің жетегіне ілескен ол қол қусырып қарап отырмастан, іскерлігімен көзге түсті. Келініміз «Дидар Қазиева» және «Ырыс» шаруа қожалықтырын ұзақ жыл басқарады. 2013 жылдың көктемінде науқастанып, өмірден өтті.

Осы үлкен әңгімеміздегі келесі сөз есімі елімізге әйгілі азамат Жақсылық Қабдоллаұлы Ысқақов жайында өрбімек. Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, Солтүстік Қазақстан және Павлодар өңірінде белгілі қызметкер, бүгінде зейнеткер ақсақал өзінің жастық та жігерлі ғұмыр жолын ел ризығына арнаған оның ісіне баршамыз тәнтіміз. Жақаң Құлсары әулетіне күйеу болып келеді.

Құлсарыдан - Қадір, Қадірден - Құдыш, Құдыштан - Жәуке. Осы аталған Жәукеден Баймұқан туады. Баймұқаннан екі қыз Жібек пен Гүлнәз туады. Осы айтылған Гүлнәз есімді Құлсарының ұрпағы 1958 жылы Жақсылыққа тұрмысқа шықты.

Жақаң 1932 жылы 23 наурызда бүгінгі Есіл ауданының «Бұлақ» кеңшарында туған. Жастай зерек те алғыр болып өскен ол 1950 жылы Қызылжардағы Калинин атындағы қазақ орта мектебін жақсы бітіріп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Онда агроном мамандығын иеленіп, кейін Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын бітіреді. Біраз жылдар МТС-терде түрлі қызметтер атқарып, ауыл шаруашылығы

өндірісінің қыры мен сырына әбден қаныққан жас маман «Заградов» кеңшарына бас агроном болып қызметке тағайындалады. Іскерлігімен, зор ұйымдастырушылық қабілетімен, көпшілікпен жұмыс істей алатын білімпаздығымен көзге түскен жігерлі жігітті облыс басшылығы дер кезінде байқап, оны партиялық қызметке тартады. Осындай зор сенімді адал еңбегімен ақтай білген Жақсылық Қабдоллаұлы 1959-1963 жылдар аралығында облыстық комсомол комитетінің хатшысы болып тағайындалады. Одан кейін Тимирязев аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1970 жылға дейін Бескөл селосында осындай қызметін жалғастырады. Ұйымдастырушылық қабілеті зор, ауыл шаруашылығы жұмыстарында мол тәжірибе жинаған Жәкенді облыс, республика басшылары енді оған партияның ірі қызметтерінің тізгінін ұстатуға жоғарылатады. Сөйтіп ол 1970-75 жылдары оны Шал ақын ауданына басшы, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін атқарып, есімдері өңірімізге белгілі Василий Петрович Демиденкомен және Ніл Әдғамұлы Болатбаевпен иық түйістіре еңбек етеді. 1985 жылы оны Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы етіп тағайындағанда бүкіл өңіріміз оның атына жылы лебіз білдіріп, қуанған болатынбыз. Жәкең өзіне республика басшысы Д.А. Қонаев сеніп тапсырған жауапты жұмысын абыроймен атқарып, сол елде құрметті демалысқа шықты. Кейін 1991 жылы туған топырағына оралды.

Іскер азамат Қызылжарға оралысымен қол қусырып, қарап отырған жоқ. Ол өзінің бай тәжірибесін жастарға үйрету үшін қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Атап айтқанда, «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі ретінде өңірімізде туған тілдің өркендеуіне атсалысты. Ана тіліміздегі мектептердің көптеп ашылуына мұрындық болды. Сонымен қатар осы «Қазақ тілі» қоғамының жанындағы ақсақалдар алқасына басшылық жасап, елдің, ұлттың тағдырына қатысты қисапсыз жұмыстардың оң шешілуіне абыройы мен беделін аямай жұмсай білді. Соның бір айғағы Қызылжардағы жаңа мешіттің ашылуына басшылық жасағанын айтуымыз керек. Өмірде көргені мен түйгені мол ардагер аға ұрпақтар алдындағы аталық парызын осылай атқарып келеді. Ардагер азаматтың қызмет жылдарындағы еңбектері ескерусіз қалған

жоқ. Ол «Ленин», «Октябрь Революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды.

Біз жоғарыда айтып келе жатқан әңгімемді Құлсарының тағы бір ұрпағымен жалғастырайын. Жүсіпбек Әубәкіров Құлсарының алты ұлының бірі - Бейсеуден тараған.

Ол Есіл ауданының Қарағаш ауылының тумасы. Сол жерде жеті жылдық мектепті бітіріп, 1948 жылы Көкшетау педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Содан кейін мектепте мұғалім болып істейді. Ол өзінің әңгімесінде Иса, Ғайса, Мақшай, Мейірман, Жақия, Файзолла, Қуанышпай, Есетемір, Әубәкір, тағы басқаларының өзіне жанашыр, қасиеті мол, ізгі жандар болғанын айтады.

1949 жылы Әбілмәжінқызы Жібекке үйленіп, екеуі бір шаңырақта елу жылдан астам бақытты тұрмыс кешті. Айбек, Айсұлу, Сәуле, Зәуре есімді балаларын оқытып, өз алдарына шаңырақ көтертіп шығарды. Одан былайғы отыз екі жыл бойы ол Ішкі істер органдарында абыройлы қызмет атқарып, 1996 жылы құрметті демалысқа шықты.

Осы айтылғанға тағы бір қосарым біздің әулетке күйеу бала әрі нағашы болып келетін азамат Ерсайын Қожанұлы Ғалеев туралы. Ол Құлсары батыр бабамыз жайында 1968 жылы естігенін айтады. Сол жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының төртінші курсында оқып жүрген оны жолдамамен мемлекеттік тәжірибеден өту үшін облыстағы белгілі қой шаруашылығы совхозы - сол кездегі Ленин ауданының Бұлақ ауылына жібереді. Жас жігіт жұмыс барысында ауыл адамдарымен танысып, әсіресе, қарттармен көп шүйіркелесіп жүреді. Мұнда негізінен Арғынның Қарауыл тармағы тұрады ғой. Ерсайынды Бұлақтың бас агрономы Ғазез Есмұқанов Горный ауылына апарып, Жүніс деген ақсақалдың үйіне пәтерге орналастырады. Бірде дастархан басында әңгіме шертіп отырған Жүніс ақсақал бұл жерде Атығайдың атақты батыры Құлсарының өмір сүргенін, оның қорымы да осы жерде, осыдан тура он жыл бұрын сол батырдың ұрпағы Қалиасқар деген азамат арнайы келіп, атасының басына құлпытас орнаытып, темірден қоршау қойды дегенді айтады.

Қалиасқар - менің әкем, Рақымның баласы. Сол жолы ол батыр бабасының басына құлпытас орнатқаннан кейін мал сойып, ауыл ақсақалдарының ақ батасын алады да, дұға ар-

найды. Өңгіме үстінде өзінің Құлсарының алтыншы ұрпағы екендігін айтады.

Ерсайынның айтуынша, әкемнің осы атқарған абыройлы ісін ауыл қарттары өте орынды бағалаған. Коммунистік идеологияның қылышынан қан тамып тұрған темір құрсауынан сескенбеген батылдығы бізді де сүйсіндіреді.

Ал енді Ерсайынның өзі жайлы айтар болсақ, ол менің қарындасым Майра екеуі бір шаңырақ көтеріп, үлгілі отбасылардың қатарында, бес бала тәрбиелеп өсірді. Екі ұлы мен екі қызы жоғары білім алды. Үлкені Мұрат 1991 жылы Челябідегі Жоғары Әскери училищені тәмәмдап, қазір подполковник шеніне ие болған азамат. 2007 жылдан бері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуе полигондары бойынша басшылық қызметте. Кенже қызы Гүля 1993 жылы Бескөл орта мектебін «Алтын белгімен» бітіріп, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің экономист-қаржыгер мамандығын меңгеріп шықты. 1998 жылдан бері облыстық қаржы басқармасының бас маманы, 2002 жылдан республикалық есеп комитетінің бюджетті қадағалау және игеру бойынша бас сарапшысы-мемлекеттік тексерушісі қызметін абыроймен атқарып келеді. Қалған үш баласы да әр салада қызмет істейді.

Адам қолына қалам алып, бір толғанысқа түскенде өмірде көрген небір қуаныштары мен қайғы қасіреттеріне негізделген ойын түйіндейді. Не болмаса ата-бабасының шыққан тегін кейінгі ұрпағына немесе замандастарына сыр етіп ұсынуға талпынады. Мен де көптен өзімді мазалаған ой-жинағымды тарих етіп ұрпағыма қалдыру үшін әулиеге теңелген батыр да сардар бабамыз Құлсарының аңыз емес ақиқатқа табан тіреген деректерін тірнектеп жинадым. Оның атын шығарып, рухын тірілту үшін қолымнан келгенше бар ұрпағын жіпке тізгендей етіп көрсеткім келеді. Бірақ, ол мүмкін емес. Қолда барға, қолым жеткеніне қанағат еттім.

ҚҰЛСАРЫ БАТЫР

ұрпақ тағзымына лайық тұлға

Ел тәуелсіздігінен ардақты қандай игілік бар?! Тәуелсіздіктің астарында арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты ерлердің ерен істері, ел қорғаудағы жанкешті қаһармандығы бары да белгілі.

Әсіресе, Абылай заманындағы ұлы тұлғалар осы айбынды ханымызбен бірге тәуелсіздік тірегі сипатына ие болып, олардың ерліктері кейінгі ұрпақтарын тамсандырумен келеді. Осындай ұлы тұлғалардың қатарындағы қаһарман батырлардың бірі - менің Құлсары бабам.

Тарихымызды таразылап, елдігіміз еңсемізді көтерген кезде осы ұлы мақсатқа ежелден жол салғандардың санатында болған оның өмірі кейінгі біздерге онеге. Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болу абырой. Құлсары Бөріұлы Абылайдың Ресей империясымен қарым-қатынастарына араласқан, екі елде де сенім артқан әрі батыр, әрі саясаткер болған.

Құлсары батыр туралы аңыз-әңгімелерден гөрі дәйекті, тарихи деректерге сүйенуге әбден жеткілікті негіз бар. Және де оны облысқа белгілі өлкетанушылар Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабаев мұрағат деректеріне негіздей отырып жазды да. Соған қоса әйгілі зерттеуші Болатбек Нәсенов те Омбы мұрағатынан Құлсары мен Құлеке батырлар туралы дерек тапқанын айғақтады.

Сондай деректердің бірінде былай делінеді:

«...Асыл туған және мәртебелі генерал-майор Антон Данилович Скалон мырзаға иіліп сәлемдесемін. Сізге таныс қырғыз старшыны Құлсары батыр жасы келгендіктен және ауру меңдегендіктен дүниеден өтті. Ол Ресейдің ұлы императорына берген антын адал орындады. Оның артында біраз уақыт Ресейде аманаты болған Көлбақ есімді баласы бар. Осы баласы Құлсарының орнына старшындыққа тағайындалып, әкесі алып отырған айлық жалақы, тағы басқа жеңілдіктер осы Көлбақ батырға беріліп тұрса, мен Сіздерге риза болар едім. Келісім берген жағдайда кеңірек түсінік беру үшін Көлбақ батырды сіздерге жіберемін».

Бұл Абылай ханның 1776 жылғы 25 қазанда генерал-майор Скалонға жолдаған хаты. Осы хат Омбы облыстық мұраға-

тынан табылған. Мұндағы негізгі екі дерек - Құлсарының екі елге де танымал беделді адам болғаны және оның 1776 жылы дүниеден өткені.

Ендігі бір құжаттарда Құлсары батырдың қазақтардың Қытаймен емес, керісінше, Ресеймен оңтайлы қарым-қатынас орнатуды жақтағаны белгілі болады. Осы ретте оның көрегендігіне қазіргі кезде көзіміз анық жетіп отыр. Әрине, осыдан екі жүз отыз жылдан аса уақыт бұрын өмірден өткен адам туралы айту оңай емес. Өйткені, ел аузында сақталып қалған әңгімелер қазір жоқтың қасы. Жазушы Тортай Сәдуақасовтың «Ел мен жер» атты кітабында бабам есімі аталады.

Есіл ауданындағы Бұлақ ауылының маңындағы зиратына барып тәу етіп қайттым. Батырдың ұрпақтары Айыртау, Есіл, Шал ақын аудандарында тұруы мүмкін. Батыр бабамның ел тәуелсіздігі жолындағы атқарған абыройлы ісіне орай құрмет көрсетілуін қалап, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Р. Бикеневке жазған өтінішіме жауап алған едім. Онда: «Біз Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Алматы мен Омбының орталық мемлекеттік мұрағаттарынан Құлсары батырдың он сегізінші ғасырдың тарихи оқиғаларына қатысқанын айғақтайтын құжаттарды алдық. Алынған деректердің негізінде «Абылай хан резиденциясы» мұражайының экспозициясындағы Абылай ханның 1711-1770 жылдар аралығындағы кезеңдегі іс-әрекеттері туралы баяндайтын №1 залда қойылған «Батырлар» бөлімінде Құлсары батырдың суреті және ол туралы құжаттар орналастырылды.

Мәдениет басқармасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау бөлімі тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін жасаған кезде Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 10 маусымдағы №173 қаулысымен Құлсары батырдың қорымының жергілікті маңызы бар деп табылды. Біз 2008 жылғы 13 маусымда Республика Президентінің қатысуымен өткен «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысының қаулысына сәйкес 2008-2009 жылдардағы «Мәдени мұра» өңірлік бағдарламасының шаралар жоспарына қосымшалар енгіземіз. Оған Абылай ханның серіктес батырлары туралы деректерді одан әрі жинап, зерттеуге қатысты тар-

мақ та қосылады. Соның ішінде Құлсары батыр қорымында ескерткіш орнату да бар», - делінген.

2008 жылғы 11 тамызда берілген осы хат менің қарт жүрегімді тебіrentіп, қуанышқа бөледі. Бұл ел тәуелсіздігіне үлес қосып, ғұмырын соған арнаған батыр бабам рухына ұрпақтар тағзымы болмақ.

ӘЙГІЛІ БАТЫР ӨМІРІНІҢ ЖАҢА ДЕРЕКТЕРІ

Біздің халқымызда белгілі бір тарихи тұлғалар жөнінде көбіне ел аузындағы деректерге сүйену белең алатыны шындық. Ел аузында айтылғандықтан, ондай әңгімелерде жанама оқиғалар кездеспей тұрмайды. Мұндайда тарихи деректер бұлтартпас, бұра тартпас ақиқатты айғақтайды. Құлсары батыр жайында біз бәрінен де бұрын тарихи деректерге жүгінеміз. Құдайға шүкір, Абылай ханның осы сенімді серігінің өмірінде жанама, жасанды әңгімелерден гөрі зерттеушілердің айғақтаған деректері әлдеқайда басым.

Әйгілі батырдың он сегізінші ғасырда өмір сүргенін мемлекет қайраткерінің ұрпағы болғандықтан, мен де соңғы жылдары осы зерттеулерді іздестіріп, батыр бабама қатысты деректерді талмай жинастырумен келемін. Осы орайда бірқатар мұрағат материалдарына кезіктім. Осындай еңбектердің арасында 2004 жылы басылып шыққан «Петропавл. Уақыт. Оқиғалар. Адамдар» атты кітап та бар. Осы басылымға сүйене отырып, Құлсары батыр қатысқан оқиғалар жайында мұрағат деректеріне негізделіп жазылған жайлар төңірегінде айтпас бұрын Құлсарының Қазақ және Ресей елдері арасында мәмілегерлік қызмет атқарғанын, өз елінің мүддесін көздеп орыс империясының лауазымды адамдарымен қолайлы келіссөздер жүргізуге өз тарапынан да, Абылайдың тікелей тапсырмасымен де әрекет еткенін тілге тиек етуіміз керек. Құлсарының осы қарым-қатынастары айнала қаумалаған дұшпандардан қазақ елін қорғауда, Ресей империясының көмегіне сүйену мақсатынан туындағаны да ақиқат. Оның Қытаймен арадағы байланысты үзбей отырып, жеме-жемге келгенде қалауы Ресейге түскенін қазіргі тарихшылар жоғары бағалайды.

Мысалы, Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің оқытушысы З.Тайшыбайдың 2005 жылы шығарған «Абылай хан» атты зерттеуінде 1753 жылғы 31 наурызда Троицк бекінісінің командирі майор Ренненкампфтың Орынбор губерния кеңсесіне жазған рапортында Құлсары батыр туралы жақсы дерек келтіріледі: «Наурыздың 29-і күні қазақтың атығай руының

белгілі адамдары Құлсары және Құлеке батыр екеуі Троицкіге келіп, маған өздері сұранып жолықты».

Олардың айтуынша Абылай сұлтан мен жоңғар қалмақтары арасында жанжал бола қоймайды. Ал, егер қалмақтар шабуыл жасайтын болса, қазақтар қарсы соғысады. Сол кезде қазақтардың әйелдері мен балаларын орыс бекіністері қорғарма екен, шекара шебінен ішке қарай өткізер ме екен? Өйткені қазақтар патша ағзамға қарайды ғой. Сондықтан Ресейдің қорған болуы өте керек». З.Тайшыбай. «Абылай хан», Астана баспасы. 2005 жыл. 202 бет.

Осы аталған еңбекте Құлсарының дәйекті де табанды батыр болғанын дәлелдейтін мына деректі де назардан тыс қалдыра алмаймыз. «Араповқа Құлсары айтыпты: егер қытайлықтар Қошқар мен Жаркентке қысым жасайтын болса, олар Қытайдан гөрі Ресейдің қол астына кіргенді жөн көреді» 274 бет.

Құлсарының әйгілі Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі кезінде де патша империясына адал қызмет еткені жоғарыда аталған «Петропавл. Уақыт. Оқиғалар. Адамдар» атты кітаптан да айғақталады. Кітаптың 20-шы бетінде 1774 жылғы 6 ақпанда Петропавл бекінісінен Құлсары батырға Е.Пугачевқа қарсы тұру үшін көмекшілер беру туралы өтініш жасалғаны туралы жазылған дерек бар. Онда Қабан бекінісіне Пугачев қолы келгені, оның бетін қайтару үшін Құлсары батырдың жәрдемі керек болғаны мәлім болады. Бір қызығы Е.Пугачев те қазақтардан көмек сұрап, өтініш білдірген екен.

Құлсары батырдың орыс империясы алдындағы беделіне мына бір дерек те жақсы айғақ бола алады. 1759 жылдың 22 желтоқсанында әулие Петр бекінісінде далалықтармен сауда-саттық жасауға патша Жарлығы шыққан екен. Міне, осы туралы Сібір корпусының командирі Құлсары батырға жазған хатында: «Сіздің қырғыз-қайсақ халқыңыздың игілігі үшін әулие Петр бекінісінде сауда-саттық жүргізуге нұсқау берілді. Бұл ретте орыс көпестеріне осы бекініске тауарларын, ұн және жармалар жеткізуге бұйрық берілді» (аталған кітапта, 47 бет).

Біздің осы мақаламыздағы деректер Құлсары батырдың өмірі мен қызметі жайында оқырмандарға мағлұмат беру мақсатын көздейді.

Осы кітапқа қосатын бір жағдай - Қызылжар қаласында, Рижская көшесінде, 139 үйдің 16 пәтерінде тұратын Ниязбек Бекмурзин деген азамат деректері бойынша толықтыру. «Мен Құлсары әулиенің ұрпақтары туралы біраз деректер жинақтадым, өйткені, өзімнің туған ауылым Дайындықта 90 пайыздай осы Құлсары әулиенің ұрпақтары тұрады. Тек қана Құлсары әулиенің үлкен ұлы Құлыбектің ұрпақтарын әлі кездестіре алмай, іздестірудемін». Құлсары әулиенің кездігі туралы былай дейді: «Қошық Құлсарының қызын Құндызды алған. Құлсарыдан - Құлыбек, Тау, Бейсеу, Қалдаман, Ораз, алтыншы баласы Мәмет асыранды ұлы болса керек, туған жері Сасық көл, руы Естек (Башқұрт), атағы капрал болды. Оны айтқан Жағыпар молда екен, Мәметтен ұрпақ болмаған дейді.

«Жүсіпбек ағай әулиенің үшінші баласы Бейсеуден тараған, Жолым, Шындәулет, Жансақал, Әбіш. Әбіштен - Өмірбек, 63 жасында қайтыс болады.

1967-1968 жылдары Өмірбек Әбішұлы Аяжанов Тимирязев ауданында жаңа ашылған спецкомендатураның бастығы болып жүргенде, оны бір бейтаныс бәйбіше іздеп келеді, өзі Атығай руынан шыққан бір адамды (жөні төзу) кездестіре алмай жүргенін айтады. Өмірбек Әбішұлы Атығай руынаң екендігін естіп, өзінде сақталып жүрген Құлсары әулиенің кездігін табыс етпекші болып келген екен. Өкінішке орай, сол бәйбішенің аты-жөні белгісіз.

Аяғанов Өмірбек әлгі кездіктің – өзінің бабасы Құлсары әулиенікі екендігін білгеннен кейін, әдейі арнап әлгі бәйбішенің үйіне қой апарып, сойғызып, бата қылып, қоран оқытып кездікті алыпты.

Одан кейін өзінің қортынды сөзінде әулиенің басқа ұрпақтары, Ораздан Омаров Зәйкен Қабдоллаұлы (Қабдөш) отставкадағы майор (ІІМ), менің әкемді бауырына басқан Омар ұлы Әбілмәжіннің немересі, шын аты Зәйт (Зяйкен). Мен қысқаша бүгінгі көзі тірілерді ғана атап өттім. Толық деректер өзімде сақтаулы. Әлі іздестіруде, деп аяқтапты. Ол кісі қазір жоқ. Ол дүниелік болған.

Тағы бір айта кететін жағдай: көп уақыт сол Дайындық ауылында тұратын Сәкен Рамазановтың жолдасы Бәйни, біздің әулеттен, Құлсарының ұрпақтары болып шықты. Сәкен ақсақал көп уақыт балаларды тәрбиелеу бойынша қоғам жү-

мысымен өмір өткізді. Ауылдың қадірлі ақсақалы болды. Сол кісінің айтуы бойынша, 1942 жылы (руы Қарауыл) әкесімен Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Қарақамыс ауылына барғанда Құлсары әулиенің басында кішірек (алғашқы) тас болғанын айтады.

Сол кезде жолдасы Бәйнидің ағалары Ыбыш, Ісқақ, Ахмет, балалары Құлсарының Құлыбек деген баласынан тарайтынын айтты. Бірақ, олармен сол кезде қатынасы болмағанын ескертеді.


Ахметтің жиені Шернияз әкесі Рамазан қайтқанда келе алмаған. Тек 1958 жылы маусым айында келгенін айтады.


Шынында, мен де Бәйнидің сондай туыстығын білгенім жоқ. Біздің ұрпағымыздан екенін тек сол Ниязбек жазғанынан біліп отырмын. Әлі де, бірімізді-біріміз білмей жатуымыз мүмкін, өйткені, заман солай болды ғой.

Сонда да бүгін біздің көптен күткен арманымыз орындалды. Тәуелсіздікке жол іздеп, білектің күшімен, найзаның ұшымен ұлан қайыр қазақ даласын қорғауға бар күшін салған Құлсары бабамыздың рухы қайта оралды. Батыр бабамыздың аты тарихтан өз орнын еншелегені біз үшін үлкен мақтаныш болып отыр.


Есілдің бойындағы Қызылжар өңірінен Шал ақын ауданына дейін Көкшетау-Айыртау маңында сайн далада Қалқаш батырдың Құдайберді-Бәйімбет ұрпақтары қоныстанған жерлері сонау ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама заманынан бастап қазақтарды жоңғар хандығынан, батыста қалмақтар мен башқұрттардан қорғау жолында Абылай ханға сенімді серік, ақылманы, қолбастаған Құлсары батырға Есілдің бойын жайлаған елді мекендердің біріне атын беру деген тілекті көптен айдап келеді.

Атығай руының Құдайбердіден тараған ұрпақтары








II




III Құлсары баласы Бейсеуден











Ырсай- Құдайберді- Құлсары- Жараспай- Тлеубай
 Сапиұлы Қайролладан тараған ұрпақтар (3 ұл, 4
 қыз)




Сайлау Өтейұлы ұрпақтары

Арғын - Атығай, Қалқаш, Құдайберді, Құлымбет, Жұмық, Төттібай тарайды



Атығай - Құдайберді - Жамет - Жұмық - **Ескендір**
Қасен ұлының ұрпақтары

Жұмықтан Маңыбай (батыр болған) Абылай ханның тұсында жасаған қалмақтар мен соғысып талай ерліктермен көзге түскен.



ТҰЛҒАНЫ ТАНЫП БОЛДЫҚ ПА?

Алдымен Атығай руының Құдайберді әулетінен тарайтын Құлсары батыр қай жылы туып, қай жылы қайтыс болды? - деген тақырып төңірегінде әңгіме қозғайтын болсақ, «Генерал-майор Антон Данилович Сколон мырзаның шекара кеңсесіне қырғыздың иесі Абылайдың 1776 жылы 25 қазан күнінде келген хаты» құжатында былай жазылған: «...Сізге таныс қырғыз старшыны Құлсары батыр жасы келгендіктен және қатты ауру меңдегендіктен дүниеден өтті. Ол Ресейдің ұлы императорына берген антын адал орындады». /Омбы мұрағаты, 1 - жазба, 201-іс, 346-бет/.

Демек, 1776 жылы бақилық болғаны еш талас тудырмайды. Бұдан кейінгі мұрағат құжаттарында оның есімі кездеспейді. Құлсары Құлекені аға тұтқан. «Ресей сыртқы істер алқасының жарлығы 18.07.1760» атты құжатта «Құлсары батырдың өзіне жылдық жалақы тағайындалса, Ресей пайдасына қызмет етуге дайын, бірақ өзін қартайып қалған Құлеке батырмен теңестірмеуді сұрайды». («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках», 607-бет.)

1756-1757 жылдары Қытай әскері жоңғар мемлекетін талқандап, қазақ шекарасына қатты қауіп төндіреді. Ол жөнінде белгілі тарихшылар Р.Сүлейменов пен З.Моисеев «Положение становилось критическим. Повстанческие отряды в Джунгарии были окончательно разгромлены карательными отрядами, население поголовно вырезано. Многие султаны и старшины откочевали вместе со своими улусами под защиту русских крепостей. Несмотря на это, Абылаю, Кулсары и Кулеке батырам удалось собрать шеститысячное ополчение и в первых числах июня 1757 года выступить в поход», деп жазған. («Абылай хан: внешняя и внутренняя политика» кітабы. 1988-72 бет.) Осы деректен -ақ ат үстінде жаугершілік өмір кешкен жампоз ердің батыл мінезін, қайтпас қайсарлығын тануға болады.

Ресей патшалығы қазақтардың Қытаймен бейбіт келісімге келуінен секем алып, жақындасып кете ме деген қауіппен Құлсары секілді беделді старшиндарды өз мүдделеріне пайдалануға ұмтылып отырған. Жақсы жағдай жасау арқылы

ауызын алуға, тілін табуға тырысқан. Құлсары бабамыз қазақтардың қалмақтармен, қытайлармен соғысқан кезеңінде ел ішіндегі билікпен қоса қол бастаған дарынды әскер басшы ретінде көзге ерекше түскен. «1757 жылы 30 қараша . Железин бекінісінен түскен рапорт: Біз Абылай сұлтанның әскереміз, басшымыз-Қожаберген. Бір мың түндікпен Ертісті жоғары бойлап көшіп барамыз. Бұл жерде екі күн тұрамыз да, одан әрі Құлсары батырдың әскеріне қосыламыз. Оның он мың әскері бар . Ертістің жоғары ағысында тұр.» (Омбы архиві. 1 - қор, 1- тізбе, 18-іс, 65 бет.) Елімізді, жерімізді сыртқы жаудан қорғауға саналы ғұмырын сарп еткен ер бабамыз жарғақ құлағы жастыққа тигенше ел тыныштығын ойлаған.

Құлсары Бөріұлының ерекше тоқталатын тағы бір қыры мәмілегерлік саясаткерлігін абыроймен атқарып, Ресей, Цинь империяларына талай рет жолы түскенін айғақтайтын құжаттар баршылық. Екі тараптағы саяси, әскери қарым-қатынастарды ретке келтіріп, қазақ елі үшін зор еңбек сіңірген. Абылай хан оның саясаткерлігін жоғары бағалап, қысылтаяң тұстарда ең жауапты жұмыстарға жұмсап отырған . Жоңғар шапқыншылығы аяқталғаннан кейін ел іші бірден тынышталып кете қойған жоқ. Абылай қантөгістен әбден қалжыраған халықты аман сақтау үшін шекаралас аймақтармен ұтымды бейбіт саясат ұстанды. Осы ретте беделді адамдар арадағы дау-жанжалдарды шешуге үлкен қажыр-қайрат жұмсады. Қазақтарға тұрақты қоныс, мал-жанға баспана қажеттігін айтып, Ресейге батыл ұсыныс білдіріп, сөзін өткізушілердің бірі - Құлсары. Осыған орай ұлықтар оның пікірлерімен санасып, жайылым, үй, қора-қопсы салуға жер бөлген. Өзі бас болып қазақ жұртын көшпенділіктен отырықшылыққа қоныстандыруға үлгі-өнеге көрсеткен.

Абылай оны өз атынан көрші елдерге елшілікке аттандырып, саяси мәні бар ресми күрделі істерді шешуді жүктеп отырған. 1753 жылы Жоңғар Ресейге іш тартқанын қалағаны анық аңғарылады. Оның патша ұлықтары алдындары зор беделіне мына дерек жақсы дәлел бола алады. 1759 жылы 22 желтоқсанда әулие Петр бекінісінде далалықтармен саудасаттық жасау туралы патша жарлығының шығуына байланысты. Сібір корпусының командирі Құлсарыға: «Сіздің қырғыз-қайсақ халқыңыздың игілігі үшін әулие Петр бекінісінде саудасаттық жүргізуге нұсқау берілді. Бұл ретте орыс көпе-

стеріне осы бекініске тауарларын, ұн, жарма жеткізуге бұйрық шығарылды», деген мағынада хат жолдауына қарағанда, онымен санасуға, келісімге келуге мәжбүр болған сыңайлы. Ресей шекара приказдарымен, шекара комиссиясымен жазысқан қатынас қағаздардан, ресми құжаттардан Құлсары батырға қатысты құнды мағлұматтар алуға болады.

Бабамыздың әулиелік, емшілік, көріпкелдік ғажайып қасиеттері жайлы жұртшылық көп біле бермейді. Ол түсінікті де. Бертінге дейін небір құндылықтарымыз өткеннің сарқыншағы ретінде тыйым салынып келді. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғой, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай күй кешіп жатқанымыз. Жалғызтау өңірі- әулие- батырлардың пантеоны іспеттес. Бұл жерде бес әулие жерленген. Бір жағы шоқ- шоқ қайыңдарға ұласатын, екінші беткейі жазық далаға жалғасқан биік жотаның ұшар басында мұсылмандар зираты бар. Кеңестік заманның өзінде адамдар алыс- жақын елді мекендерден шұбап келіп, аруақтарға тәу ететін, дұға бағыштайтын. Ел арасында бұл төбе «Әулие төбе» деп аталатын. Кейін осы қорымның Құлсарынікі екенін көнекөз қариялар дәйектеп берді. Өзінің өсиетімен осы жерге жерленіпті. Ақиқаттан гөрі аңызға бергісіз әңгімелер десек, «Казахско-русские отношения в XVI- XVIII вв.» атты кітапта: «Құлсары пользовался особенным уважением всех киргизцев и самого Абылая, киргизцы считали его за святого, аулие», деп тайға таңба басқандай жазылған. Осы ғылыми еңбекте бабамызға қатысты 30-ға жуық құжат кездессе. «ясновидец», «предсказатель», «лекарь» деген теңеулер аз ұшыраспайды. Шал ақынның: «әулиені айтсаң, Құлсарыны айт, Батырды айтсаң, Құлекені айт», деп жырлауы тегін болмаса керек.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген. Соңғы жылдары әрі батыр, әрі дипломат, әрі әулие бабамызды ұлықтау жолында көп шаралар атқарылды. Мақалалар жарияланып, бірнеше жинақ шығарылды. Солардың ішінде ерекше атап өтетіні, белгілі кәсіпкер Берік Мұқышев жетекшілік ететін «Құлсары» қайырымдылық қорының ұйытқы болуымен, тілеулес азаматтардың атсалысуымен Ақтаудың мәрмәр тасынан мазардың тұрғызылуы, қонақүйдің бой көтеруі, жолдарға қиыршық тас төселіп, қалыпқа келтірілуі дер едік. Десек те, Құлсары бабамыздың ұымдастырушылық, қолбасшылық, мәмілегерлік зор еңбегі лайықты бағасын әлі ала қойған жоқ.

Тұлғаны толыққанды тану өңірлік шаралармен ғана шектеліп жүр. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік, қоғамдық қайраткерлігі еліміздің өзге өңірлеріне де кеңінен насихатталып тиісті ведомстволар көңіл аударғаны дұрыс болар еді.

Мағжан РАХЫМОВ

АБЫЛАЙДЫҢ ҚОС БАТЫРЫ – ҚҰЛЕКЕ МЕН ҚҰЛСАРЫ

*Күңіреніп ойлағанда алаш жайын,
Жанымды орай берсе ұлы уайым
Кеудемде күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты алаштың Абылайын,*

– деп Мағжан ақын мадақтаған Абылай ханның маңына топтасқан, сыртқы жаулардан ел қорғаған батырлар, шешен-жыраулар, атақты билер көп болғаны тарихтан белгілі. Еліміздің тарихына, Абылай ханға қатысты жазылған түрлі ғылыми еңбектерде, көркем өдеби шығармаларда есімі белгілі батырлар мен билер туралы да сөз болады десек, сондай алашқа еңбегі сіңген ерлердің ішінен Абылайдың қос батыры, қос елшісі Құлеке мен Құлсарыны ерекше атап айтуға болады. Олар Ресей патшалығының сол кезде Батыс Сібір мен Орынбор губерниясын басқарып тұрған шенеуніктерімен кездесіп, келіссөздер жүргізіп, қазақ елінің мүддесіне сай қызмет еткен. Мұны Ресей мұрағаттарында сақталған көптеген құжаттардан байқауға болады. Олардың есімі Орта жүз хандығына, Абылай әкімшілігіне қатысы бар. Ресей шекара приказдарымен, шекара комиссиясымен жазысқан қатынас қағаздарда, ресми құжаттарда жиі кездеседі. Ол құжаттар 1742 жылдың тамыз айынан 1760-1770 жылдарға дейінгі уақыт ішінде хатқа түскен.

Қос батырдың есімі 1742 жылғы тамыз айындағы құжаттарда да кездеседі. Батырлармен, билермен, сұлтандармен бірге екеуінің Орынбор қаласында Орынбор комиссиясына адалдығы туралы ант бергені. («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII в.в.», Алма-Ата, 1961, стр; 222) дәлел.

Бұдан кейінгі жылдары орыс үкіметімен жақсы қатынастар болып, Абылай хан атынан екеуі Ресейге әлденеше рет елшілікке барады. Абылай оларды саяси мәні бар ресми істерді бітіріп келу үшін өз атынан және Орта жүз атығай руы атынан жұмсап отырған. Мысалы, 1753 жылдың наурыз айында хан қос батырды Жоңғар шапқыншылығына қарсы көмек сұрауға Троицк қаласына жіберген. Бұл туралы сол жылғы 31 наурызда Троицк бекінісінің командирі, майор И.Ренненкампф Орынбор губерниялық кеңесіне берген ра-

портында былай дейді: «Наурыздың 29-ы күні қазақтың Орта жүзіндегі атығай руының белгілі адамы Құлсары батыр сол рудың Құлеке батырымен бірге Троицкіге келіп, маған өздері сұранып жолықты. Олардың айтуынша, Абылай сұлтан мен Жоңғар қалмақтары арасында жанжал бола қоймайды. Ал егер қалмақтар шабуыл жасайтын болса, қазақтар да оларға қарсы соғысады. Сол кезде қазақтардың әйелдері мен балаларын орыс бекіністері қорғар ма екен, шекара шебімен ішке қарай өткізер ме екен? Оларға мен: «Сіздерді бұрын қалай қорғасақ, қазір де патша ағзамның бұйрығы өзгерген жоқ, сол қалпында бұзылмайды. Қазақтар Ресейге қарайтындықтан, әрқашанда қорғалады. – дедім» («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII в.в.», 532-бет).

1756-1757 жылдары Қытай әскерлері Жоңғар мемлекетін талқандап, халқының басым бөлігін қырып тастағаны тарихтан белгілі. Осыдан кейін Цин империясының әскерлері Қазақ елінің шекарасына қауіп туғызады. Осы кездегі жағдай туралы Р.Б.Сүлейменов пен З.А.Моисеев «Абылай хан: внешняя и внутренняя политика» атты кітаптарында (Алма-Ата, 1988, 72-бет): «Положение становилось критическим. Повстанческие отряды в Джунгарии были окончательно разгромлены карательными отрядами, население поголовно вырезано... Многие султаны и старшины откочевали вместе со своими улусами под защиту русских крепостей. Несмотря на это, Абылаю, Кулсаре и Кулеке батырам удалось собрать шеститысячное ополчение и в первых числах июня 1257 г. выступить в поход», – деп жазды.

Алайда, барлаушылар Қытай әскерінің үлкен бір бөлігінің жақындағанын айтқаннан кейін Абылай батыр билерімен, ел ақсақалдарымен кеңес ашып, қытайлықтармен соғыспай, бейбіт келісімге келуді ұсынады. Кеңеске қатысушылар бұл ұсыныспен келіседі.

Осы кезде Ресей бекінісіндегілер жағдай қалай болып кетер екен деп аландаумен болған. Олар тіпті Абылай мен оның батырларына да сенбейді. Мысалы, 1758 жылғы 31 наурызда Петропавл бекінісінен жолдаған подполковник Тюменевтің хатында мынадай жолдар бар: «Құлсары мен Құлекенің адамдарын бекіністер мен редуттарға жақын келтіргеніміз жоқ. Олар Абылай сұлтанға қарайтынын айтып көріп еді, көнбедік». (З.Тайшыбай. Абылай хан. Петропавл, 2005. 255-

бет). Ал, осы бекіністен сол жылғы 13 сәуірде жіберілген мәлімдемеде: «Наурыздың 29-ы мен сәуірдің 5-і аралығында Петр ағзам бекінісі маңайында тыныштық. Құлсары батырдың қазақтары Преснов бекінісінен қырға көшіп кетті. Қазір қай жерде отырғанын білмейміз», делінген (З.Тайшыбай, 257-бет).

Абылай сұлтан Қытай басшылығымен келісімге келгеннен кейін Ресей жағы қытайларға беріліп кете ме деген күдікпен оның әрбір адымын аңдып отырды. Оның ордасына ұдайы әртүрлі себептермен тыңшыларын жіберіп, жағдайды біліп тұруға тырысты. 1760 жылғы 18 шілдеде Ресейдің сыртқы істер алқасы «О Средней киргизской орде» деген №577-ші жарлығында былай депті: «...Главная забота по отношению к Средней орде должна заключаться в том, чтобы орду эту удерживать от перехода в китайское подданство и чтобы иметь верные и точные сведения о всех сношениях с китайцами.

Для этого, по «известному киргиз-кайсацкого народа лакомству» велено выдавать жалованье султану Абылаю, награждать подарками как его, так и батыров Кулсару и Куляка и через посылку надежных татар иметь постоянные сношения с султаном и батырами» («Из истории казахов. Сборник». Алматы. ТОО Жалын»; 1999, 454-бет).

1761 жылғы 3 шілдеде Абылай ордасына барып қайтқан Ф.Гордеев өзінің П. Роденге жазған мәлімдемесінде былай деп хабарлапты: «Өткен қыста Құлеке және Құлсары батырлар өз ұлыстарымен Үй және Сібір шекара шебіне таяу жерлерде қыстаса да, жаз шыға Ресей әскерлері Қытаймен соғысады дегенді естіп, басқа малдарын бақташыларымен тастап, жылқысын алып, Есілдің ішкі жағына өтіп кетті. Қазір Құлсары ауылы Есілдің жоғарғы ағысында Звериноголовка (Бағлан) бекінісінен салт атпен жеті күндік жерде, ұсақ көлдердің маңында отыр. Борлық өзеніндегі Құлекеге дейін тоғыз күндік жер. Абылай сұлтан Жыланды тауының маңайында Атбасар өзенінің аңғарындағы Колутон деген жерде көшіп жүр». («Казахско-русские отношения в ХУІ-ХУІІІ в.в.», 623-бет). Аталған кітаптағы №240 құжатта «Өте құпия» деген айдармен Ф.Гордеев деген аудармашының Троицк бекінісінің коменданты П.Роденге Абылай сұлтанның ордасына Орта жүз қазақтарының Қытаймен қарым-қатынасын байқауға барға-

ны туралы 1761 жылдын 3 шілдесінде жазған рапорты келтірілген. Енді сол рапорттың түпнұсқасын берейік:

«Первое. По отправлении от Вашего высокородия минувшего мая от 26-го числа, июня 22-го дня к Абылай султану я прибыл и письмо Вашего благородия ему, Абылаю отдал, которое того же дня при собрании довольного числа киргизов и при мне через его, Абылаева, писаря: прочтено, который, как тем письмом и присылкою меня был доволен. Посланные же со мною к старшинам Кулсаре и Куляка батырам Вашего высокородия письма им персонально не вручены затем, что до прибытия моего к ним за десять дней уехали они из домов своих во отдаленные крайние Средней же орды Абылаева владения, кочующие близ границы калмыцкой в пусте оставшей земли киргиз-кайсацкие улусы для разбирательства учинившегося между двух киргизцов смертного убийства».

(Бұл жоғарыда аталған кітаптың 620-беті).

Қазақтардың Қытаймен жакындасып кетпеуі үшін Ресей үкіметі Абылай сұлтан мен онын старшындарына, әсіресе ел ішінде беделі зор Құлсары батырға жақсы жағдай жасауға тырысқан. Оны мына құжаттан көруге болады:

«...Командующего Сибирскими линиями генерал-майора фон Веймар пансырь такой же. Глеке батыру - пансырь же». Яғни, патша үкіметі Тілеке батырды да жоғары бағалаған.

Осы құжаттарға қарағанда, Құлеке батыр 1742 жылдан 1765 жылдың қаңтарына дейін 24 жыл Абылай ордасымен тығыз байланыста болып, қызмет етеді. Абылай оны әртүрлі ұсақ шаруашылық істерден бастап, ел дауын, кісі құнын шешуге, тіпті шекара комиссиясына катысты саяси мәселелерге жұмсап отырған.

Мысалы, Абылай жоғалған аттарын іздетіп, оны Ойыл әскери линиясына, Ертістің ішкі жағына мал жаю үшін рұқсат сұратып сыртқы істер алқасын және азық-түлік әкелу үшін әулие Петр қорғанына (Қызылжарға - Қ.М.) жіберген.

Құлекенің есімі соңғы рет 1765 жылдың қаңтарында жазылған «Сыртқы істер алқасының қазақтарға астық сату жөніндегі жұмысының көшірмесінде» аталады. Бұдан кейін ресми құжаттарда Құлеке туралы ешбір дерек кездеспейді. Құлеке батырдың ата-бабалары бұрын Сыр бойында тұрса керек. «Ақтабан шұбырынды» кезінде халық босып көшкенде олар да көшіп, осы күнгі Ақмола облысына қарасты Азат стан-

сасының маңына орналасыпты. Құлекенің атақты ұлы Тілеуке (Шал ақын) сонда 1748 жылы дүниеге келген. Болашақ ақын ес біліп, ержетіп калған шағында Бейімбет, Құдайберді әулеттері Есіл бойына қоныс аударады. Бұл жерді мекендеген естектермен соғыста Құлекенің ағасы Тілеке батыр қаза табады. Осыдан соң көшіп келген қазақтар өздерінің басшысы Құлеке батырдың қайратының арқасында естектерді Есілден ығыстырып шығарады. Естектердің Шуда, Бағанаты, Сарыбұлақ есімді үш батырын Құлекенің жекпе-жекте өлтіргені туралы аңызды көнекөз қариялар осы күнге дейін айтып отырады. Облысымыздың белгілі халық ақыны Ахметжан Нұртазин бұл туралы:

*Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты,
Естектің батыры екен шыққан аты.
Соғысып, сойылдасып берілместең
Белдеуден босамапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ашуменең ерттеді атты,
Өлтіріп Бағанаты, Сарыбұлақты
Ағасы Тілекенің кегін апты,*

- деп жырлаған.

Осы оқиғаның дәл қай жылы болғаны белгісіз. Ахметжан ақынның шамалауынша, бұл 1750-1760 жылдардың кезеңі. Бұл шындыққа келеді. Орыс үкіметінің ресми құжаттарынан Құлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда, Құлекелердің бұл жерді нақты қай жылдан бері иемденгенін дәп басып айту қиын.

Құлеке қайтыс болған соң, Есіл өзенінің жағасындағы Аю-тас деген жерге уақытша жерленеді. Ол өзі дүние салар алдында денесін Түркістанға апаруды өсиет етіпті. Соңынан мәйітті бірнеше салт атпен айшылық жол жүріп, атақты Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне апарып, жер ана құшағына баласы Тілеуке (Шал ақын) тапсырады. Сөйтіп, ол әке өсиетін бұлжытпай орындап, перзенттік борышын риясыз атқарыпты. Құлеке батырдың бейітінің басында ескерткіш құлпытасы осы күнге дейін сақталыпты. Ол туралы Құлеке батырдың жетінші ұрпағы, академик

Аманжол Қошанов әкесін арнайы алып барып, Түркістандағы Құлеке бабасының басына зиярат жасап қайтқандарын айтқан еді.

Құлсары батыр туралы ой қозғар алдында мына бір деректі келтіре кетелік.

1773-1775 жылдардағы Пугачев көтерілісі тұсында Қазақстанның солтүстік аймағындағы қазақ руларының бірі көтерілісшілерге еліктеп, екіншілері патша әкімшілігінен күдер үзбей, әрі-сәрі толқуға түскен. Сол кезде Ресей үкіметіне адалдығын көрсеткен Байжігіт Тарханның, Байтоқа мырзаның (Жылғара Байтоқиннің әкесі), Құлсары батырдың, т.б. аттары аталады.

Соған қарағанда Құлсары батырдың туған, өлген жылдары әзірге белгісіз болса да, оның 30 жылдан астам уақыт бойы Абылайдың сенімді серігі болып, қазақ жерін қорғауға, ел тыныштығын сақтауға мол еңбек сіңіргенін байқауға болады. Орыс құжаттарында да оның ел ішінде өте беделді адам екені әлденеше рет айтылады.

Сонда Құлсары батыр кім?

Жоғарыда аталған («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.» атты кітапта: «Абылай султан кочевье свое имеет при горе Кокше от Петропавловской крепости в 250 верстах, а Кулсары батыр – против Петропавловской крепости в десяти верстах при речке Ишиме» (668-бет) – деген сөздер бар. Соған қарағанда, Құлсары батыр Қызылжар қаласының маңындағы қазіргі Бескөл кенті тұрған жерде тұрса керек. Аталған кітапта Құлсары батыр туралы мынадай сөздер келтірілген: «Кулсары пользовался особенным уважением всех киргизцев и самого Абылая, киргизы считали его за святого, аулие» (671-бет).

Шынында да Құлсары батырлығымен қоса әулие кісі болған көрінеді. Қазіргі Есіл ауданындағы Бұлақ ауылынан 7 шақырым жердегі қорымда Құлсары әулиенің зираты бар. Сол зиратқа 1958 жылы оның ұрпағы Қалиасқар Рақымұлы белгі тас қойған екен. Осы күндері сол әулиенің басына зиярат етіп, әулиеден медет алуға көп адамдар барады. Біз де оның жетінші ұрпағы Мағжан Қалиасқарұлымен бірге Құлсары әулиенің басына барып, дұға оқып қайттық. Әрине, Құлсары батыр, әулие туралы, оның ұрпақтары туралы деректер әзірше өте аз. Сондықтан әлде де зерттеу қажет.

Мақаламызды қорыта келе айтарымыз, атақты Абылай ханның сенімді серіктері болып, ел намысын қорғаған Құлеке, Құлсары сынды бабаларымыздың өмір жолы қазіргі және кейінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс.

Қайролла МҰҚАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы

АБЫЛАЙДЫҢ АЙБЫНДЫ СЕРІГІ

(немесе Құлсары батыр туралы не білеміз?)

Қазақтың кең-байтақ жерін қорғау үшін жан аямай күрескен, көрші елдермен татулықты сақтау үшін сол кездегі халықаралық жағдайға байланысты дипломатиялық жұмыс жүргізген батырлар мен билер Абылай хан төңірегінде аз болмаған.

Олардың қатарында атақты Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Сары, Баян, Малайсары, Жәпек, Тұрсынбай, Құлсары, Құлеке, Жабай, Төлек, тағы басқаларын атауға болады.

Осылардың арасында Абылайдың сенімді серігі, оң қолы болған тарихи тұлғалардың бірі - Құлсары батыр. Ол Құлеке батырмен бірге көбінесе көрші мемлекеттермен татулық сақтау үшін дипломатиялық жұмыстармен айналысқан, Ресей патшалығының сол кезде (XVIII.ғ.) Батыс-Сібір мен Орынбор губерниясын басқарып тұрған шенеуніктерімен кездесіп келіссөздер жүргізіп, қазақ елінің мүдделеріне сай қызмет еткен. Мұны Ресей мұрағаттарында сақталған көптеген құжаттардан байқауға болады.

1753 жылғы 31 наурызда Троицк бекінісінің командирі майор И.Реннонкампф Орынбор губерниялық кеңсесіне берген рапортында былай дейді:

«Наурыздың 29-ы күні қазақтың Орта жүзіндегі Атығай руының белгілі адамы Құлсары батыр сол рудың Құлеке батырымен бірге Троицкіге келіп маған өздері сұранып жолықты. Олардың айтуынша, Абылай сұлтан мен Жоңғар қалмақтары арасында жанжал бола қоймайды. Ал егер қалмақтар шабуыл жасайтын болса, қазақтар да оларға қарсы соғысады. Сол кезде қазақтардың әйелдері мен балаларын орыс бекіністері қорғар ма екен, шекара шебінен ішке қарай өткізер ме екен? Оларға мен «Сіздерді бұрын қалай қорғасак, қазірде патша ағзамның бұйрығы өзгерген жоқ, сол қалпында бұзылмайды. Қазақтар Ресейге қарайтындықтан әрқашанда қорғалады»-дедім» («Казахско-русские отношения в XVII-XVIII веках. Сборник документов и материалов». Алматы. 1961 г. стр. 532).

Қытай империясы жоңғарларды түгелдей қырып, жерін басып алғаннан кейін қазақтарға да, орыстарға да қауіп күшейгені белгілі. 1759 жылдың маусымында Қытай әскерлері Қазақстан шекарасына жақындап келе бастады. Сол кездегі жағдайды Қазақстанның белгілі тарихшы ғалымдары Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Моисеев «Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). А. «Наука 1988» атты кітабында былай көрсетеді: «Малочисленные гарнизоны сибирских крепостей, не располагавшие к тому же конницей для действий в степях, не могли оказать казахам своевременной поддержки. Многие султаны и старшины откочевали вместе со своими улусами под защиту русских крепостей. Несмотря на это, Аблаю, Кулсары и Кулеке батырам удалось собрать шеститысячное ополчение и в первые числа июня выступить в поход (61 бет).

Алайда барлаушылар Қытай әскерінің үлкен бір бөлігінің шекараға жақындағанын айтқаннан кейін Абылай батыр, билермен, старшындармен кеңес өткізіп, қытайлықтармен соғыспай бейбіт келісімге келуді ұсынды. Бул туралы аталмыш кітапта былай делінген «Казахские старшины Кабанбай и Утеген в декабре 1757 г. сообщили сибирским властям, что на совете Аблай заявил: Теперь же время с китайцами помириться, ибо де через такую войну кроме крайнего разорения ничего не останется»: На что все старшины с Аблай султаном согласились» (сонда 62-бет). Бұл кезде Ресей бекіністеріндегілер жағдай қалай болып көтер екен дел алаңдауда болды. Тіпті Абылайдың батырларына да сенбеді. Мысалы, 1758 жылғы 31 наурызда Петропавл бекінісінен жолдаған подполковник Тюменевтің хатында: «Құлсары мен Құлекенің адамдарын бекіністермен редуттарға жақын келтіргеміз жоқ. Олар Абылай сұлтанға қарайтындығын айтып көріп еді, көнбедік» (Омбы обп архиві. 1-қор, 1-тізбе, 66-іс, 73 п.). Ал осы бекіністен сол жылғы 13 сәуірде жіберілгенін мәлімдемеде: Наурыздың 29-ы мен сәуірдің 5-і аралығында Петр ағзам бекінісі маңайында тыныштық. Құлсары батырдың қазақтары Преснов бекінісінен қырға қарай көшіп кетті. Қазір қай жерде отырғанын білмейміз» дәлінген (сол мұрағатта 1-қор, 1-тізбе, 66-іс, 156 п.).

Абылай сұлтан Қытай басшылығымен бейбіт келісімге келгеннен кейін Ресей жағы ол қытайлықтарға беріліп кете

ме деген күдікпен оның әрбір адымын аңдып отырды, оның ордасына әр түрлі себептермен тыңшыларын жіберіп жағдайды біліп тұруға тырысты. 1761 жылғы 3 шілдеде Абылай ордасына барып қайтқан Ф. Гордеев П.Роденге жазған мәлімдемесінде былай дейді:

«...Өткен қыста Құлеке мен Құлсары батырлар өз ұлыстарымен Үй және Сібір шекара шебіне таяу жерлерде қыстаса да, жаз шыға Ресей әскерлері Қытаймен соғысады дегенді естіп, басқа малдарын бақташыларымен тастап, жылқысын алып Есілдің ішкі жағына өтіп кетті. Қазір Құлсары ауылы Есілдің жоғарғы ағысында, Звериноголовка (Бағлан) бекінісінен салт атпен 7 күндік жерде, ұсақ көлдердің маңында отыр. Борлық өзеніндегі Құлекеге дейін 9 күндік жер. Абылай сұлтан Жыланды тауының маңайында Атбасар өзенінің аңғарындағы Калутон деген жерде көшіп жүр». («Казахско-русские от ношения» - стр.632). Сол жылғы Қарашаның 19-ы күні: «Абылай султан ныне кочует на прежнем месте при речке Колчаклы, а Кульсары и Куляка батыры - около реки Ишима, во близости русских крепостей» - депті.

Қазақтардың Қытаймен жақындасып кетпеуі үшін Ресей үкіметі Абылай султан мен оның старшындарына, әсіресе ел ішінде беделі зор Құлсары батырға жақсы жағдай жасауға тырысқан, оны мына құжаттардан көруге болады: «Проектом командующего Сибирскими линиями генерал-майора Фон Веймарна от 22 сентября 1761 г. планировалось построить силами местных воинских команд для знатных старшин, в частности султану Аблаю и батыру Кульсаре дома, а для мелкого скота и лучших лошадей - крытые сараи». («Каз. - русские отношения» - стр. 631).

Жоба, әрине, қазақтарға жақсылық жасау үшін ғана жасалмаған Оның негізгі мақсаты қазақтарды Сібір шептерінің маңында отырықшы ретінде көз алдында ұстап, түбінде біржола бодан қылу. Сондықтан да бұл жоба 1762 ж. 14 мамырда Патша үкіметінің сенатында бекітілді. Өздері басқарып отырған аймақта қақтың беделді сұлтандары, билері, старшындарынан мықты тірек құру үшін Орынбор және Сібір губернияларының басшылары бұдан басқа да тәсілдер қолданған.

Сібір әскерлерінің командирі генерал-поручик И.Шпрингердің 1764 жылғы 16 қарашада үкіметтің шетелдік коллеги-

ясына жолдаған рапортында мынадай сөздер бар: «...в 1761-1764 г. султану Аблаю ежегодно только из крепости святого Петра отпускалось 212 пудов зерна, муки, хлеба, его брату Юлбарсу, батырам Құлсары и Куляке за это же время выдавалось по 100 пудов в год - (В. Я. Басик. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII в.Е.А.1971 г. стр.205).

Ресей мұрағаттарында сақталған құжаттарда Құлсары батырдың есімі ең алғаш 1742 жылы аталады. Сол жылғы тамыздың 26-сы күні ол басқа да Орта жүз батырларымен бірге Ресей патшалығына адал қызмет етуге ант берген екен. Оның алдында 4 күн бұрын ғана Абылай сұлтан да ант берген болатын.

1773-1775 жылдардағы Пугачев көтерілісі тұсында біздің аймақтағы қазақ руларының бірі көтерілісшілердің үгітіне сліктесе, екіншілері патша әкімшілігінен күдер үзбей толқуға түскен. Сол кездегі құжаттарда Атығай руынан Байжігіт Тарханның, Байтоқа мырзаның (Жылғара Байтоқиннің әкесі), Құлсары батырдың есімдері аталады. Соған қарағанда, Құлсары батырдың туған жылы әзірге белгісіз болса да (кім біледі, бір кезде мұрағаттардан кездесіп калуы да мүмкін ғой), оның 30 жылдан астам уақыт бойы Абылайдың сенімді серігінің бірі болып, қазақ жерін қорғауға, ел тыныштығын сақтауға мол еңбек сіңіргенін байқауға болады. Орыс құжаттарында да оның ел ішінде өте беделді адам екені әлденеше рет айтылады. Сонымен қатар ол әрқашан Ресей мемлекетімен тату болыпты.

Ал, енді осы Құлсары батыр кім, қайдан шыққан?!

Тарихи деректерге сүйенсек, Орта жүздің ірі руларының бірі Атығайдың Құдайберді тармағынан екен. Құдайбердінің 6 баласы болыпты: Құлымбет, Жәмет, Ақмеліш, Андай, Ырсай, Есенгелді. Ырсайдың бір баласы Бөрі. Бөріден - Құлсары туған. Құлсары батырдың 7-ші ұрпағы Мағжан Қалиасқарұлының айтуынша Құлсарыда 6 ұл болған: Құлыбек, Тау, Бейсеу, Қалдаман, Орал, Мамай.

«Ел мен жер» атты кітаптың авторы Тортай Садуақасовтың айтуына қарағанда, «Құлсары батырдың қазіргі ұрпақтарының бірі Асқар Омаров (Орта жүз - Арғын - Атығай - Құдайберді - Ырсай - Құлсары батыр - ...Қилыбай - Омар - Жүсіп - Айсә-Асқар). (15-бет). Мұнда, өкінішке қарай, Құл-

сары батыр мен Асқардың 4-ші атасы Қилыбайдың арасында көп нүкте тұр, яғни бірнеше аталар аталмай қалған.

Әзірше, батырдың басқа ұрпақтары қайда, кімдер бар екені беймәлім.

Жоғарыда аталған «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII в.в» атты кітапта: «Аблай султан кочевье свое имеет при горе Кокше от Петропавловской крепости в 250 верстах, а Кулсары батыр – против Петропавловской крепости в десяти верстах при речке Ишиме» (668 бет) - деген сөздер бар. Соған қарағанда Құлсары батыр қазіргі өзіміздің Қызылжар маңында тұрған. Аталған кітапта Құлсары батыр туралы мынадай да сөздер келтірілген: «Кулсары пользовался особенным уважением всех киргизцев и самого Аблая, киргизы считали его за святого- аулие» (671 бет).

Шынында да, Құлсары батыр батырлығымен қоса әулие кісі болған көрінеді. Қазіргі Есіл ауданындағы Бұлақ ауылының маңында Құлсары әулиенің зираты бар. Сол зиратқа 1958 жылы оның 6-шы ұрпағы Қалиасқар Рақымұлы белгі тас қойған екен. Осы күні сол әулиенің басына зиярат етуге, әулиеден медет алуға көп адамдар баратын көрінеді.

Әрине, Құлсары батыр - әулие туралы, оның ұрпақтары туралы мәліметтер әзірше өте аз. Мұндай даңқты жерлесіміз туралы көбірек білуге тырысуымыз керек.

Сондықтан да жоғарыда айтқанымыздай, оның жетінші ұрпағы Мағжан Рақымовтың ұлы бабасы туралы толығырақ білгісі келуі заңды. Бұл ақсақал қазір қаламыздың жанындағы Бескөл ауылында тұрады. Ол Құлсары батыр - әулие туралы білетіндерді, оның ұрпақтарын (мүмкін, ондайлар да бар шығар) өзіне хабарласуын сұрайды.

***Қайролла МҰҚАНОВ,
өлкетанушы, зейнеткер.***

БАТЫРДЫҢ ӨШПЕС БЕЙНЕСІ

Елімізді, жерімізді сыртқы жаулардан қорғаған, ішкі тыныштығымыздың сақшысы, жанашыры, ел басқарып, тайпалы халықтың көсемі болған батырлардың есімдерін бала кезімізден ақ сақалды аталардың әңгімелерінен тыңдап біліп, ойға тоқып өстік.

Солардың ішінде жиі айтылып, санамызға терең сіңген есімдер Құлеке батыр мен Құлсары әулие болушы еді. Бұл кісілер кім еді, қандай өнерлерімен атақты, халқына, еліне сіңірген еңбектері қандай болды деген сұрақтарға жауаптарды соңғы жылдары ғана баспасөз беттерінде жарияланған, жаңа белгілі болып жатқан тарихи деректерден, әдеби шығармалардан теріп оқып, білетін болдық.

Құлеке батыр туралы қолда бар деректер аз емес. Тарихи деректерге, құжаттарға сүйене отырып, бұл кісі қол бастаған қолбасы, елін жаудан қорғау үшін жанын аямаған ержүрек батыр, қоғам қайраткері, атақты Абылай ханның сенімді серігі, көмекшісі, өлгенше еліне қызмет еткен ұлы адам екенін біліп отырмыз.

Құлсары батыр туралы білетініміз азырақ болатын еді, Ғалым Қадырәліұлының «Батыр бабалар», Қайролла Мұқановтың «Абылайдың қос батыры - Құлеке мен Құлсары» атты мақалаларын жазушы Тортай Сәдуақасов жазған «Ел мен жер» кітабын оқып, басқа да жазба дүниеліктерді шолып, Құлсары бабамыз туралы көбірек біліп, толық бейнесін көз алдымызға елестете алатын жағдайға жеттік. Кітаптардан оқыған әңгімелерден, тыңдаған ертегілерден батыр деген бейнені ол ештеңеден қорықпайтын өжет, өлімге басын байлап, жауға қарсы тұратын, жекпе-жек айқастардан тайсалмайтын жаужүрек, жүздеген жаумен жалғыз айқасатын жауынгер, арамдығы, жауыздығы жоқ ақжарқын, жойқын күштің иесі деп түсінетін едік. Тереңірек ойлансақ, Құлеке мен Құлсары бабаларымызға қатысты жоғарыда айтылған түсініктемелерге қосатын ойымыз: батыр - нағыз қолбасшы, әскербасы.

Міне, осылай деп ұғынсақ, Құлсары, Құлеке батырлар Орта жүз өңірі ғана емес, бүкіл қазақ хандығына қандай салмақты, атақ-дәрежелі, беделді болғандығын түсінеміз. Сөзім

дәлелді болу үшін мына бір құжатты келтіре кетейін: «...біз Абылай сұлтанның әскеріміз, басшымыз Қожаберген. Бір мың түндікпен Ертісті жоғары бойлап көшіп барамыз. Бұл жерде екі күн тұрамыз да, Осморыж бекінісіне және одан әрі Құлсары батырдың әскеріне қосыламыз. Оның он мың әскері бар, Ертістің жоғарғы ағысында тұр» (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. I-қор, I-тізбе).

Осыншама әскер қазіргі қарулы күштердің армия деп аталатын құрамында болады. Бұл Құлсары батырдың аса ірі әскери қолбасшы екенінің айқын айғағы.

Құлсары мен Құлеке батырлар Абылай ханның сенімді елшілері болған. Абылай ханның тапсырмасын орындау үшін Ресей патшасының өкілдерімен жиі қатынаста болып, Ресей патшалығына бірнеше рет барып, елшілік міндеттерін жоғары дәрежеде атқарып жүрген. 1742 жылы 26 тамызда Орта жүз хандығының атынан Ресей патшалығына адал қызмет атқаруға ант беру рәсіміне қатысып, екеуі де құжаттарға қолдарын қойған. Құлсары батырдың Ресей мен Қазақ хандығының, Қытай мен Қазақ хандығының арасында атқарған елшілік қызметтері қолда бар құжаттардан белгілі болып отыр, оның бәрін қайталап айту артық іс болар.

Қазақстан Ресей мемлекеті шекарасына жақын жерде Петропавл қаласында Абылай ханның қызмет атқаратын тұрақты ордасы ретінде үй салу мәселесі туралы бірнеше рет Ресей патшалығымен келіссөз жасап, табысты келісімге қол жеткізген елшінің бірі де осы Құлсары батыр екені белгілі.

«Абылай ханның ақ үйі» атанған осы орданы қайтадан түзеп, ежелгі сән-сипатына келтіру үшін атқарылып жатқан іске өлкеміздің жұртшылығы үлкен қуанышта екенін де ерекше атағанымыз орынды.

Абылай ханның сенімді серіктері болған тарихи тұлғалар Құлсары мен Құлеке батырлар өз заманының атақты қайраткерлері болғаны туралы дәлелдер жеткілікті. Тарихи құжаттарда, Ресей патшалығының ұлықтары қол қойған хаттарда Құлсары батырды «старшина» деп атаған. Қазіргі ұғымда елімізді басқарып жүрген азаматтарымызды «елбасы», «ел ағасы» дейтін болсақ, бұл Құлсары батырға орыс патшалығы тарапынан берілген сондай атақ.

Тарихтан білетініміздей, талай мемлекет басшылары, әскери қолбасшылар, өз заманының «көріпкел», «жұлдыз

жорамалшы», ерекше қасиетті кісілерге барып, бастайтын істерінің сәтті-сәтсіздіктері қандай болатыны жайында бал аштырып жүргендерін білеміз. Ондай болжамдарға сенушілік Гитлерде, Наполеонда, Сталинде де болған. Қасында сенімді серігі, ақылшысы болып жүрген Құлсары әулиенің әлгіндей қасиеттерін Абылай хан да ретімен, жөнімен, ақылмен пайдаланып жүрген деп айта аламыз.

*Әулиені айтсаң, Құлсарыны айт,
Батырды айтсаң, Құлекені айт,*

- деп атақты Шал ақын бабамыз тектен-тек айтпаған

Топтама ойларды түйіндеп айтатын болсам, Құлсары батыр Абылай ханның шын мәнінде нағыз сенімді серігі; әскери ірі қолбасшы; батыр; ел ағасы -халқының ерекше сыйлы, қадірменді ұлы және сөзін халқына сыйлата білген төрешісі (биі), мемлекет әм қоғам қайраткері, қазақ хандығының атакты елшісі, ерекше құдіретті әулие, Алла тағала ерекше жаратқан адам.

Енді, осы Құлсары бабамыз қай жылдары ғұмыр кешкен деген жауабы жоқ сұраққа өзімнің сараптама ойымды айтайын. Құлеке батыр 1710 жылы туып, 1771 жылы қайтыс болған деген дерек бар. Құлеке батыр мен Құлсары батыр бір кезде қазақ хандығына қызмет атқарған, үзеңгілес достар. Екеуі де Атығай тайпасынан, Құлеке - Бәйімбет, Құлсары - Құдайберді әулетінен.

Абылай ханның 1781 жылы 69 жасында қайтыс болғандығы туралы сенімді деректер бар. Сонда Абылай хан 1711 жылы туған кісі.

1773-1775 жылдары Пугачев кетерілісі болған ғой. Қазақ халқының арасында да патшаға қарсы шыққан Пугачев бастаған үлкен күшке қосылу - қосылмау туралы толқулы ойлар болған. Сол кезде алда қандай жағдайлар болады деген ниетпен Құлсары батыр да өз әскерін дайын ұстап отырғаны белгілі.

1776 жылдан бастап, қолда бар жүйелі деректерде Құлсары батырдың аты аталмайды. 1777 жылдың басында тарихи құжаттарда Құлсары батырдың баласы старшина Құлыбектің қолы қойыла бастағанын көріп отырмыз. Құлыбек әкесі Құлсары батырдың жолын қуған, мемлекеттік қызметтерге ерте араласып, әсіресе, әкесінің Ресеймен жүргізген елшілік істеріне қолғабыс жасап жүрген, әкесінің ізін басар сенімді

серігі болған. 1777 жылғы тарихи құжаттарда аты шыққанына карағанда Құлыбектің мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілгенін байқаймыз. 1777 жылдан бастап мемлекеттік істерге қатыспай қоюына карағанда, Құлсары батыр бақи дүниеге кетіп қалған болар деп ойлауға әбден болады. Олай болмаса, Құлсары батыр тектен-тек мемлекеттік қызметін тастап, Абылай ханмен ажырасып кетуі мүмкін емес. Ендеше Құлсары батыр 1776 жылы қайтыс болған, деп түйіндеймін.

Ерте кезде тыңдаған шежіре білетін шешен қариялардан (халық ақыны Ахметжан Нұртазин де бар) Құлсары батыр Құлеке батырдан жас жағынан шамалы үлкен дегенді еститін едім. Сонда шамалы дегеніміз бір-екі жас болса, Құлсары батыр 1708 жылы туған болады. (Құлеке батыр 1710 жылы туған ғой).

Осындай дәлелді болжамымызды қорытсақ, Құлсары бабамыз 1776 жылы 68 жасында қайтыс болған. Мұндай қорытынды ойымыз ақиқатқа жақын екенін сеніммен айта аламыз.

Құлсары бабамыздың бақи дүниеде жатқан мекені - Есіл ауданының жеріндегі Жалғызтаудың батыс беткейінде, таудың сілемді жалғасы іспеттес көрнекі қыраттың үстінде, Бұлақ ауылының оңтүстік беткейінде, арасы жеті шақырымдай жер. Алыстан көзге түсетін Жалғызтаудың жалғас жоталарының бірін таңдап жерленуі де тегін емес. Құлсары бабамыз көзінің тірісінде айтқан өсиетімен, тапсыруымен осы еңселі жерге қойылған болар. Батырдың бейіті қыраттың құбыла жақ төрінде орналасқан. Басқа бейіттер бергі алдында жайғасқан. Көлемі шамалы бейіттің осылай орналасуынан Құлсары әулие бұл жерге ең бірінші жерленгенін байқаймыз. Бергі алдында томпайып-томпайып жатқан бейіттер кейін қайтқан кісілердің зираттары екені көрініп тұр. Бұл зират бұдан 230 жыл бұрын басталған.

Әулие, батыр Құлсары бабамыздың жетінші ұрпағы Мағжан Қалиасқарұлы Қызылжар қаласының іргесіндегі Бескөл ауылында тұрады. Қалиасқар қайтыс болған. Осы кісі 1958 жылы бабасының басына темірден қоршау қойып, көрнекті белгі тас орнатқан екен. Аталған зиратта ерекше көрнекті бейіт - Құлсары бабамыздың бейіті. Бейіттің аяқ жағында тас жақпарын жарып шыққан жалғыз қайың өсіп тұр. Басына орнатылған тас уақыт себептерімен өшіріле бастаған, араб емлесімен жазылған мынандай сөздер бар: «Аррахман иррахим.

Қудайберді руынан, елі Рсай тайпасынан, Құлсары Бөріұғлы.
Аллаһ тағаладан иман Рахман рахим, Әмин!»

Қазақ елінің, қазақ жерінің тарихында мәңгілік аты өлмей-
тін батыр бабаларымызды ұмытпай, ұлықтау үшін атқаратын
шаралар туралы ойланатын уақыт жетті, мүмкіндіктер де бар.
Сондай игілікті істерді атқару өзіміздің өлкеміздің бүгінгі ұр-
пағының парызы.

***Қоблан қажы ХАМЗАҰЛЫ,
зейнеткер***

МҰРАҒАТШЫ БОЛАТБЕК НӘСЕНОВ

зерттеулерінде Құлеке, Құлсары
батырлардың да дерегі бар

Республикамызға қаржыгер, мұрағатшы ретінде танымал алматылық Болатбек Нәсенов арнайы іссапармен қаламызға келіп, облыстық тарихи-өлкетану және Абылай хан мұражайларында болды. «Асыл мұра» орталығы шығармашылық тобының жұмысымен танысты.



Бірінші қатарда (ортада) Болатбек Нәсенов

Болатбек Нәсенұлы 1937 жылы бұрынғы Семей облысы Абыралы өңірінде дүниеге келген. 24 жыл Қазақ КСР Қаржы министрлігінде мемлекеттік кірістер мен шығыстар басқармасының бастығы, алқа мүшесі, тұңғыш құрылған салық басқармасы бастығының бірінші орынбасары, республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі бастығының орынбасары, «Кең дала» акционерлік қоғамының вице-президенті қызметтерін атқарған.

Осы сияқты лауазымды қызметтердің басында болған Болатбек Нәсенұлы зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін мұрағатшылық жұмыспен түбегейлі айналысып келеді. Мұрағат қоймаларында шаң басып қалған құжаттарды ақтарып, Қазақстан тарихына байланысты біраз шындықты ғылыми айналымға түсірді. Азғана уақыт ішінде мұрағат құжаттары негізінде әрқайсысы 500-600 беттік 17 кітапты жарыққа шығарды.

Біз арнайы келген қонағымызды мұрағаттарда жұмыс істеу тәсілдерімен ой бөлісуге шақырдық.

- Құрметті Болатбек Нәсенұлы, Сіздің Қазақстан қалалары және Омбы қаласы мұрағаттарында еңбек етіп жүргеніңізді естіп те, көріп те жүрміз. Әсіресе, Омбы және Алматы қаласындағы Қазақстанның орталық мұрағаттарының құжаттарынан қолтаңбаңызды жиі кездестірдік, міне, бүгін өзіңізбен кездесудің сәті түсіп отыр. Өзіңіз айтқандай, мұрағатта жұмыс істеу «хоббиіңіз» екенін білеміз. Дәл сіздей шын беріліп істейтін мұрағатшыларды естімедік те, көрмедік десек, артық айтқандық болмас еді.

Сондықтан, мұрағаттарда жұмыс істеу тәжірибеңіз туралы оқырмандармен ой бөлісуді сураймыз.

- Мен де, әсіресе, Омбы мұрағатының Қазақстанның XIX ғасырдағы тарихына байланысты құжаттарынан сіздердің «қарап шықтым», «ксерокөшірмесін» алдым деп Қ.Мұқанов, С. Жұмабаев деп жазған қолтаңбаларыңызды оқығанмын (төменде Болатбек Нәсенұлының «архив» сөзінің «мұрағат» деп қазақша аударылуына іштей келісе бермейтінін ескеріп, өзінің айтуы бойынша «архив» деп жаздық).

Мен Алматының республикалық, Семей қалалық архивтерінде, Алматы, Семей ұлттық қауіпсіздік комитеттерінде, милицияның архивтерінде, Омбы облыстық архивінде 768 күн, 5 мыңнан артық сағат уақытымды қидым. Соның нәтижесінде төрт жылда 4 томдық алты кітабым «Абыралы - Сарыарқаның кіндігі» атымен жарық көрді. Архивтен кейін үйде күніне түнгі 12-2-ге дейін жұмыс істедім. Сөйтіп, 2 жылда 6 том 10 кітапты дайындадым. Кейбіреулер сенбеді: «Мүмкін емес», - деп. Аянбай еңбек етсең, әбден мүмкін. Ол үшін күніне 16-18 сағат еңбек ету қажет. Енді «Көпшілік ғалымдар неге архивтерге бармайды?» - деген сұрақтарға жауап берейін. Әрине, бұл толық жауап болмауы мүмкін. Өз байқағанымды айта кетейін

Бірінші. Архивтегі аса қажет істерді толық көшіріп алу мүмкін емес. Тек бір іске (егер аса құнды болса, 500-300 беттік істер болса), ондағы керекті беттерді көшіріп алуға бір немесе екі ай уақыт кетеді. Сіз бір жылда 800-1000 іспен танысуыңыз мүмкін. Олардың көпшілігін көшіруге өмір жетпейді. Сондықтан, әр папкадағы қажет беттердің көпшілігінің ксеро немесе фотокөшірмесін алу керек. Ол көп қаржыны талап етеді. Мысалы, Алматыда архивте ксерокөшірме, фото зертхана жоқ. Көршілес мекемелердегі (сол корпуста) ксерокөшірме әр бетке 80 теңге алады. Бұл да аз ақша емес. Омбыда бір фото 80 рубль (орта бағасы), бір фотокөшірме 50 рубльден 100 рубльге дейін бағаланады. Мен 500 фотокөшірмеге 1000 доллар жұмсадым. 2, 5 айдың ішінде пәтер жалдауға, күнделікті тіршілікке тағы да 600 доллар шығындадым. Ақша жоғарыда аталған кітаптарымның арқасында келді. Қаржы туралы толық баяндау себебім мақтан үшін емес, ғалымдар, аспирант, студенттер білсін деп отырмын. Әркімнен дәл осындай қаржы табыла бермейді. Сол себепті тарихқа қажет құжаттар архивтен әлі шыға алмай жатыр. Институттар ғалымдарға қаржы бөлмейді. Мемлекеттік бюджет қаржы бермейді. Егер Үкімет басшысы мұны түсініп, осы салаға қаржы аямаса, біздің ғалымдар талай ғажап сырларды ашар еді.

Екінші. Архивтегі істердің тым ескілігін, көлемінің (салмағының) үлкенділігін ескеріп, шыдамдылықпен қарап шығуға үлкен жігер, қайрат керек. Омбының архивінде 200-300 жыл жатқан 500-700 беттен 3000 бетке дейінгі істерді қарап шығу өте ауыр жұмыс. Бұл істердің кейбіреулерін 2-3 адам ғана жай қарап шыққан. Толық, терең үңіліп, шын көңілін беріп қарауға папканың өте ескілігі, іші толған тышқанның құмалағы бөгет жасаған болуы керек. Мен Омбыда салмағы 4-7 килограмдық 2000-3000 беттік істерге кездестім. Оларды 3-4 күн қарап, бірнеше беттерін көшірдім. Одан кейін екінші күні қолым, бетім, көзім қышыды. Ол істердің ескілігінен беттердің ішінде тышқанның құмалақтары болғандығынан, бұрын ешкім қарамағандығынан болар. Менен бұрын істерді қараған 5-6 адам тышқанның құмалақтарынан сескенген болуы керек. Бәрі де «Просмотр» деп қолдарын қойып, тезірек істі орнына жіберген. Ал ол істерде Абылай ханға, оның серіктеріне байланысты аса құнды құжаттар бар екен. Міне, ғалымдар осындай істерді қарамайды. Мен қараған істер-

мен танысқан ірі ғалымдардан (165істен) 8 істе Марғұлан аға 1959 жылы шілде, тамыз, қыркүйек айларында машинка көшірмесін алыпты. Академик Зиманов аға 1964 жылы ақпан, наурыз айларында, 1994 жылы 6 істі қарап, фотокөшірмесін алыпты, ал Сапаралиев 30 шілдеден 11 тамыз аралығында 10 шақты істі қарап, «Просмотр» деп аяқтаған. Ғылым докторы марқұм Қасымбаев Кенесарыға байланысты 3 істі (мен 50-ден астам іс қарадым Б. Н.) 1996 жылы тамыз айында қарапты, ал Әуезов Мұрат 1964 жылы Құнанбайдың ісіне байланысты 2 папкадан керегін алған, жазушы Исабаев ағамыз 1977 жылы 10 шақты папкалармен танысыпты (Абылай хан, Кенесары емес). Бекмаханова 1965 жылы аспирант кезінде қараған екі іс кездесті. Көпшілігінде «Просмотр» деп жазыпты. Бұдан басқа қазақстандық ғалымдар кездеспеді.

Үшінші. 1758 жылдан 1820 жылдар аралығындағы істердің жазуларын оқу өте қиын, ескі славян әрпімен жазылған, әсіресе, Абылай ханға және оның серіктеріне байланысты 20-ға тарта істермен танысқанымда 3-4 күн оқи алмадым. Ескі славян әрпін үйренуге тура келді. Біраз уақытым кетті. Кейіннен бір сағатта екі бетін ғана көшіре алдым. Міне, сол себепті көпшілік беттерінен фотокөшірме алдым. Үйге келген соң, еркін отырып аудару мүмкіндігі туды.

Мұны айтып отырғаным - көптеген ғалымдар уақыттың аздығынан қарыптарды оқи алмағандығынан істерге «Просмотр» деп белгі соғыпты. Сондықтан архивтегі жазуларды студенттерге, аспиранттарға, ғалымдарға үйрету қажет деп есептеймін.

Архивтегі істерді толық қамтығыңыз келсе, онда уақытпен санаспаңыз. Мысалы, Абылай хан және оның серіктері, Кенесары, тағы басқа да тарихи тұлғалардың істерін қарап, көшіріп алу үшін ең аз дегенде 3-4 жыл отыру керек {бір күн, бір сағат босатпай, толық жұмыс күндерін пайдаланғанда}. Ал егер бір жылда екі-үш ай ғана уақыт бөлсеңіз, онда ондаған жылдар қажет.

Міне, архивтің осындай гажайып жағдайлары бар. Архивте бар жан-тәніңмен беріліп еңбек ету керек. Қажет деген беттерді көшіріп отырғанда сол хатта жазылған оқиғалардың ішіне сүңгіп кіріп кеткендей, сол уақиғамен біте қайнасқандай бар жаныңды салу қажет. Түскі тамақты ұмытып, таңертеңгі 9.30-дан кешкі 16.45-ке дейін оқу залынан шықпай ең-

бек еттім (Омбыда). Мен темекі тартпаймын, демалуға да шықпаймын. Бір сөзбен айтқанда, бір минут уақытымды бос жібермей пайдаландым.

Соның өзінде Абылай ханның істерінің 20 пайызына таяуын ғана көшірдім. Ал Кенесары туралы 40 пайызын көшірдім.

Жуырда Москва қаласының Ресей Қорғаныс министрлігінің архивінде жұмыс істеп оралдым. Архивтен Абылай ханға және оның сенімді серіктері, Орта жүз старшындары Құлеке мен Құлсары туралы бір кітапқа жүк боларлық құжаттардың көшірмесін алдым. Қазір соны жазу үстіндемін. Құдай қаласа, көп кешікпей бұл кітабымыз да шығып қалар.

- Әңгімеңізге рахмет. Сізге шығармашылық табыс тілей отыра «Асыл мұра» орталығына жоғарыда аталған 17 кітап топтамасын сыйлағаныңыз үшін ризалығымызды білдіреміз.

Жоғарыда өзі айтқандай, 2002 жылы «Абыралы - Сарыарқаның кіндігі» атты төрт томдық көлемді еңбегі жарық көрді. Кітап негізінен мұрағат деректеріне сүйене отырып жазылған. Қазақ елінің XIX ғасырдағы ғылыми айналымға түспеген тарихи оқиғалар кітапта жиі кездеседі. Бұрын ешбір жерде жарияланбаған Құнанбай, Абай, Шәкәрім туралы қызықты деректер де жазылған

Патша өкіметінің отарлау саясатынан туындаған Қазақстанның әр жерінде болған көтерілістер, солардың бірі Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс, XX ғасырдың 30 жылдарының басында қазақ халқының жаппай аштыққа душар болуы, байларды жаппай кәмпескелеу науқаны, осыған байланысты республиканың жер-жерлерінде Кеңес өкіметінің озбырлық саясатына қарсы болған шаруалар көтерілісі жайлы көптеген соны материалдармен оқушылар осы кітап арқылы таныса алады.

Абыралы өлкесінен шыққан ірі танымал тұлғалар жайлы да жазылған.

Жоғарыда аталған 17 кітаптың әрқайсысы 600 беттік. Екі кітап «Абылай хан» деп аталып, Абылай хан туралы құжаттар жазылған. Автор Омбы мұрағатындағы Абылай ханға байланысты 19 істің 1500 бетін көшіріп, 500 беттің фотокөшір-

месін алып, екі кітапқа енгізген. Кітаптағы Абылай ханға байланысты көп құжаттар бұдан бұрын ғылыми айналымға түспеген тың деректер. Абылай ханның патша ұлықтарымен жазысқан хаттарына көп орын берілген. Көп құжаттар біздің атақты жерлестеріміз Құлеке мен Құлсары батырлар жайында жазылған.

Кітаптың тағы бір құндылығы - оған енген мұрағат құжаттары үш түрде берілген. Біріншісі - құжаттың ескі славян немесе араб әрпімен жазылған мұрағат ісіндегі түпнұсқаның ксеро не фотокошірмесі. Екіншісі - құжаттың орыс тіліндегі аудармасы. Үшіншісі, орыс тілінен қазақ тіліне аудармасы берілген. Бұл, бір жағынан, қазақ және орыс оқырмандары үшін дұрыс болса, екінші жағынан, жазылған құжаттың қателігіне күмәндана алмайсың.

Болатбек Нәсеновтің бұл мұрағаттық еңбектері өлкетанушылар үшін, әсіресе, Абылай хан мұрағаты қызметкерлері үшін аса пайдалы еңбек.

Социал ЖҰМАБАЕВ

БАТЫР БАБАЛАР

Есімдері аңызға айналған, ауыз әдебиетінде жыраулардың жыры болып қалған, тарих жолында өшірілмейтін із қалдырған атақты батыр бабаларымыз баршылық. Оларды білуге деген құштарлық күннен-күнге артып келеді. Олар кімдер еді, қандай ерлік жасады, қайда жерленді деген сұрақтар езінен-өзі туындауы сөзсіз. Оған тиянақты жауап беру үшін тарихтың жай-жапсарын қозғап, шамамыз келгенше тереңірек үңілуге тура келеді.

Қазақ арасынан батырлардың көптеп шығуы екі ғасырға созылған жоңғарлардың жойқын соғысына жаппай қарсы тұрудың нәтижесі, әрине. Тарихшылар мұны «Отан соғысы» деп атайды. Елді, жерді сақтау жолындағы қанды шайқаста қылышы мен найзасын алып, сауытын киіп әр азамат атқа мінді, жан аямай соғысты. Ерлер ер атанды, батыр болып тарихта қалды. Солардың ішінде өз өңірімізден шыққан атақты батыр бабаларымыз: Жолдыбай, Жантелі, Меңдеке, Мандай, Нарбота, Тілеке, Сарыбай, Қара Ерсайын, Сырымбет, Құдайберді, Бекболат (оның ұлы Елшібай), Бөкенбай, Ермек, Өрмек, Манабай әр жерде аталып кетеді. Ал Азат, Шортай, Тышқан деген батырлар еш жерде жазылмаған, айтылмаған, бірақ ел аузында берік сақталған. Шал ақын ауданында Шортай, Тышқан деген ауылдар болған, ал Көкшетау темір жолының бойында Азат стансасы осы күнге дейін бар. Оған қоса Сарыбай мен Сырымбет деген елді мекендер де сақталған, бірақ ол екеуі біздің жердің батырларымен аталған ба, жоқ па, ол жағы әлі белгісіз. Жалпы айтқанда, аталған батырларымызды анықтау, табу тарихшылардың, өлкетанушылардың міндетіне жүктеледі.

Ал біз Абылай сұлтанның Орта жүздегі сенімді серіктері, Атығай мен Қарауыл, Керей мен Уақ руларынан шыққан атақты батырлар: Құлсары, Құлеке, Баян, Жәпек, Қанай, Андықожа жөнінде біраз тарихи деректер табылғанына қуаныштымыз. Соларға толығырақ тоқталайық.

Атақты аталарымыздың, белгілі бабаларымыздың біразының мәйіттері Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген. Қасық қаны қалғанша елін, жерін сыртқы жаулардан қорғаған батыр да, әділ билігін жүргізген белгілі би, пері де, байлығы мол байлар да, салмақты сұл-

тандар да, қысқаша айтқанда, елдің бетке ұстар беделді басшылары өзінің ақтық демі таусыларда сүйегін осы қасиетті кесенеге апарып қояды өсиет, аманат етеді екен. Әрине, ол өсиеттердің бәрі орындала бермейтіндігі шындық. Дегенмен аталған кесененің маңынан 121 адамның зиратының құлпытастары табылған. Солардың ішінде біздің де батыр бабаларымыз табылып отыр. Олар: 1) Құлке батыр Тәңірбердіұлы, атақты Шал ақынның әкесі, руы Атығай. 1760 жылдары қайтыс болған 2) Қанай батыр (би) руы Қарауыл XVIII ғасырдың аяғында өлген. 3) Аңдықана батыр, руы Қойлы Атығай, 1672-1752 жылдары өмір сүрген. Бұл топырақта қазақ жұртының талай көрнекті ұлдары жатыр. Олардың көпшілігі төре тұқымдары - хандар. Сақталған құлпытастар әзірше аз. Егер археологиялық қазба жұмыстары тиянақты жүргізілсе, бұл санның әрі қарай өсуі әбден мүмкін. Мүмкін, басқа да әйгілі ата-бабаларымыз осы қасиетті жерде жатқан шығар? Әзірше Түркістаннан жерлес үш батырдың ғана зираты табылып отыр. («Қасиетті мекендегі қала», 2000, 89-92 б.).

Абылайдың Аңырақайдағы ерлігін бірнеше рет қайталаған, оның сенімді серігі, сүйікті батыры болған Баянды ел аңызға айналдырды. Орта жүзді жоңғарлардан азат етуге қатысқан ержүрек батыр, Шоқанның айтуы бойынша, 100 адаммен Қытай әскерін Түркістаннан қуып шыққан. Батыр Баян тарихи деректерде, әдеби шығармаларда орнықты орын алған атақты тұлға болып саналады. Соңғы кездері батырдың есімін мәңгі есте қалдыру жөніндегі игі істер де басталып кетті. Батыр Баян 1705 жылы туып, 1759 жылдары жорық кезінде қазаға ұшырап, қайтыс болады. Денесі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы Шелек ауылының зиратында жерленген деген болжам бар.

Құлке батырдың ұлы Шал ақын бабамыз өзінің бірнеше өлеңдерінде жеті-сегіз жерлес батырларымыздың аттарын атап кетеді.

*Абылайдың тұсында құтпан болған,
Сөйлейін Баян, Қанай, Жолдыбайдан.*

*Құдай жақсы жаратқан Нүрекiнi айт,
Елде жақсы бар болса, бiр-екiнi айт.*

*Атығайда төрт қасқа батыр өткен
Жантелі, Жәпек, Құлеке, Тілекені айт.*

*Әулиені айтсаң, Құлсарыны айт,
Батырды айтсаң, Құлекені айт.*

Жәпек батыр мұрағаттарда сақталған құжаттардың әр жерінде кездесіп қалады, «Қазақстан тарихында» да жазылыпты. XVIII ғасырдың қыркыншы жылдары Галден-Церен (Жоңғардың ханы) Абылайды қолға түсіреді. Бұл жерде екі пікір бар: бірі - Абылай ұйықтап жатқанда қолға түскен, екіншісі - Абылай аң аулап жүргенде ұсталады. Қалай болса да Абылайды қолға түсіреді. Жоңғар ханының мақсаты - Абылаймен жекпе-жекте өлген Шарыш батырдың өшін, Абылайдың басын алу. Абылай дегенмен осыдан құтылып кетеді. Осы кезде Жәпек батыр да Абылаймен бірге болып қолға түседі, бірге құтылып шығады. («Қазақстан тарихы», 3 том, 71 бет).

1742 жылы Әбілқайыр ханның тұсында үш жүздің батыр, билері, ел басшылары Елизавета патшайымға ант беру рәсіміне қатысады. Ант беру қағазы (грамотасы) Орынбордан келеді, соған қатысушылардың әрқайсысы қолдарын қойып, мөрлерін (таңбаларын) басады. Ол қағаз қайтадан Орынборға жеткізіліп, арнаулы комиссияға тапсырылады. Бұл құжаттарды толтыру, түсіндіру, қол қойдыру, тапсыру хан кеңесшісі мен татар тілмаштарының жұмысы. Сол ант беру науқанына Ұлы жүзден - 4 адам, Орта жүзден - 140 адам, Кіші жүзден - 34 адам қатысып, қол қойған. Орта жүздің ішінде біздің өлкеден қатысқан бай-сұлтандар, билер және Сырымбет, Назар, Шағырай, Баян, Олжабай, Құлсары, Бәйімбет, Барғана, Манабай, Құлеке сияқты батырлар болған.

Құлсары батыр, Құлеке батыр жөнінде ауыз толтырып айтар әңгіме баршылық. Себебі мұрағаттарда ол екеуі жөніндегі деректер мол сақталған. Әсіресе, 1740 жылдардан былайғы уақытта екеуі өмірінің соңына дейін бірге жүрген және үнемі Абылайдың қасында болған, әрі ақылшысы. әрі елшілік қызметтерін атқарған. Жоңғар шапқыншыларының беті қайтқаннан кейін (әлі де қауіп басылған жоқ еді) қазақ елі екі алпауыттың - Ресей мен Қытайдың арасында қалды. Екеуі де елімізді бодандыққа алуды армандады, таласты. Абылай сұл-

тан екеуімен де келіссөз жүргізді, алды-артын байқады, бірақ өзі барып оларға бас имеді, қатыспады, тек елшілері арқылы ғана немесе хатпен ғана хабарласқан.

Құлсары (би, әулие, батыр деп әр жерде әр түрлі жазылады) жасы жағынан Құлекеден үлкен. Деректерге қарағанда Құлсары орыстармен жақсы қарым-қатынаста болған көрінеді. Дау-жанжал, келіспеушілік жағдайын екі арада үйлестіруші-дәнекер осы іскер Құлсары болған. Ал Құлекені Абылай сұлтан үнемі ұрыс-керіс болған жерлерге, жылқы ұрлағандарды іздестіруге, жер дауына т.б. жұмсайды екен. Құлсары мен Құлекенің сөздері көбіне бір жерден шығып отырған. Ол екеуі Абылай сұлтанның Қытаймен астыртын байланыс жасап жүргенін сезбеген, бірақ олар Қытаймен ымыраға келуге мүлде қарсы болған, оны үнемі ашық айтқан. Көпшілік жағдайда Абылай сұлтан Құлсары мен Құлекенің пікірлерімен үнемі санасып отырған көрінеді. («Каз.-рус. отношения...», 602-603 б.).

Бір құжатта жазылғанындай, қырқыншы жылдардың басында Құлсары мен Құлекені Орынбор губерниясының тапсырысы бойынша Троицк әскери бекінісінің басшылары шақырады. Әңгіменің басы жоңғарлар мен Абылай сұлтан арасында қақтығыс болуы мүмкін бе? - деген сауалдың төңірегінде өтеді. Сондағы Құлсары мен Құлеке батырлардың берген жауабы: «Жоңғарлар бұдан былай тиісе қоймас. Алда-жалда тиісе қалса, қазақтардың оған тойтарыс бере алатындай шамасы бар. Елін, жерін бұдан әрі де қорғай алады». Бұл пікірлерде негіз де жоқ емес. Ресей мен Қазақ хандығы шартқа отырып, ант берісті. Қазақтардың сүйенері де, қорғаушысы да мықты. Екінші келісілген мәселе: егер сырттан қазақтарға біреу шабуыл жасаса, соғыса қалса, онда олардың балалары мен әйелдері әскери бекіністерге паналайтын болады. Бұған да екі жақ қарсылық білдірмеді, келісті. Одан соңғы талқыланған мәселе жер және оны пайдалану жайында болған. Әр рудың өзіне тиісті жері бар. Олардың арасында талас-тартыс, бірін-бірі ығыстыру жиі кездесіп тұрады. Бірақ екі батырдың көтеріп отырған мәселесі ішкі қайшылық емес, әскери бекіністер арасындағы сызықтар маңы, шекара жиектері, өзендер қойнаулары, т.б. жерлерді қазақтардың әр түрлі мақсаттарда пайдалануы жайында болған. Қойылған мәселелер бірден шешілмегенімен, кейінгі кезде шешімін табар

деген үмітпен оралады батырлар бұл жолы. («Абылай хан», 1980, 81-826).

Орыс бекіністерін басқарып отырған әскербасылар, губерния адамдары Орта жүздің елшілерін жақсы қарсы алып отырса да, Абылай сұлтанның келіссөзге тікелей араласпауы, шақырғанға келмеуі алаңдатады, олардың аз да болса күдігін туғызады. Орта жүз қазақтары (басқа елдер сияқты) жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп-қонып жүрген. Жоңғарлар қырғыны басылса да, шауып, атып-тартып әкету, малды айдап әкету, ұрлық, зорлық-зомбылық басылмайды. Оған қырғыздар да, башқұрттар да, шекарадағы орыстар да кінәлі. Абылай сұлтан шекара басшыларына осындай келеңсіз жайттарды хабарлап, талай шағымданған болатын. Осы дауларды шешу үшін Құлеке батырды кезінде жіберіп отырған. Ол талай істі тындырып, шамасынша малды қайтарып алып отырған.

Абылайдың келесі хаттарында шекарада Есіл мен Ертіс қойнауларында мал жайылымдарын пайдалану үшін рұқсат сұрап, егін егу, балық аулау, т.б. шаруамен айналысу жөнінде көмек беруді сұрайды, яғни құрал-сайман мен басқа жабдықтар жіберуді өтінеді. Ол үшін ауыл шаруашылығын жақсы білетін 10 адамды жіберуді сұрайды. Олар жергілікті халықты кәсіпкерлікке үйретуі қажет. Қазақ жерінде беделі үстем болып тұрған Абылайды шеттетпеу үшін оның хаттарына дұрыс жауап беріп, оған дүркін-дүркін генерал губернатордан құттықтау хаттар мен сыйлықтар келіп тұрған. Мұндай сыйлықтардан Құлсары мен Құлеке де құр қалмапты. Бірде Абылай сұлтан Ресей орденімен марапатталады, бірақ оны Орынборға барып алудан бас тартады. («Каз.-рус. отношения...», 659-663 б.).

Бір жылы Орта жүзде құрғақшылық болып, малдардың қырылып қалу қаупі туады. Осыған орай Абылай сұлтан орыстардан тағы көмек сұрайды. Онысы малдарды аман сақтап қалу үшін қысқа жемшөп дайындау, өзен мен көлдердің жиегіне малдарды оттату, шекарадан әрлі-берлі еркін өткізу, қажет болса арғы бетте қыстап та қалу еді. Егер бұған орыс бекініс-бекеттері көнбесе, онда үлкен қақтығыстарға дейін баратындығын да ескертеді. Абылай сұлтан, Құлеке батыр орыс әскери бекініс басшыларымен келіссөз жүргізіп, бір ымыраға келіп, мәселе оңынан шешіліп отырған. Нәтижесінде Құлсары батырдың алты мың жылқысы мен отызға тар-

та жылқышысы әулие Петр бекінісінен әрлі-берлі тоқтаусыз өтетін болады. Қыстауларда үй салғызу (Құлсарының ұсынысы) мәселесі де шешіледі, бірақ ол үйлер орыс бекіністері аралығындағы сызықтарға жақын салынатын болсын деген талап қойылады. Сөйтіп, шекара маңындағы қазақтардың тұрақты қонысы салына бастайды. Ресей патшалығы қазақтарға қамқорлығының куәсі ретінде бос жатқан жерлерді пайдалану, жайылымды кеңейту, тұрақты үйлер, мал қораларын салу жөнінде шешім қабылдайды. Қыста қысылмай тұру үшін мал-жанға баспана керек деп алғаш айтқан Құлсары болатын өзінің қартайған шағында. («Каз.-рус. отношения...», 602-626 б.).

Ертіс бекінісінің басшылары Абылайға, Құлсарыға, Құлекке үлкен сенім білдіреді. Шекарада жоғалған жылқыларды іздестіру, шекаралық қақтығыстарды реттеу, халықтың арасындағы келіспеушілікті болдырмау осы үшеуіне тапсырылады. Өйткені бұл үшеуінің атағы зор. Нәтижесінде Ертіс өзенінің жоғары бөлігін ортажүздіктер кең пайдаланды. Сол сенімнің арқасында Құлсары мен Құлеке әрқайсысы әр кез 100 рубль көлемінде ақшадай сыйлық, құнды заттар алып тұрған. Ал Абылайға берілген сыйлықтар ерекше: 300 рубль және өте бағалы қымбат заттар мен бидай өнімдері оған Ресейден келіп тұрған.

Абылай сұлтанның тұрақты қонысы қазіргі Көкшетау қаласының аймағы, Құлеке батырдың жері Иман-Борлық пен Аютас аралығы, Құлсары батырдың орналасқан жері шекара бекетіне жақын бүгінгі Қызылжар маңы болыпты.

Әңгімеміздің басында Құлеке, Аңдықожа, Қанай, Баян батырлардың мәйіті қайда жатқанын айтып кеттік. Ал Құлсары батыр жөнінде тағы не айтуға болады? Құлсары тарихта болған адам. Ол жөнінде Ресей мұрағаттарында сақталған дүниеліктер көп. Кей жерлерде оны батыр, кейде елші, тіпті әулие деген де жазылыпты. Орыстар оны және Құлеке батырды старшындар деп атаған көрінеді. Құлсары мен Құлеке арғы аталары бір туыс адамдар және түрлі жорықтарда, елшілікте бірге жүрген адамдар. Қытайлықтарды (тілі, діні, ниғылы бөлек деп) жек көрген, орыстармен әрқашан тіл табысып, үнемі ымыраға келіп отырған адамдар. Он сегізінші ғасырдың алпысыншы жылдарында Құлсары қартайды. Өзінің Құлыбек деген үлкен ұлына орыстармен жақын бол,

қазақтар үшін бұл пайдалы, - деп әсиет айтып кеткен (Омбы мемл мұрағаты, I қор, I тізбе).

Құлсары әулие қайда жерленген? Облысымыздың Есіл ауданындағы Бұлақ ауылы мен Жалғызтаудың арасындағы бір биік дөңнің басында батырдың зираты жатыр. Соны көзбен көру үшін «Асыл мұра» орталығының мүшелері Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев, мен және Мағжан Қалиасқарұлы (батыр-әулиенің ұрпағы) төртеуіміз әдейі іздеп бардық. Биік дөң дегеніміз тауға ұқсаған биік қырат екен. Осы қыраттың басына шығып, төңірекке көз жүгірттік. Ал табанымыздың астында жермен-жексен болып кеткен ондаған адамдардың зираты жатыр. Әрине, бұдан екі жарым ғасыр бұрын жерленген батыр-әулиенің зиратын бірден таптық. Өйткені осыдан отыз жыл бұрын Қалиасқар бабам өзінің көзі тірісінде әулие атасының басына құлпытас орнатып, зиратын қоршатыпты, ас беріпті.

Осы төңіректің адамдары әулиенің басына барып, бата жасап, Құран оқытып, кейбірі басына түнеп те қайтады екен. Біз де білгенімізді оқып, қолымызды жайдық, зиратты фотосуретке түсірдік.

Құлеке нағыз ержүрек батыр, батыл адам болса, Құлсарының батырлығынан ақылдылығы асқан әулие адам екеніне көзіміз жетті. Сөз соңында айтарым: осындай батыр, әулие бабаларымызды еске алып, олардың есімдерін мәңгі есте сақтау жөнінде қолдан келген игі істерді атқару біздердің еншімізге тиіп отыр. Оған жол ашылды, еліміздің мүмкіндігі де бар, сенім де мол.

Ғалым ҚАДІРӘЛИН

АЙБЫНДЫ БАТЫР, АҚЫЛМАН ЕЛ АҒАСЫ

Облыстық мемлекеттік мұрағатта Құлсары батыр, сондай-ақ қазақтың XVIII ғасырда ғұмыр кешкен басқа да тарихи тұлғалары туралы толыққанды құжаттар жоқ. Дегенмен де, Абылай ханның Қазақстанның солтүстігінде болуы және оған арнап Қызылжарда үй салуының тарихи айғақтарын деректермен дәлелдеуді қолға алған кезде облыстық мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасы мен мемлекеттік мұрағаттың қызметкерлері Ресей Федерациясының Мәскеу, Омбы, Орынбор қалаларының мұрағаттарынан деректі материалдарды іздестіру жұмыстарымен айналысты.

Сұратып алынған құжаттар, сондай-ақ, әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінде жарияланған ғылыми еңбектер біздің әйгілі жерлесіміз жайында мағлұмат береді.

Құлсары батыр (1708-1776)- Абылай ханның серіктерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері.

Ол Қазақстанның солтүстігінде туып, осы өңірде жерленген. Құлсары батыр - Атығай руының Құдайберді атасынан тарайтын, өз кезінде аталастары арасында зор бедел иеленген адам.

Оның бүкіл ғұмырнамасы Абылай ханмен тығыз байланысты. Ол өмір бойы Абылайдың сенімді серігі, кеңесшісі ретінде орыс үкіметімен қарым-қатынастарда ханның тапсырмаларын орындап келген. XVII ғасырдағы құжаттарда Құлсары есімі ықпалды старшын және мемлекет қайраткері ретінде аталады.

Құлсары шекаралас мемлекеттермен арадағы тату көршілік қарым-қатынастарды барынша жақсартқан. Осы ретте оның есімі алдымен 1739 жылғы құжаттарда ұшырасады. Ол сол жылы Әбілмәмбеттің ақ киізге отырып, хан сайлану салтанатына қатысқан. 1742 жылдың тамыз айының басында Құлсары Орынбор қаласында Орта жүздің бір топ сұлтандары, батырлары және билерімен бірге орыс патшасына адалдығы жөнінде ант берді. Онда: «Осыдан кейін Орынбор генерал- поручигі И.И. Неплюев мырзаның құзырында болып, мен және менімен бірге Абылай сұлтан, біз білетін түрлі жағдайлар туралы Ресей жағының басшыларына жеткізіп тұруға Орынбор қаласында ант бердік. Осыдан соң ақырында

маған қызметіме орай менің старшын болып жазылғандығым туралы хаттама берілді» деп жазылған.

Бұдан кейінгі жылдары Құлсары Құлеке (1710-1771) батырмен бірге Абылай сұлтанның елшілері ретінде мемлекеттер арасындағы мәселелерді шешу үшін Ресей қалаларына неше дүркін барып тұрған. Абылай сонымен бірге осы көмекшілерін шекара әкімдерімен өзінің және Орта жүздің Атығай руының атынан келіссөздер жүргізуге жолдап отырған.

Елдің шығыс өңірінде бұдан әлдеқайда күрделі жағдай қалыптасқан еді. 1756 жылы қатайлардың тарапынан олардың жоңғарларды түбегейлі жойып жібергеннен кейін айрықша күшті қауіп төне бастады. Осылайша Қытайдың қисапсыз әскері қазақ даласына басып кіруге оқталды. Көптеген сұлтандар мен қазақ руларының старшындары өз ұлыстарымен солтүстік беткейге көшіп кетсе, Абылай бастаған Қожаберген. Құлсары. Құлеке батырлар жасақ құрып, жаудың шабуылына тойтарыс беру қамына кірісті. Тынымсыз, шаршап-шалдығуды білмейтін Құлсары ел жасағын құрушылардың басында аз ғана уақыттың ішінде алты мың жауынгер тоғысқан қол бас құрады.

Сөйтіп, көреген де сұңғыла саясаткер Құлсары батыр отыз жылдан аса уақыт бойы Қазақ хандығын нығайту, оның сыртқы және ішкі саясатын қалыптастыру ісіне белсене қатысып келді.

Ол сондай-ақ қазақ руларының арасында бірлік пен бейбітшілік орнатуға бар жанын салып, өзінің беделімен және шешендік өнерімен ауыз-біршілікке жетісіп, қантөгістерге жол бермеді.

Құлсарының тұрақты қоныс тепкен жері Қазақстанның солтүстік өңірі болды. Оның біздің жерлесіміз екендігін мына құжат айғақтайды.

«Абылай сұлтан Петропавл бекінісінен 250 шақырым жерде Көкшетау маңын жайласа, Құлсары батыр Есіл өзенінің бойымен Петропавл бекінісінен он шақырым жерде қоныстанған».

Осыдан Құлсарының жайлауы қазіргі Петропавл қаласының маңында болғанын аңғарамыз. Құлсарының қонысы айтарлықтай аумақты алып жатты.

«Старшын Құлсары мен Құлекенің қазіргі отырған қоныстары Есіл өзенінің сыртында, Ресей мекендерінен онша-

шықты қашық емес жерде. Мәселен, салт жүргенде он күннен аспайды. Қырғыздар өз ұлыстарымен Тобылдың бойында биыл қыстап шықпақ ойлары бар».

Орыс әкімдері қазақтардың алыс көшіп кетпеуі үшін шаралар қолданып, сонымен бірге қазақ-цин қарым-қатынастарының анық деректерін біліп отыруға тырысты. Осы ретте Абылайды үнемі көз алдарында ұстап, оның цин жағына шығып кетпеуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Осы мақсатпен олар Абылайға және оның серіктеріне, әсіресе, старшындар Құлсары мен Құлекеге бағалы сыйлықтар беріп тұрды.

Қазақ ақсүйектерінің жекелеген өкілдері жылдық жалақы алып отырды. 1759 жылдан бастап Абылай жылына 300 сом алып отырса, Құлсарыға 100 сом тағайындалды. Кейін 1764 жылдан бастап қазақ ақсүйектеріне жылына 1000 сомнан бөлінді.

Осындай құжаттардан Құлсарының «өзіне үй салып, орыстарша тұруды қалайтыны» белгілі болады.

1762 жылы, басқаша айтқанда, әулие Петр бекінісінің (қазіргі Петропавлдың) құрылысы басталғаннан кейін он жыл өткен соң Құлсарының жайлауына 15 адамы бар балташылар келіп, Есіл өзенінің бойында, бүгінгі Қызылжар ауданындағы Архангельское селосының маңында «Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақтардың орыс үлгісіндегі тұңғыш ағаш үйі» деген атаумен тарихқа енгізілген үй салынды.

Халықаралық қатынастардағы саясаткер болғандықтан, Құлсары өзі мен Құлекені Қытай боданы еткені үшін (мүмкін, саясаттағы құйтырқылық амалы болар) Абылайдың өзіне «реніш білдірген» екен.

Құлсары сондай-ақ жергілікті орыс басшылығымен ашық хат-хабар алмасып, оларда өзінің Ресейге деген құрметін білдіріп отырған. Мәселен, 1758 жылдың 29 тамызында генерал-майор Тевкелевке жазған хатында «Ұлы Император патшайымның құзырындағы біз, Құлсары батыр үлкен тағзыммен мен және бауырым Байназар һәм ұлым Құлыбек аса мейірімді патшайымға адалдық танытып, оны өле-өлгенше ардақтап өтетінімді білдіргім келеді. Тыныш та бейбіт тірлік кешіп, ешқандай қақтығыс жасамайтыныма сендіремін...» деп жазады.

Тегінде, осылай бола тұра, орыс әкімдері тарапынан озбырлық пен әділетсіздікке жол беріліп тұрған. Өйтпеген күнде

Құлсары батыр мынадай мазмұндағы ренішті хат жазбаған болар еді ғой: «...Менің бауырларым Байқашы мен Есбердінің екі мың жылқысын айдап әкетті. Біздің адамдарымыз оларды қуып барып, бір мың бес жүз жылқыны қайтарып алды, ал қалған бес жүзін Петропавл бекінісіне айдап әкеткен жылқымызды қайтарып беру, біз сияқты құлдарыңыздың жанын жай таптыру үшін Петропавл бекінісіне Жарлық жіберіңізші.

Осы анық хатымда мен, Құлсары батыр, қара сиямен екі мөрімді бастым».

Петропавл бекінісінде сауда-саттықтың басталуы Абылай есіммен байланысты. Сауда - саттықты ұйымдастыруда Құлсары батыр да белсенділік танытты. Бұл ретте ол әулие Петр бекінісінде неше мәрте болып, осы жайында келіссөздер жүргізді. Полковник Пестонның 1760 жылдың 1 сәуірінде өлке басшыларына жазған ақпарында былай делінеді: «...Осы таяудағы күндері басқа да жақсы старшындармен бірге Құлсары батыр мұнда өздерінде өндірілетін түрлі тауарлардың сауда-саттығын ұйымдастыру үшін келісім жасауға келді».

Егер Құлсарының мәмілегер және мемлекет қайраткері ретіндегі рөлі неше мәрте құжаттармен дәлелденсе, оның әскери істердегі еңбегі жеткілікті айтылмайды.

Соған қарамастан, халық аңыздары мен ескі сөздерінде Құлсарының дарынды қолбасшы әрі қаһарман батыр болғандығы баяндалады. Мәселен, оның басшылығымен Қазақстанның шептерін қорғау үшін он мың адамдық жасақ құрылғаны белгілі. Ол соғыс ісінде алғыр, айлалы адам болған. Әсіресе, барлау мәселесіне айрықша көңіл бөліп, жау күштерінің саны, орналасқан жері жайлы қажетті мәліметтерді күні бұрын біліп отырған. Майдан үстінде батыл да қажырлы қимылдаған, бір өзі талай дұшпанның көзін жойған.

Осының бәрі Құлсарыны ел ішінде «Әулие» атандырған.

Расында да, Құлсарыны Абылай да, өзге адамдар да аса құрмет тұтқан. Оның көріпкелдігі болған. Төнген қауіп-қатерді күні бұрын болжай білген, олардың алдын алып отырған және сырқаттарды індеттен айқытыра алған.

Бүгінгі Есіл ауданындағы Бұлақ ауылынан жеті шақырым жерде Құлсары әулиенің қорымы бар. 1958 жылы батырдың алтыншы ұрпағы Қалиасқар Рақымов осында құпытас қойып, темір қоршау орнатқан.

Кейінгі жылдары Құлсары әулиенің қорымына тәу етіп,
ауру-сырқатынан емделуге жер-жерден келушілер көп-ақ.

Құлсары сынды айбынды батырды, ақылман ел ағасын ұр-
пақтары мақтан тұтады.

Сәуле МӘЛІКОВА,
Облыстық мемлекеттік мұрағаттың директоры

ҚҰЛСАРЫ ӘУЛИЕ МАЗАРЫ -

имандылығымыздың ажары

*«Қазақтың намысын қорғаған Құлсары,
Құдайға ғана құл болған бұл сары».*

Өз заманының ақындары ерлігі мен өрлігін осылай жырлаған Құлсарының рухына тағзым етуімізге мүмкіндік берген Тәуелсіздікке дейінгі сырты бүтін, іші түтін жетпіс жылдың ішінде Жалғызтаудың құбыла жағындағы бір жотасында тербетусіз қалған бесіктей болып жатқан бабамыздың бейітінің басы түнде түнекке айналғанын білетіндіктен де еріксіз еміренеді екенсің. Келмеске кеткен Кеңес одағы тұсында басындағы сәуегейліктің сәулесі сияқты біржарым ғасыр бойы бір сөнбеген шырақ тұтатылған жоқ.

Жарыққа ұмтылған көбелектердей үймелеген әлеумет содыр саясаттан сескеніп, селдіреп қалғанына қарамастан, шырақтың сөнгенін елең қылмағандар табылды: мойнына бұршақ салып, Құдайдан бала тілеген әйелдер, дәрігерлердің ем-домы қонбаған науқастар, тағы басқалары бабамыздың бейітінде түнеуден жаңылмады. Аруақтың қолдауымен балалы болған апаларымыз бен тіпті, Ұлы Отан соғысына қатысып қайтқан аталарымыз да болыпты.

Бабамыздың басына түнеушілер Тәуелсіздігіміздің тізгіні қолға тиісімен бұрынғыдай бұқпантайлауды қойды: бәрі де лек-легімен келіп жатыр. Тіпті, оның басына мазар тұрғызу қолға алынған биылғы сәуірден бергі бес айдың ішінде, құрылыс қызу жүргізіліп жатса да, тәу етуге келушілер мінәжаттан айныған жоқ.

Құрылысы сәуірде басталған бұл мазар негізінен 2-3 айдың ішінде тұрғызылды. Содан бері күні бүгінге дейін бір тыным таппаған «Құлсары батыр» қайырымдылық қорының төрағасы Берік Мұқышев мазарға қажетті миллиондаған қаржыны іздегенде де, жұмысты ұйымдастырғанда да маңдай терін тамшылатты. Тамақтың өзін тандап жейтін ақтаулық құрылысшылардан бастап, қаншама демеушілерге дейін- бәрінің тілін табу оңай болған жоқ. Ал жетпеген қаржыны, басқалар өз алдына, ағасы мен інісі де толықтырды.

Міне, осындай орасан күш-жігер жұмсаудың нәтижесінде тұрғызылған мазар салтанатты жағдайда ашылды. Онда бірінші болып лебіз білдірген әулиенің тікелей ұрпақтарының бірі - Мағ-

жан Рақымов осыдан жарты ғасыр бұрын әкесі тас орнатқан бабасының басына мазар тұрғызылғанына шын жүректен шыққан қуанышын білдірді.

Әрі батыр, әрі әулие бабамыздың мазарының ашылуына арналған салтанат оның етегіндегі шоқ-шоқ орманның қойнауында өткізілді. Оған қатысқан қатары қалың қауымды алдымен облыс әкімнің орынбасары Фархад Қуанғанов құттықтады. Осы ауылдың тумасы болып табылатын ардақты ардагер, облысымыздың Құрметті азаматы Жақсылық Ысқақов бабасының өмірі туралы кеңінен айтып берді. Сібір Федералдық және Ресейдің Азиялық бөлігіндегі мұсылмандардың діни басқармасының жоғары мұфтиінің орынбасары, омбылық Әнуарбек Жүнісов алыстан келген меймандардың атынан жылы лебізін білдірді. Ал көкшетаулық Ғалым Мұсатаев «Құлсары батыр, әулие» деген жаңа кітабын көрсетті. «Құлсары батыр» қорының төрағасы Берік Мұқышев мазарды тұрғызуға қол ұшын берген демеушілердің есімдерін ерекше атады. Сондай-ақ Жақсылық Ысқақов, Социал Жұмабаев, Құдайберген Қалиев, Мағжан Рақымов сөздерімен де, істерімен де көп көмегін тигізгенін тілге тиек етті.

Бір ғажабы таңертең сіркіреп тұрған жаңбыр әулиенің мазары ашылғаннан кейін жаздағыдай жадырап жүре берді. Бәріміз де табиғаттың перзенттері болғандықтан шығар, көпшілік күнмен бірге күлімсіреді. Күнделікті күйбең тіршіліктен қажыған олар бұл күні мәре - сәре күй кешті. Салтанаттың бағдарламасындағы концертті де, күресті де, ақындар айтысын да және атжарысты да түгелдей тамашалауға тырысты. Облысымыздың беткеұстар әншілері түгелдей қатысқан концерт атшаптырым жерге естіліп тұрды.

Кез келген қазақтың делебесін қоздыратын атжарыс көп көрерменін тапты. Онда алдымен құнан бәйге өткізілді. Тоғыз шақырымға жарысқан құнандардың ішінде айыртаулық Ж.Алпысовтың «Амфибия» деген жүйрігі 10 минут 42 секундта бірінші болып келді. Жеңімпазға «ВАЗ» автокөлігі табыс егілді. Тайпалғанда су төгілмес жорғалардың жарысы да адамның айызын қандырды. Бұл жарыста Мағжан Жұмабаев ауданынан атын қосқан А.Литвиновтың жорғасы топ жарды. Жеті шақырымды артта қалдырған оның иесі 1 миллион теңгеге ие болды. Әрине, атжарыстың ең қызығы, ең қиыны-аламан бәйге. 21 шақырым қашықтықты андыздаған қалпында жұлдызай ағып өту жүйріктерінің бәріне бірдей бұйырған жоқ: көмбеге бесеуі ғана жетті.

Бұл жолы да Айыртау ауданының үкілеп әкелген жүйрігі ешқайсысына дес бермеді. «Стрела» деп аталатын сәйгүліктің иесіне автокөлік сыйға тартылды.

Ақындар айтысы әдеттегідей атжарыспен бір мезгілде өткізілді. Соған қарамастан, оны тыңдаушылары аз болған жоқ: ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз көп болды. Айтысқа қатысқан алты жұп қашан атжарыс аяқталғанша жыр жарысын тоқтатпады. Нәтижесінде, көкшетаулық Азамат Қожанов жеңіске жетіп, 60 мың теңге бәйгені қанжығасына байлады. Біздің газетіміздің қызметкері Жарқын Жұпархан екінші орын алып, өзінің өсіп келе жатқанын көрсетті. Көкшетаулық Құрмет Құралхан үшінші орынға ие болды. Қалған тоғыз ақын да жүлдесіз болған жоқ: бәріне ынталандыру сыйлықтары тапсырылды.

Облысымызда палуандар көп-ақ екен: қазақ күресінен өткізілген жарыс екі сағатқа созылды. Осы жарыста «Күш атасын танымас» деген мәтелдің шындығына тағы бір мәрте көз жеткізендей болдық. Онда түйе балуан атанып, бас бәйгеге ие болған Жалтырша ауылының тумасы болып табылатын Төлеген Жетпісбаев орта бойы, дембелше балуан болғанына қармастан, небір еңгезердей қарсыластарының жауырындарын жерге тигізді.

Бірнеше киіз үйлерін тіккен Есіл мен Қызылжар аудандары келген меймандарға ас берді.

Олардың бәрі де Ақтаудың ақ тасынан тұрғызылған шаңқан мазардың ажарына дән разы болды. Рас, оның маңайын көркейту жұмысы және Корнеевқадан Бұлаққа, одан мазарға дейінгі жол әлі жеріне жеткізілген жоқ. Әсіресе, жол ыңғайсыз екен: тегістелгеннен кейін қиыршықтас төгілген соң, ештеңе тындырылмапты. Әулиенің басына күні-түні ағылып жатқан жұрт қиыршықтас төселген жолдың жеріне жеткізілуіне, әрине, тілектес. Міне, осының бәрі аяқсыз қалмайды деп сенемін. Құлсары әулиенің мазарының айналасы да, оған жеткізетін жол да мін-мүлтіксіз болғаны жөн.

Қуаныштысы сол - мазардың жанындағы қонақүй бітіп тұр. Оған кереуеттер қойылады, пеш орнатылады және жарық тарту да ойда бар. Сөйтіп, әулиеміздің басы тамаша ғибадат орнына айналады.

Болат ҚОЖАХМЕТОВ,
«Солтүстік Қазақстан»

ҚҰЛСАРЫ ӘУЛИЕ ҚАЙДА ТУҒАН?

Мұны анам айтқан еді

Менің әкем Қасен Маңыбай ауылында 1886 жылы дүниеге келген екен, ал шешем Ажар 1890 жылы Ырсай ауылында туған. Бұл екі ауыл бірігіп, Жарғайың ауылының батыс жағын Маңыбай жағы десе, шығыс жағын Ырсай жағы деп атайды.

Шешемнің айтуынша, Ырсай ауылында екі әулие дүниеге келген екен. Шешемнің әкесінің әкесі Байтоқ бабасының айтуы бойынша солардың біріншісі- Құлсары әулие.

Құлсарыға әулиелік, емшілік қасиет он үш жасында қонса керек. Ол науқастарды тұзбен сипап, ем жасапты және болашақты болжап, елге ескертіп отырады екен. Шамасы 12-13 жасында ауылдасы Қожан деген құрбысымен оңтүстікке келген саудагерлер керуеніне түйе жетектеуші болып, Тараз жаққа барса керек. Онда жылдан аса жүріп келген соң ауылында әулиелік қасиеті біліне бастайды.

Құлсары жігіт кезінде Есіл бойын жаулап алмақ болған қалмақтарға қарсы қол жиып, жерлестері Құлеке, Жанатай, Маңыбай батырлармен Абылай ханның басқаруымен қалмақтарды қырады. Бұл шайқас С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында суреттелген.

Құлсары әулие, шөбересі Избасардан (Басардан) әулие шарапатты ер бала туады, ол баланың есімін Қиықсары қойындар деген екен. Айтқандай, Избасардың әйелі ұл туады және оның есімін Қиықсары қояды. Қиықсары сегіз жасында Есілге суға кетеді. Баланы судан алып шыққанда бір сәт уақыт өтсе де, бала тірі және оң қолына бір уыс тұз уыстап шығады.

Қиықсарының да әулиелік, емшілік қасиеті 13 жасында айқын біліне бастайды. Бұл әулие де тұзбен ем салады екен.

Қиықсарының көрегендігі туралы аңыз-әңгімелер баршылық. Әулиенің немересі Байтоқ үйленгеннен кейін үш жылдай перзент болмай жүреді. Бірде бұл жағдайды сезген әулие: «Келінім уайымдамасын, екі ұлды болады, үлкенінің есімі- Молданазар, екіншісінің есімі Шілденазар болсын», - депті.

Айтқандай солай болады. Молданазар- менің шешемнің әкесі және Сауытбай. Сауқым. Сейіл деген ұлдары болған.

Қиықсары әулиенің зираты бұрынғы ескі Ырсай зиратында, Амангелді мен Жарғайың ауылдарының арасында.

1958 жылдың қыркүйек айының бір жексенбісінде шешем маған: «Ескенжан, биені жегіп, мені туған ауылымның орнына, Ырсай, Маңыбай, Қожан пірәдар, Қиықсары әулиенің зираттарына апар. Және саған да ата бабаңның өмір сүрген жерлерін көрсетейін», - деді. Жексенбі күні ертерек биені жегіп, шешем екеуміз жолға шықтық. Есіл өзенінен, Ырсай өткелінен өттік. Маңыбай өткелі күзге қарай тереңдеу болады екен. Ырсай өткелі жалпақтау болса да, таяз. Өткел көрмеген маған және көкжал биеге қорқыныш туғызса да, шешемнің ақылымен дұрыс өттік. Әуелі Жарғайыңның шығыс жағындағы ауыл ортасындағы зиратқа тоқтадық. Мұнда шешемнің туған ағалары Сауытбай мен Сауқым жерленген екен. Шешем маған әкем және өзі үйреткен сүрелерді оқытып, бата қылды. Жарғайыңнан шығыс жағына бет алдық. Шешем жол бойы маған жер аттарын айтумен болды. Шамасы, қазіргі Жарғайыңнан үш-төрт шақырымдай жерде Ырсай ауылы болған екен. Жүріп келе жатқан жолдың сүрлеуінің Есіл жағындағы балапандап өсіп келе жатқан жас қайыңдардың бауырына тоқтатып: «Міне, Ескенжан, осы жерде мен туған және әулие бабаларым туған Ырсай ауылы болған. Біз көшіп кеткелі отыз жылдай болып қалыпты-ау», - деді. Бала кезі есіне түссе керек: «Мына жер біздің үйдің орны болу керек», - деп шешем көзіне жас алды. Сол орынның қарсы жағында зират көрінеді, біз сол зиратқа бардық. Бұл Қожан пірәдар қойылған ескі Ырсай зираты екен.

Бұл жерде шешем намаз (бесін) оқуға тоқтады, үйден алып шыққан айран мен бауырсағымызды жеп, біраз айналдық. Сол уақыт ішінде шешем біраз тарихи мағлұмат айтты. Қожан пірәдардың бір баласы баяғы бала кезінде әкесі барған жаққа көшіп кетсе керек. Сол барған жерде Ұрқия дейтін қызын сол елдің бір болысы тоқалдыққа алады. Алғашқы ұлы 8 жасқа келгенде Ұрқия қайтыс болады. Қайтарда ұлын шақырып алып, Ұрқия шешесі айтыпты: «Қабдрашит, сенің нағашы жұртың- көкшетаулық Қожан Пірідар, руы Ырсай, ержеткен соң іздеп таңыс» - депті. Сол жиен 1964 жылы 57 жасында жанына Сабыр деген шөбересін ертіп, сонау «Сарыағаш» курортының жанындағы Шыршық деген қаладан іздеп келіп, осы зиратқа және басқа да зираттарға дұға оқып,

біздің үйде үш күн, Қарабұлақ ауылында Кәкімов Темірханның үйінде үш күн болып, еліне аттанған еді. Ұрқия шешесі Қабдрашит баласына Құлсары әулие бабасы туралы айтқан болу керек, себебі, шешемнен Құлсары әулиенің зиратының қайда екенін сұраған болатын. Шешем: ол әулиенің зираты сонау Жалғызтау маңында, - деп жауап берген еді. Ол жиен әулие зиратына бара алған жоқ. Қиықсары әулиенің зиратына барып, дұға оқығаны есімде.

Шешем екеуміздің сапарымыз енді Қиықсары әулиенің зираты болды. Тоғай ішіндегі сүрлеу жолмен жүріп келеміз, жолдың оң жағындағы қарасу «Үшкеншек» деп аталады, деді. Мен түсінбегем едім, шешем: бұл атау үш келіншек деген сөзден қалған деді. Ырсай ауылынан үш келіншек суға түсуге барып, үшеуі де суға кеткен екен. Содан сол терең қарасу осы күнге дейін Үшкеншек деп аталады. Қиықсары әулиенің зираты жолға жақын екен, шешем болжап отырып, зорға таптық. Орнатқан тас бар екен. Жазуы көрінбеуге жақын қалған және арабша жазылған. Тас алдында жатқан табақша тастың астында келушілер садақаға тастаған күмістер жатыр, біз де аят оқығаннан кейін садақаға тиын-тебен салдық. Тастан бейтаныс адам ешқандай мағлұмат ала алмайтын еді, сондықтан маған ой келген еді: қазіргі әріптермен жазып, тас орнату керек. Бұл ойды 1996 жылы орындадым. Күйеу балам Имантаев Ғалымға тас құйдырып, «Руы Атығай, Құдайберді ішінде Ырсай, І збасарұлы Қиықсары әулие 1848 жылы дүние салды» деген жазу жаздырып, оны орнаттық.

Келесі баратын жеріміз - менің бабаларым жатқан Маңыбай зираты. Ол зират Жарғайың ауылының батыс жақ шетінде болатын. Анам мені басқа да жерлермен таныстыру үшін алқа ішімен жүргізді. Жолшыбай шешем ауылдың екі шабындық алқасы бар екенің айтты. Енді ат басын зиратқа қарай бұрып келе жатқанда анам: «Есенжан, сәл тоқта, мына ойпаңдау жерде 1918 жылы ақтардан қашқан қызылдың әскерлері ауылдың төрт азаматын атып кеткен еді, солардың бірі сенің Жақып қажы бабаң еді», - деді. Зиратқа да келдік, бұл зиратта Маңыбай батырдан тарағандар жерленген. Қалың өскен қара мойылдан әр қабірдің басына баруға мүмкіншілік болмады, жақындап барып аят оқыдым, шешем дауыстап өзі білетін аруақтарға бата жасады.

Шешем 18 жылдан кейін осы зираттан топырақ бұйыратынын білмеген де болар? Тек қана осы жерден топырақ бұйырсын деген тілегі есімде болып, 1976 жылы 31 тамызда сол тілегін орындаған едім.

Біздің елдің жазғы жайлауы Торанғыл көлі болатын, ол көлді Бөрі Торанғыл деп те атайды, деп сөзін жалғастырды шешем. «Сонда бөрі-қасқырлар көп болған ба?» -деп сұрадым мен. «Жоқ, Құлсары әулиенің әкесінің есімі Бөрі болса керек. Бөрі әулеті қашан қар түсіп, суық болғанша сол көлді жайлайды екен. Бөрі тұрған көл деген сөз содан қалған болу керек. «Тұрған көл» деген сөз тіркесі айтыла келе Торанғыл деп аталып кетсе керек, - деп шешем екінті намазын оқуға дайындық жасап жатты. Мен биені доғарып, Есілден суара барғанда тік жар астынан шығып жатқан суды көріп едім, суы сұп-суық және өте мөлдір екен.

Мен келсем, шешем намаз оқып болып, жерде төселген көрпешік үстінде отыр екен. Әлгі ағып жатқан су туралы айтқанымда, анам маған таңырқай қарап: «Япырай, қос бұлақ жарықтық әлі бар екен ғой. Биені байла да, жүр көрсетші сол суды», -деп анам екеуміз төмен қарай түсіп, сылдыраған суға келдік. Шешем жан-жағына болжай қарап: «Иә-иә, сол бұлақ екен», деп жүресінен отырып, қос алақанын суға толтыра алып бетін шайды, аузына су алып, жартылай жұтып тамсанып: «Бұл жерді «Қосбұлақ» деп атайды. Жақып қажы бабаң осы бұлақтан су алдырып ішуші еді. Екінші бұлақтың көзі бітеліп қалған-ау көрінбейді ғой», - деді.

Арбаның жанына келген соң шешем жердегі көрпе үстіне жайғасып, әнгімесін жалғастырды. «Бұл зиратты Маңыбай зираты деп атайды. Жақып қажы бабаңның айтуы бойынша Маңыбай батыр болған және Құлсары батырдың қолымен бірге, қалмақтармен соғысқа қатысқан. Құлсары батыр әрі әулие болғандығын Жақып қажы айтып отырушы еді. Құлсары әулие жаман аурумен ауырады (шамасы, сол кездегі қазақ жеріне келген бір індет болуы мүмкін). Құлсары әулие індеттен жазылмасын және қай күні о дүниелік боларын да білген. Және туысқандарына мынадай өсиет арнаған. «Мен қайтқаннан кейін ақ киізге орап, желмаяма теңдеп байлаңыздар да, оны тұрғызып жіберіңіздер. Желмая қай жерге шөксе, мені мол жерге жерлеңіздер». Желмая Жалғызтау маңайында бір дөңнің басына шөгеді. Батыр әулие сол жерге қойылыпты

және қабірін қазғанда үлкен тас шығыпты, сол тасты белгі ретінде басына қойыпты, мұны да әулие айтып кетіпті, дейді.

Анамның Құлсары, Қиықсары әулиелер және Маңыбай зиратында жерленген қасиетті адамдар туралы әңгімелерін тыңдап, бұл өңір дін орнаған қасиеті мол аймақ екенін бірінші рет естіп, кейін жылдар өте анамның аңыз әңгімелерінің ақиқат екеніне көзім жеткен еді. Ол өзіне басқа ұзақ әңгіме. Құлсары батыр - әулиенің қабіріне зиярат етіп, ауру-сырқауынан айыққандар болды, әлі де әулиенің шапағатына сеніп, тәу етушілер легі толастар емес. 2011 жылы қыркүйек айында ашылған әулие басына салынған сәулетті кесене халықтың қалауымен, қолдауымен көтерілген еді. Құлсары әулиеге арналған кесененің ашылуына арналған аста мен де болған едім.

Сол жиында жасалған зерттеу-ақпараттарды тыңдап, әулиенің өмірі туралы көп мағлұматтар жиналғанына көзім жеткен болатын. Бірақ сол ақпараттарда әулиенің қай жерде туғаны туралы мәлімет айтылған жоқ, мүмкін, зерттеушілер оған көңіл аудармаған болар, не мұрағаттарда ондай фактілер болмауы да мүмкін.

Сол астан кейін маған анамның, әкем Қасеннің айтқан әңгімелері есіме түсіп, бұл сырды жазуға тура келді. Бұл - ақиқат.

Ескендір НҰРЫМОВ,
зейнеткер

САРДАР

*Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*

*Ел-жұрты ардақ тұтқан атын кенен,
Мақтансақ, мақтанайық батырменен.
Қорғаған туған ұлтын жауларынан,
Ерекше жаралмай ма батыр деген.*

*Күн болып жарқырайтын ел көзінде,
Білінер ұлы сипат жорегінде.
Есейіп елін таныр азамат боп,
Жұрты үшін айналар ол шер-көңілге.*

*Көреді айналада елді небір,
Ісіне тамам жұртты сендіреді ұл.
Ауырын туған қоныс көтеруге
Болады қамын жеумен шерлі көңіл.*

*Шағады оған енді ел де мұңын,
Ардақтап пана қылып берген ұлын.
Жауынан елін азат етемін, деп
Батыр да тербетеді шер-көңілін.*

*Батырлар серік болған Абылайға,
Ханынан аянаттын жаны қайда?
Отанға, елге деген зор ілтипат
Бойына батырлардың дарымай ма?*

*Ел болып, ұрпақ сақтау қамыменен,
Қаншама ерлер өткен алып, ерен.
Жауынан азат болып ұлы дала,
Жуылған сол ерлердің қаныменен.*

*Құлсары сондай ердің бірі болған,
Тұлғасы - зор, атағы ірі болған.
Жаратқан өміріне ризық беріп,
Тудырған Айын солдан, Күнін оңнан.*

*Сенімі болмас істі ер істей ме,
Ер ісін елі аманда теріс дей ме?
Құлсары, Құлекемен екі батыр -
Тірегі Абылайдың теріскейде.*

*Екеуі ел шетінде салып айбын,
Жүргенде басып кірген жауы қай күн?
Арасын орыс, қытай бітістіріп,
Ұстанған саясатын Абылайдың.*

*Абылай елге жайлы, жауға зәрлі,
Жауларын айбарымен арбап алды.
Көрішпен орыс, қытай кезек дос боп,
Ұнатқан дұшпандарын алдағанды.*

*Жүргізген саясатты мығым қылып,
Осыны сарбаздарға ұғындырып.
Жауларға іш пікірін сездірместен
Олардың алады екен сырын біліп.*

*Жақсының, міне, осындай заты қайда,
Бір өзі тамам жұртқа татымай ма?
Құлсары ардақты боп аймағына
Әйгілі сардар болған Атығайда.*

1757 жылғы 30 қыркүйекте Железин бекінісінен түскен рапорт Құлсары батыр Ертісті бойлап, ауылдарын қоныстандырған екен. Ондағы мақсаты - елді шығыстан қалмақтардың тұтқиылдан жасайтын шабуылынан қорғау. Тегінде, ол Абылай ханнан осындай тапсырма алса керек.

Батырдың қол астында он мың сарбазы болғанын осы мұрағат дерегі айғақтайды

Құлсары батырдың сұңғыла, аңғарымпаз, ақылды батыр, көсем әрі сарбаз болғандығын айғақтайтын мысалдар көп-ақ. Соның бір дерегі мынау:

*Құлсары кемел мінез, ойға мығым,
Болынты әрі өзі айлалының.
Орысты жаңылдыру мақсатымен
Жасыра білген жөнін жайлауының.*

*Емес құр кең даланы кезіп жүрген,
Қашқын да емес елден безіп жүрген.
Орысқа тым жақындау жөн емесін
Толғамды пайымымен сезіп жүрген.*

*Болыпты ойы зерен, кемел әрі,
Ақылмен ұға білген замананы.
Орыстың әкімдері жансыздармен
Аңдуын басқан ізін шамалады*

*Басқару жөн деп ойлап елімді еппен,
Қорғаған малын жайған жерін көппен.
Жан-жағы аңдушылар көп болғасын,
Бекініске осылай сенім кеткен.*

1759 жылғы 20 наурызда Ресей сыртқы істер алқасына А. Тевкелев пен П.Рычковтың жазған хатынан үзіндіде қытайлықтар мен орыстардың қазақ даласына ықпал жүргізудегі таласы сөз болады да, қырдағы Құлсары батырға тілмәш Арапов деген келіп, оның тамырын басып көреді.

Сондағы Құлсары батырдың іс-әрекеті төмендегідей:

*Бұл өзі жағдай болды қам ететін,
Қытайлар танытып тұр әрекетін.
Секілді темір ноқта қатты келер,
Бір енсе шыға қоймас бәлекетің.*

*Біз қазақ көнбес елміз қорлықтарға,
Асатын ел талаудан зорлық бар ма?
Қашқар мен Жаркентті қытай алса,
Орысқа бет бұрамыз сондықтан да.*

*Мұндайда болу керек епті нағыз,
Соғысса біздер-дағы шеп құрамыз.
Қытайдың қайтаруға бетін енді,
Сондықтан ақ патшаға бет бұрамыз.*

*Бұл ақыл Абылайға да ұнағанын,
Көңілі ризалықпен құлағанын*

*Білгесін Тевкелевтің елшісі де
Құптапты Құлсарының бұл амалын.*

*Абылай жақсылықтың жолын көріп,
Қалыпты Құлсарыға көңілденіп.
Қытайға қарсы аттанар жөні бар деп,
Қолдаған Құлсарыға сенім беріп.*

Ақ патшаның әкімі Вейморонның 1760 жылғы мамыр айында Құлсары батырға жазған хатынан:

«Аса қадірлі Құлсары батыр! Сізбен жүзбе-жүз кездесіп, тілдеспесем де, осында қолбасшы болып жаңадан қызметке кіріскеннен бері сіздің Ресей патшалығына адал берілгеніңізді естіп жатырмын. Осындай қызметіңіз үшін ұлы мәртебелі патшайымның сізге арнаған жылы лебізі мен марапаты бар... Бұқарлық саудагер Әлім Шиховқа тауарын алып өтуге, аман-есен саудасын жасауына қамқор болуыңызды сұраймын.

«...Сізді, Абылай сұлтанды, бүкіл Орта жүзді қауіп-қатерден қорғайтынымызға сеніңіз, қажет болса, сіздің ұлыстарды шекараның іш жағына өткізіп жіберуге де дайынбыз»

*Жақсыны балаған жөн шын асылға,
Болады осылайша сыр ашуға.
Беделі Құлсарының күшті екенін
Айғақтап тұр ғой осы расында.*

*Іс-қимыл бөлек болар жауға деген,
Өзгеше жол салынар саудаменен.
Сондықтан Құлсарыға сенім артып,
Көпесті аман-есен қорға деген.*

*Болмайды батыр барда елде бүлік,
Ел-жұрттың оған әбден ергені нық.
Орыстың әкімдері соны аңғарып,
Өзге емес, Құлсарыға сенген ұлық.*

АБЫЛАЙ МЕН ҚҰЛСАРЫ

Абылай ханның Көкшетауда, Бурабай жағасында тігілген он сегіз қанат ақ ордасында оның шақыртуымен келген Құлсары батыр екеуі оңаша ел-жұрт тағдырына қатысты мәселені шешуде.

Абылай:

- Құлсары, азаматсың нардың нары,
Ардақты батырсың зой Арғындағы.
Көсемі Атығайдың сен өзіңсің
Пір тұтқан қалың елің алдыңдағы.
Қазақты орыс, қытай бірдей қамап,
Белгілі алдымызды тар қылғаны.
Қосылып осыларға қалың қалмақ,
Осындай бір қиындық бар мұнда әлі.

Бағынбай Қытайға да, орысқа да,
Арманым - елді сақтау қоныс сала.
Осыдан аман-есен қала алсақ,
Сол нағыз шығар еді жөн іс бола.
Алашқа мыңғыртып бір малды жайсам,
Жан-жағым жасыл жайлау, өріс тола.

Ұстанған амал-айлам саған мәлім,
Елім деп әрқашанда алаңдадым.
Түбінде бір керегі болар деумен,
Қалмақтың тығып жүрмін адамдарын.
Орысқа Әмірсана қажет боп тұр,
Ұстатып оны бірақ қала алмадым.

Алаштың жері байтақ, даласы кең,
Бұл қазақ аты шыққан сарасымен.
Бірігіп Әмірсана кетпеу керек,
Табысып туысқаны Дауашымен.
Екеуін дүрдараз ғып отырмын мен,
Ерегес жүре берсін арасымен.
Қалмақтың қайсы бізге туыс дейсің
Тең келер ағайын ба нағашыңмен?

Қытайға - Боғдыханға салдым кісі,
Бізді ол да келіп отыр зар қылғысы.
Тайкелтір, Тоқтамыспен кетті сонда,
Бассын деп Боғдыханды жанның мысы.
Оған да қараймын деп уәде еттім,
Сол болса оның менен бар білгісі.

Екі оттың ортасында күйеді кім,
Әйтеуір, аман болсын иелігім.
Дұшпанның екеуін де алдау керек,
Осылай саясатта жүзе бүгін.
Мықтыны мықтыға айдап салып қойып,
Керек қой біреуіне сүйенуім.

Әйтеуір, біз таппаймыз алда тыным,
Адамның орны бар ғой әр затының
Көгеріп көсегеміз кетпесе де
Жөн болмас амал қылмай жай жатуым.
Мен саған сыр бөлісіп, шынымды айттым,
Не дейсің бұл амалға, ал, батырым?!

Құлсары ойы өрнекті, сөзі зерлі,
Қайратты, кемел әрі бек жігерлі.
Айтқаны ұлы ханның ойға қонып,
Саясат шұңғылына көз жіберді.

Дейсің ғой мына заман құрысын бұл,
Әйтеуір, болашақтың түбі - шұңғыл.
Қытайды темір нөқта дейміз-дағы,
Сонымен көрейікші дұрысын бір.
Осымен бұл ісіміз неге тынсын,
Қытайдан қауіп мол ғой төнетін шын.
Тайкелтір Боғдыханның тілін тапса,
Ол итің уәдеге сене тұрсын.

Ризықты әкелер деп ырыс айдап,
Хан-ием, отырсыз-ау дұрыс ойлап.
Боғдыхан сізді «Ұлым!» деп атап жүр ғой,
Оның да барып тұрған мұнысы айла-ақ.

*Қос жауды қатар соғып жеңесіз бе,
Бұл жағы қиын болмас неге Сізге?
«Ұл» десе ұлы болып жүре тұрып,
Орысты алдау үшін көнесіз де...*

*Қалмақты бөліктейік не қылса да,
Әйтеуір, Тәңір қылысын соңын сара.
Қазаққа қауіптісі Дауашы емес,
Қазаққа қауіптісі Әмірсана.*

*Дауашы тұрмау үшін жолымызда,
Жүрсінші Әмірсана қолыңызда
Екеуін бір-біріне қарсы қойсақ,
Түспей ме екеуі де торымызға.*

*Қолдайық екеуін де емексітіп,
Екеуін де біздерге керексітіп.
Бастары бірікпейді сонда олардың -
Түбінде біз шығамыз ерекше ұтып.*

Абылай:

*Шабасың, беу, батырым, алыс қалай,
Шешілген өзіңменен бар іс талай,
Тағы да көңілімнен шығып тұрсың,
Болжаған болашақты, данышпан-ай!*

*Бір сөзің жоқ еді зой текке кеткен,
Ақылың түбі терең, неткен өктем.
Енді сен Орынборға аттанғайсың,
Жолығып Неплюев, Тевкелевпен.*

*Патшаның көкжалдары, жандаралы,
Қазақтың қамы емес қой арнағаны.
Алашты қалай жұтып аламыз деп,
Ашылып жүрген жоқ па арналары.*

*Сен бар да сол екеуін сендіріп кел,
Сақтайды тап өзіңдей елді мықты ер.
«Абылай Боғдыханға көнбейді!» деп,
Көңілін әлгілердің желдіріп көр.*

*Болсыншы ақылың зор, мол ұстамың,
Сонда біз жасамаймыз қонысқа мін.
«Абылай қытайларға дос емес» де,
«Абылай қолдайды, де, орыс тағын!»*

*Әңгіме осыменен тамамдалды,
Соқпағы саясаттың тарамдалды.
Орыс та, Қытай дағы сөзге сеніп,
Абылай Құлсарымен соны аңғарды,*

*Ежелден ысылған соң біліп көпті,
Құлсары қылар жөнін ірікпепті.
Ханының тапсырмасын орындауға
Сол сәтте Орынборға жүріп кетті.*

ҚҰЛСАРЫ БАТЫРДЫҢ ҚЫТАЙ БОҒДЫХАНЫНА ЖАУАБЫ

*Богдыхан жөн-жосықты танымай да,
Ескертіп хат жолдапты Абылайға.
«Тарбағатай тауларын сұрапсың сен,
Бұл өзі барып тұрған нағыз айла.*

*Қазақтың жері жай да кең емес пе,
Сен неге үйір болдың ерегеске?
Жоңғардың Іле бойын қоныс қылып,
Сол жерге иелігі келеді еске.*

*Сен бізге жау емессің жолықпаған,
Қалайша хан боласың соны ұқпаған?
Орыстың қолтығына кіріп алып,
Бір күнде шыға келдің болып бодан!»*

*Астамдық ұнамастан мұнша мына,
Жауапты берген екен Құлсары да.
Қытайдың көмбе байлап алғандай-ақ
Зор екен тәбеті де, құрсағы да.*

*Богдыхан қырға төксе мол әскерін,
Болмайды осы жерде толас тегін.
«Богдыхан, Ресейге өткізуге
Қытайдың әскеріне жол аш !» дедің.*

*Тағы бір сауалың бар елеңдеген,
Дәмең мол оған қазақ көнер деген.
Әмірсана, Шеренді сұрайсың сен
Қазақтың сөзі бар ма ед «Берем! деген.*

*Сөзім жоқ сөйлесетін сенімен,
Басқа сөз естімейсің, тегі, менен.
Қазақтар Ресеймен дос болғасын
Өткізбейді әскеріңді жеріменен!*

АБЫЛАЙДЫҢ ҚҰЛСАРЫНЫ ДАУАШЫҒА ЖҰМСАУЫ

*Көкшетау. Бурабай-көл. Хан мекені,
Белгілі хан-мекеннің сәнді екені.
Абылай қалың ойға отыр шомып,
Бір қиын шаруамен әлде, тегі?*

*Не екен ханды сонша елеңдеткен,
Түсіп жүр үнжырғасы неден көптен?
Он ойлап, жүз толғанып отырғанда
Орайы мәселенің келер деп не ең?*

*Жоңғармен екі ара ушығады,
Айдап сап орыс, қытай қырсығады.
Қазақ боп, қалмақ болып соғысса егер,
Кім білер қай жағына кім шығады?*

*Абылай осыны ойлап толғанады,
Қандай күн туар екен алдан әлі?
Жегідей жанын жеген көп ойлардың
Ашылып жатыр толған арналары.*

*Қарайлап әрекет қып шамасына,
Көп ойды алды түйіп санасына.
Ақыры, бір тоқтамға келді сонда
Жібермек болып елші Дауашыға.*

*Насырға асырмауға мұнша мұны,
Қазақтың жөн болар ед тұса күні.
Дауашы - Әмірсана ерегесін
Жұмсады қоздыруға Құлсарыны.*

*Өзгеден ақыл-айлаң сенің артық,
Сондықтан отырмын мен сенім артып.
Қытаймен екі ортаға от тастасақ
Екеудің күн көреді елі қайтіп?*

Көргейсің бұлай бұрап, олай бұрап,
Дау емес шешілетін оңай бірақ.
Орыстар Дауашыны қолдап отыр,
Біз үшін Әмірсана қолайлырақ.

Сыйынып бір Тәңірге «Оңғар да!» деп,
Құлсары елші болды жоңғарға кеп.
«Абылай қайсымызды қолдайды?» деп,
Әмірсана толғанып болған-ды әлек.

Құлсары Дауашымен ақылдасты,
Абайлап, ізін аңдып, тақым басты.
«Әмірсана - туысың, жақын болғай,
Әйтпесе қытай алар ғафыл басты!»

Ойлама бұл сөзімді көріп айып,
Ақылмен екеуара соны ұғайық.
Жоңғарды Әмірсана басқара алмас,
Жоңғарға хан болуға сен лайық.

Алайда бұл істе бар бір-ақ қылау,
Бізге де ұнамайды сұрақ мынау.
Абылай сені қолдап кетер еді,
Қытайға Әмірсана ұнап тұр-ау!

Бұл айла Дауашыға қонбады ма,
Әлде ісін құдай өзі оңдады ма?
«Қытайға мен ендеше қарсы аттанам!,
Деді де әмір берді жоңғарына.

Қазаққа керегі де осы еді ғой,
Бір істі Тәңір өзі шешеді ғой.
Әмірсана қазақта қалып қойды,
Жоңғарды қытай қырып, көседі ғой...

Абылай кеңейтуге керегені,
Әлгі дау өршітуге себеп еді.
Жоңғарды қырып салды қытай келіп,
Тәңір де қалмақтарды жсебемеді.

Әскер жоқ, қырылған соң елі-дағы,
Әмірсана оңаша қамығады.
Көмегі Абылайдың іске аспай,
Әмірсана амалсыз сан ұрады,
Жоңғардың тас-талқан боп шаңырағы.

Жоңғардың күйреді елі соныменен,
Тарихқа кете барды жөніменен.
Абылай қалмақтарды құртып жіберді,
От көсеп Богдыханның қолыменен.

Көп түскен жоңғарлардың құрсауына,
Қазақтар құтылды одан мұрша қыла.
Жоңғарлар жер бетінен жойылуга
Осылай үлес қосты Құлсары да.

Бүгінде біз жазамыз шымыр өлең,
Осы ғой замананың сыны деген.
Әрі елші, әрі батыр сұңғыла ойлы
Құлсары ғажап тұлға-ау, шыныменен.

АБЫЛАЙДЫҢ ҚҰЛСАРЫНЫ ҚАБЫЛДАУЫ

*Әрі елші, әрі батыр, қолбасы да,
Ханының серігі де, жолдасы да.
Ханының тапсырмасын тындырған соң
Құлсары келді Абылай ордасына.*

*Батыры атқарған соң бұйымтайды,
Абылай хан отырып шын марқайды.
Батырдың құрметіне әмір беріп,
Ордада сойды оған семіз тайды.*

*Жиылған жарандардың бәрі нығыз,
Отырды қаниша батыр, алыбыңыз.
Жайылды қазы, қарта дастарқанға,
Құйылды тегенемен сары қымыз.*

*- Елім-ау, деп сөз айтты гүлама хан,
Хан сөзі қалай жұртқа ұнамаған?
Батырды Құлсарыдай серік қылып,
Тәңір де ризық етті мына маған.*

*Қалмақтан көруші едік анық керді,
Тәңірім сара жолды салып берді.
Құпия тапсырмамен қас батырым,
Қалмаққа - Дауашыға барып келді.*

*Осылай еңбек етті барын сала,
Дауашы уәж айтып тарылса да,
Біз үшін пайдалысы осы болды,
Туысқа қарсы болып Әмірсана.*

*Қалмақтар танымайды нау, асылын,
Осы ғой ашылғаны арасының.
Әмірсана күні ертең жалғыз қалар,
Күні де қараң болар Дауашының.*

Қытайға мерт болмай ма қарсы аттанып,
Айдаһар жұтып қояр қарсақты анық.
Бізге енді қытай емес, орыс дос боп,
Осылай қиын кезде жан сақталық.

Құлсары тапсырмамды қылып келді,
Ақылмен ойсыратып бүлікті елді.
Жоңғарды қытай жойып жіберсін деп,
Елшілік сапарында үміттенді.

Болды ғой батырымның жолы құтты,
Орыс та бұл сапардан соны ұғыпты.
Соғыста Дауашыны құртып салып,
Қытайлар ақтасыншы сол үмітті.

Абылай Құлсарыға іңкәр болды,
Ақындар сонда жырды шырқап жіберді.
Хан өзі шапан жауып Құлсарыға,
Астына жарау айғыр - тұлпар берді.

Батырлар қошеметті көріп тұрып,
Көңілі бәрінің де толықты нық.
Тартуы Абылайдың - достық нышан,
Құрметі тұрды оның соны ұқтырып.

Құлсары - ұлы сардар, ел қорғаны,
Жауларын осылайша жеңген-дағы.
Жүргенде орыс, қытай арасында
Құрметі Абылайдан кем болмады...



Жылкыбай и Мариям



Айман



Болат



Мариям, внуки Тимур и Алмаз



СОДЕРЖАНИЕ

От автора.....	5
Родословная	14
Кинжал Кулсары.....	36
Мой великий прадед Кулсары.....	47
Абылай хан	55
Казахско-русские отношения.....	62
Казахско-цинские отношения	73
Завоевательные походы в Киргизию.....	77
<u>Кази́ев Са́ттар Шериа́зданович</u>	
Этнографические сюжеты.....	81
Заключение	86

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	89
Абылай заманы және оның батырлары	91
Ұлының ұрпақтарымыз	108
Құлсары батыр.....	121
Әйгілі батыр өмірінің жаңа деректері	124
<u>Социал Жұмабаев</u>	
Тұлғаны танып болдық па?	138
<u>Қайролла Мұқанов</u>	
Абылайдың қос батыры – Құлеке мен Құлсары	142
Абылайдың айбынды серігі	148
<u>Қоблан қажы Хамзаұлы</u>	
Батырдың өшпес бейнесі.....	153
<u>Социал Жұмабаев</u>	
Мұрағатшы Болатбек Нәсенов.....	158
<u>Ғалым Қадірәлин</u>	
Батыр бабалар.....	164
<u>Сәуле Мәлікова</u>	
Айбынды батыр, ақылман ел ағасы.....	171
<u>Болат Қожахметов</u>	
Құлсары әулие мазары	176
<u>Ескендір Нұрымов</u>	
Құлсары әулие қайда туған?	179
<u>Зейнолла Әкімжанов</u>	
Сардар	184
Абылай мен Құлсары.....	188
Құлсары батырдың қытай боғдыханына жауабы.....	192
Абылайдың Құлсарыны дауашыға жұмсауы.....	193
Абылайдың Құлсарыны қабылдауы	196

Мағжан
РАХИМОВ

ҚҰЛСАРЫ БАТЫР

Корректор А. Жакупова
Дизайн и верстка Е. Горковенко

Отпечатано
в ТОО «Издательство
«Северный Казахстан»
150001, г. Петропавловск,
ул. Кошукова, 5.

